

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СУЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛЬ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ
ТІЛДІК БІЛІМ БЕРУ КАФЕДРАСЫ

ӘОЖ: 8, 1751; 81-13

ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫС

Қазақ тілін сандық ресурстар арқылы оқытудың тиімді әдістері

7М017001 – «Қазақ тілі және әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша

Касимова Ару


Қаскелең, 2022

СУЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛЬ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ
ТІЛДІК БІЛІМ БЕРУ КАФЕДРАСЫ

«Қорғауға жіберілді»

«Тілдік білім беру» кафедрасының меңгерушісі

Ph.D, ассистент профессор




Ногайбаева.А

« 19 » 05 2022 ж.

ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫС


7М01701 – «Қазақ тілі және әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша

Орындаған:



А.Д.Касимова

Ғылыми жетекші:



п.ғ.к., СДУ профессоры Ш.Л.Ерхожина

Қаскелең, 2022

Сулейман Демирель атындағы университет
«Педагогика және гуманитарлық ғылымдар» факультеті
«Тілдік білім беру» кафедрасы

Бекітемін
«Тілдік білім беру» кафедрасының меңгерушісі
Ph.D, ассистент профессор
Ногайбаева. А



«07» 06 2022ж.

Диссертациялық жұмысты дайындау тапсырмасы

Магистрант: Касимова Ару Давлятовна

Білім беру бағдарламасы: Қазақ тілі және әдебиеті


Тақырыбы: Қазақ тілін сандық ресурстар арқылы оқытудың тиімді әдістері


Ғылыми кеңестің бұйрығымен бекітілген N. 093-05/946-1 «26» 01 2021 ж.
Диссертациялық жұмысты аяқтау мерзімі «01» 06 2022 ж.

Тапсырмалар және диссертациялық жұмыстың қысқаша сипаттамасы:
Диссертациялық жұмыста білім беру үдерісінде сандық технология арқылы оқытудың теориялық негіздеріне талдау жасалды. Оқу-тәрбие үдерісінде сандық ресурстарды қолданудың психологиялық-педагогикалық негіздері мен ақпараттық коммуникациялық технологияны қолданудың ұстанымдарын негізге алып, 8- сынып қазақ тілі пәнінің оқу мақсаттары бойынша сандық ресурстар арқылы оқыту тапсырмалары әзірленді.

Ұсынылатын әдебиеттер: Э.Битэм, Р.Шарп, Б.С.Гершунский, К.Ж.Мухлис
Ә.А.Досмаханова, К.Т.Мулдабекова, А.К.Оралбекова, А.А.Курышжанова, ,
Б.Ж.Құрманова ақпараттандыру, компьютерлендіру, цифрландыру сынды технологияның даму кезеңдерінде жаңа заманауи технологиялар арқылы оқыту әдістемесіне қатысты еңбектер мен Ф.Оразбаева «Тіл әлемі» еңбегі т.б.

Тапсырмалар бекітілген мерзім «21» 10 2021 ж.

Ғылыми жетекші:  п.ғ.к., СДУ профессоры Ш.Л.Ерхожина

Магистрант:  А.Д.Касимова

АНДАТПА

Диссертация жұмысының тақырыбы: Қазақ тілін сандық ресурстар арқылы оқытудың тиімді әдістері

Жұмыстың құрылымы: Нормативтік сілтемелер, анықтамалық көрсеткіш, белгілеулер мен қысқартулар, кіріспе, 2 тараудан, 3 тараушадан, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттерден тұрады.

Диссертациялық жұмыстың көлемі: 105 бет, 3 кесте, 80 сурет, зерттеу барысында 48 әдебиет қаралды.

Кілт сөздер: ақпараттық технология, сандық технология, цифрлық ресурстар, цифрлық педагогика, сандық құзыреттілік, сандық білім беру, дидактика, тілдік дағдылар, әдіс-тәсілдер, функционалды сауаттылық.

Диссертация жұмысының бірінші бөлімінде: Білім берудегі сандық ресурстар және олардың зерттелуі туралы ғалымдар еңбегіндегі теориялық мәселелерге шолу жасалынды. Оқу-тәрбие үдерісінде сандық ресурстарды қолданудың психологиялық-педагогикалық негіздері жайлы мәселелер қарастырылды. Ақпараттық коммуникациялық технологияны қолданудың ұстанымдары іріктелінді.

Диссертация жұмысының екінші бөлімінде: Қазақ тілін оқытуда қолданылатын тиімді сандық бағдарламалар ерекшеліктері және оларды қолдану жолдары көрсетілді. Сандық бағдарламалар арқылы оқытуда түсіндірме иллюстрациялық әдіс, зерттеу және іздеу әдісі, оқушылардың білімі мен дағдыларын бақылау мен түзету әдісі, рефлексия әдісін негізге алып, цифрлық бағдарламалар арқылы оқыту тапсырмалары жасалынды. 8-сынып қазақ тілі пәнін оқытуда, оқу мақсаттарын негізге ала отырып, сандық ресурстар арқылы оқыту тапсырмалары әзірленді. Қазақ тілін сандық ресурстар арқылы оқытудың эксперименттік нәтижелеріне талдау жұмыстары жүргізілді.

Диссертация жұмысының қорытынды бөлімінде: Жалпы білім беретін мектепте 8 сынып қазақ тілін оқытуда оқушының ақпараттық мәдениетін қалыптастыру үшін жасалған тәжірибенің нәтижесінде оқушылар қоғамдағы ақпараттың рөлі мен мән мағынасын, ақпараттық технологиялардың маңызын түсінді, бағдарламалардың қызметін, және оларды дұрыс қолдана білу амалдарын үйренді және де ақпараттық мәдениетті енгізу мақсатына бағытталған түрлі деңгейдегі тапсырмаларды шешу қабілетіне ие болды. Сараланған әдістер негізінде құрылған тапсырмалар білім алушылардың лексика-грамматикалық білімі мен тілдік төрт дағдыларын (оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым) қалыптастыруда маңызды орын алатындығы көрсетілді.

АННОТАЦИЯ

Тема диссертационной работы: Эффективные методы обучения казахскому языку через цифровые ресурсы

Структура работы состоит нормативных ссылок, справочного указателя, обозначений и сокращений, введения, 2 глав, 3 глав, заключения, использованной литературы.

Объем диссертационной работы: 105 страниц, 3 таблиц, 80 рисунков, в ходе исследования было рассмотрено 48 литературы.

Ключевые слова: информационные технологии, цифровые технологии, цифровые ресурсы, цифровая педагогика, цифровые компетенции, цифровое образование, дидактика, языковые навыки, методы, функциональная грамотность.

В первой части диссертационной работы представлен обзор теоретических проблем в труде ученых о цифровых ресурсах в образовании и их изучении. Рассмотрены вопросы психолого-педагогических основ использования цифровых ресурсов в учебно-воспитательном процессе. Выбраны принципы применения информационно-коммуникационных технологий.

Во второй части диссертационной работы отражены: особенности эффективных цифровых программ обучения казахскому языку и пути их применения. В обучении с помощью цифровых программ на основе объяснительно-иллюстративного метода, метода исследования и поиска, метода контроля и коррекции знаний и навыков учащихся, метода рефлексии были разработаны обучающие задания с помощью цифровых программ. При изучении предмета "казахский язык" в 8 классе, исходя из целей обучения, были разработаны обучающие задания с использованием цифровых ресурсов. Проведен анализ экспериментальных результатов обучения казахскому языку через цифровые ресурсы.

В заключительной части диссертационной работы в результате опыта, созданного для формирования информационной культуры школьника при изучении казахского языка в 8 классе общеобразовательной школы, учащиеся поняли значение и роль информации в обществе, значение информационных технологий, изучили функции программ и способы их правильного применения, а также приобрели способность решать задачи различного уровня, направленные на реализацию информационной культуры. Показано, что задания, построенные на основе дифференцированного подхода, занимают важное место в формировании лексико-грамматических знаний и языковых навыков (чтение, письмо, аудирование, говорение) обучающихся.

ANNOTATION

Topic of the dissertation: effective methods of teaching the Kazakh language through digital resources

The structure of the work consists of: normative references, reference index, designations and abbreviations, introduction, 2 chapters, 3 chapters, conclusion, literature used.

The volume of the dissertation work: 105 pages, 3 tables, 80 figures, during the study 48 literature were considered.

Keywords: information technology, digital technology, digital resources, Digital Pedagogy, digital competence, digital education, didactics, language skills, methodology, functional literacy.

In the first part of the dissertation work: an overview of theoretical problems in the work of scientists on digital resources in education and their study was presented. The issues of psychological and pedagogical bases of the use of digital resources in the educational process were considered. The principles of using information and communication technologies were selected.

In the second part of the dissertation work, the features of effective digital programs used in teaching the Kazakh language and ways to use them were shown. In teaching through digital programs, tasks for teaching through digital programs were developed based on the explanatory and illustrative method, the method of research and search, the method of control and correction of students' knowledge and skills, the method of reflection. When teaching the Kazakh language in the 8th grade, training tasks were developed using digital resources based on educational goals. The analysis of experimental results of teaching the Kazakh language using digital resources was carried out.

In the final part of the dissertation work: as a result of the practice of forming a student's Information Culture in teaching the Kazakh language in the 8th grade at a general education school, students understood the role and meaning of information in society, the importance of Information Technologies, learned the functions of programs and the ability to use them correctly, as well as the ability to solve tasks of various levels aimed at implementing Information Culture. It was shown that tasks based on differentiated methods play an important role in the formation of students' lexical and grammatical knowledge and four language skills (reading, writing, listening, pronunciation).

ANNOTATION

Topic of the dissertation: effective methods of teaching the Kazakh language through digital resources

The structure of the work consists of: normative references, reference index, designations and abbreviations, introduction, 2 chapters, 3 chapters, conclusion, literature used.

The volume of the dissertation work: 105 pages, 3 tables, 80 figures, during the study 48 literature were considered.

Keywords: information technology, digital technology, digital resources, Digital Pedagogy, digital competence, digital education, didactics, language skills, methodology, functional literacy.

In the first part of the dissertation work: an overview of theoretical problems in the work of scientists on digital resources in education and their study was presented. The issues of psychological and pedagogical bases of the use of digital resources in the educational process were considered. The principles of using information and communication technologies were selected.

In the second part of the dissertation work, the features of effective digital programs used in teaching the Kazakh language and ways to use them were shown. In teaching through digital programs, tasks for teaching through digital programs were developed based on the explanatory and illustrative method, the method of research and search, the method of control and correction of students' knowledge and skills, the method of reflection. When teaching the Kazakh language in the 8th grade, training tasks were developed using digital resources based on educational goals. The analysis of experimental results of teaching the Kazakh language using digital resources was carried out.

In the final part of the dissertation work: as a result of the practice of forming a student's Information Culture in teaching the Kazakh language in the 8th grade at a general education school, students understood the role and meaning of information in society, the importance of Information Technologies, learned the functions of programs and the ability to use them correctly, as well as the ability to solve tasks of various levels aimed at implementing Information Culture. It was shown that tasks based on differentiated methods play an important role in the formation of students' lexical and grammatical knowledge and four language skills (reading, writing, listening, pronunciation).

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	8
1 БІЛІМ БЕРУДЕ АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	
1.1 Білім берудегі сандық ресурстар және олардың зерттелу жайы	11
1.2 Оқу-тәрбие үдерісінде сандық ресурстарды қолданудың психологиялық-педагогикалық негіздері	24
1.3 Ақпараттық коммуникациялық технологияны қолданудың ұстанымдары ..	33
2 ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІН ОҚЫТУДА САНДЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	
2.1 8-сынып Қазақ тілін оқытуда қолданылатын тиімді сандық бағдарламалар және оларды қолдану жолдары	40
2.2 8- сынып Қазақ тілі пәнінің оқу мақсаттарын сандық ресурстар арқылы оқыту тапсырмалары	60
2.3 8 -сынып Қазақ тілін сандық ресурстар арқылы оқытудың эксперименттік нәтижелері.....	90
ҚОРЫТЫНДЫ.....	101
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	103

Кіріспе

Зерттеу жұмысының сипаттамасы. Зерттеу жұмысында оқу-тәрбие үдерісінде сандық ресурстарды қолданудың психологиялық-педагогикалық негіздері жайлы мәселелері мен ақпараттық коммуникациялық технологияны қолданудың ұстанымдары қарастырылған. Қазақ тілін оқытуда қолданылатын тиімді сандық бағдарламалар ерекшеліктері және оларды қолдану жолдары көрсетілді. Сандық бағдарламалар арқылы оқытуда түсіндірме иллюстрациялық әдіс, зерттеу және іздеу әдісі, оқушылардың білімі мен дағдыларын бақылау мен түзету әдісі, рефлексия әдісін негізге алып, цифрлық бағдарламалар арқылы оқыту тапсырмалары жасалынды. 8-сынып қазақ тілі пәнін оқытуда, оқу мақсаттарын негізге ала отырып, сандық ресурстар арқылы оқыту тапсырмалары әзірленді. Қазақ тілін сандық ресурстар арқылы оқытудың эксперименттік нәтижелеріне талдау жұмыстары жүргізілді.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Қазіргі таңда еліміздегі білім жүйесін дамытуда – ақпараттық технологияларды қолдану өте маңызды. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми – технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда. Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында «Цифрландыру – бәнге айналған үрдіске ілесу емес, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі құралы» [1, б.1], – деп көрсетті. Озық тәжірибелі, өркениетті елдер қатарынан табылу мақсаты – еліміздің білім, ғылымын дамыту. Себебі бәсекеге қабілеттілік бар жерде даму, ілгерілеу болатыны анық. Бұл турасында Елбасы Н. Назарбаев «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлық Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы» [2, б.1], – деп баса атап өткен болатын.

Елімізде білім беру жүйесінде біраз жаңашылдықтар енгізілуде. Атап айтқанда 2017 жылдың 12 желтоқсанында Үкімет тарапынан ұлттық компаниялардың, мемлекеттік корпорациялардың сарапшыларын, халықаралық консультанттарды тарта отырып әзірленген «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы қабылданды. «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бес бағытты қамтиды. Білім саласындағы цифрландыру мәселесі «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының төртінші бағытына «Адам капиталын дамыту» үрдісімен сабақтасады. 3-4 сыныптарда оқуда және күнделікті өмірде ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану үшін заманауи ақпараттық технологиялармен жұмыс істеудің жалпы базалық білімдерін қалыптастыратын «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәні енгізілді және 3 (үш)

мамандық базасында студенттерде таңдаған мамандық шеңберінде іс жүзінде АКТ пайдаланудың базалық білімдерін қалыптастырады [3, б.76]. Соның қатарында ақпараттық кеңістік құру, ақпараттық технологияны пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін модернизациялаудың тиімді тәсілдерін пайдалану және одан әрі жетілдіру жұмыстары жүргізілуде.

Аталған мәселелерді есепке ала отырып, *зерттеудің өзекті мәселесі* айқындалды: орта білім беретін мектептердің орта буын сыныптарында қазақ тілін сандық ресурстарды қолданып оқыту арқылы оқушылардың оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым дағдыларын меңгерту үрдісін ұйымдастырудың тиімді жолдары мен әдіс-тәсілдерін іздестіру. Сонымен қатар ақпараттық технология тек оқушылар үшін ғана емес, білім беруші үшін де тиімді. Білім беруші ақпараттық технологияларды пайдалану барысында оқушыларға тиімді, олардың қызығушылығын арттыратын түрлі программаларды қолдана алады. Өзіне қажетті әдістемелік, дидактикалық көмекші құралдарды молынан ала алады.

Зерттеудің мақсаты. Қазақ тілі пәнін сандық ресурстар арқылы оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері жүйесін жасау. Аталған мақсатқа және ғылыми болжамға сәйкес мынадай диссертациялық жұмыстың міндеттерін шешу көзделеді:

- білім берудегі сандық ресурстар мен олардың зерттелу жайына шолу жасау;
- сандық ресурстарды қолданудың психологиялық-педагогикалық негіздерін айқындау;
- ақпараттық- коммуникациялық технологияны қолданудың ұстанымдарын айқындау;
- 8-сынып қазақ тілі бойынша сандық бағдарламаларды іріктеу және тиімділігін анықтау;
- 8- сынып оқу мақсаттарына арналған сандық ресурстарға негізделген оқу тапсырмаларын құрастыру;
- Қазақ тілін сандық ресурстар арқылы оқыту үшін эксперимент жасау және нәтижелерін көрсету.

Зерттеу нысаны. Орта білім беру ұйымындағы сандық оқыту үдерісі

Жұмыстың теориялық және практикалық маңызы. Білім берудегі жаңа технологиялар түсінігін ажырату, цифрлық технологиялар арқылы оқыту үдерісінің зерттелуі, цифрлық құзыреттіліктің бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастырудағы рөлі, білім алушылардың цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесіне қатысты психологиялық-педагогикалық тұжырымдамалар: Э.Битэм, Р.Шарп, Б.С.Гершунский, К.Ж.Мухлис Ә.А.Досмаханова, К.Т.Мулдабекова, А.К.Оралбекова, А.А.Курышжанова, Б.Ж.Құрманова ақпараттандыру, компьютерлендіру, цифрландыру сынды технологияның даму кезеңдерінде жаңа заманауи технологиялар арқылы оқыту әдістемесіне қатысты еңбектер мен Ф.Оразбаева «Тіл әлемі» еңбегі.

Зерттеу әдіс-тәсілдері.

- теориялық әдістер (педагогика мен психология бойынша қазіргі заманғы ғылыми әдебиеттерге, оқыту үрдісінде сандық интерактивтік платформа білім беру қорларын, компьютерлік технологияларды қолдануға байланысты жазылған арнайы әдебиеттерге шолу, талдау, салыстыру, жинақтау);
- эмпирикалық әдістер (бақылау, сауалнама, диагностикалық бақылау жұмыстары, тестілеу, педагогикалық эксперимент, модельдеу);
- математикалық және статистикалық әдіс (эксперимент нәтижелерін талдау, сараптау, т.б);

Зерттеудің ғылыми жаңалығы.

- білім берудегі сандық ресурстар мен олардың зерттелу жайына шолу жасалды;
- 8-сыныпта қазақ тілін оқытуда сандық ресурстарды қолданудың психологиялық-педагогикалық негіздері айқындалды;
- ақпараттық коммуникациялық технологияны қолданудың ұстанымдары негізделді;
- сандық бағдарламалар іріктеліп, қазақ тілін 8-сыныпта оқыту бойынша тиімділігі анықталды;
- 8- сынып оқу мақсаттарына арналған сандық ресурстарға негізделген оқу тапсырмалары құрастырылды;
- сандық ресурстар арқылы эксперимент жасалып, нәтижелері көрсетілді.

Зерттеу жұмысы бойынша жарияланым. Зерттеу тақырыбының аясында 3 мақала жарық көрді.

1. Тіл үйренуде CORE онлайн платформасын пайдаланудың маңызы. Инновационные подходы в современной науке. сб. ст. по материалам CVIII междунар. науч.-практ. конф. – № 24 (108). – М., Изд. «Интернаука», 2021. – 284 с

2. Қазақ тілін оқытуда «MIRO» тақтасының тиімділігі. «Интернаука»: научный журнал – № 46(222). Часть 4. Москва, Изд. «Интернаука», 2021. – 96 с.

3. Қазақ тілін оқытуда сандық ресурстарды тиімді қолдану. Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал. №03 (54) наурыз 2022ж

Жұмыстың құрылымы. Кіріспе, 2 тараудан, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттерден тұрады.

1 Білім беруде ақпараттық технологияларды қолданудың теориялық негіздері

1.1 Білім берудегі сандық ресурстар және олардың зерттелу жайы

XXI ғасыр – ақпараттық коммуникациялық технологиялардың дамыған ғасыры. Қазіргі кезде білім беру жүйесін дамытуда ақпараттық технологиялардың маңызы зор, сонымен бірге қазіргі заман талабы да осы. Қазіргі кездегі заман талабына қарай қоғамдағы адамдардың өзара мәлімет алмасуы, бір бірімен қарым – қатынасы ақпараттық технологиялардың қолданысқа еніп, қарқынды түрде дамып келе жатқан шағында ақпараттық қоғамдық қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Келешек тұлғаларымыздың, жастарымыздың бойында ақпараттық білімді, мәдениетті қалыптастыру еліміздегі ең басты міндеттердің бірі болып табылады. Жаңа ақпараттық технологиялардың адам, қоғам өміріндегі орны туралы Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында білім ордаларын жаңа технологиялармен қамтамасыз етуді одан әрі жетілдіретіндігін атап өткен болатын. Сондай-ақ 1997 жылы 22-қыркүйекте №3645 жарлығымен Орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасы бекітілді [4]

Біздің қазіргі замандағы ағым болашақ өскелең жастардың ой-өрісінің ең жоғарғы сатыда шындалуын, белгілі бір мамандықтың иесі атана алатындай жеке тұлғаның өсуін қажет етеді. Осы орайда ұлы педагог К.Д.Ушинскийдің «Бала балқытылған алтын», деген сөз еске түседі.

Дәл қазіргі таңда ғаламда төртінші технологиялық өзгерістер орын алуда: көптеген мәліметтердің даму деңгейі, ақпараттық технологиялар, әзірлемелер қоғамдағы көптеген мамандықтар мен салалар түрленіп жатыр. Әлемнің талап етіп жатқаны да, қоғамдағы тұлғалардың да өмірге, жаңа технологияларға деген көзқарастары да өзгеріп жатыр. Соңғы уақытта электрондық және қашықтан оқыту тәсілдерін қолдану арқылы білім беру технологиялары ерекше дамып келуде. Технология деп оқушыларды қамтитын тәсілдер мен ортаны айтамыз. Технологияның оқыту үдерісіне тигізетін оң әсерін анықтайтын зерттеулер мен технологияны білім беруде қолдануға кері әсерін тигізетін салдарын жоюға деген ғылыми зерттеулер күн санап артып келуде. Технологияның білім беру үдерісін қалай жеңілдететіні бұрын тіпті түске де кірмеген еді. Қазіргі таңдағы білім алушылар дәстүрлі сабақ кезінде іске асыру мүмкін болмайтын оқиғалар мен орталарға симуляция жасап, ұзақ арақашықтықтан білім ала алады және коммуникацияға түседі.

Еуропа зерттеуші ғалымдары компьютерге сүйене отырып, білім беру теориялық сипатта болмағанымен, «компьютер арқылы оқытуды арттыру-күрделі танымдық үдерістің дамуына көмектесе ме?» деген сұрақтың жауабын іздестіруде. Осы орайда Джонассен оқытудағы технологияның рөлі туралы біршама зерттеулерді ұсынды. Ғалымның айтуы бойынша Ойлау мен білімнің қалыптасуын іске қосып, арттыру кезінде технологияның артықшылығы айқын

білінеді. Бұл тұжырым бойынша технология мынадай қызметтерді атқара алады дегенді ғалым ұсынады:

- білім алуға қажетті құрал
- оқытуды жолға қоя отырып, білімді зерттеуге арналған ақпараттық тәсіл
- әрекет ете отырып, оқытуды іске асыруға қажетті контекст
- әңгімелесе отырып, оқытуды жолға қоюға қажетті әлеуметтік орта
- сипаттай отырып, оқытуды іске асыратын интеллектуалдық серіктес [5, б.316].

Ал, әйгілі кеңес психологі Л.С.Выготскийдің жоғары психикалық функцияларын дамыту теориясына сәйкес, «адамда психикалық процестерде де оның тәжірибелік қызметінің үдерісінің өзгергеніндей, өзгеріп отыратынына» сүйене, ақпараттық- коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы оқу іс-әрекеті оқушылардың зияткерлік қабілеттерін дамытып, сонымен бірге танымдық іс-әрекеттің құрылымын қайта құрады десе, Б.С.Гершунскийдің пікірінше, оқу ортасы экспериментке бейімділік, икемділік, байланыс, құрылым сияқты ойлау сипаттамаларын қалыптастырады. Бұл сипаттамалар өз кезегінде, шығармашылық белсенділікпен және проблемаларды шешумен байланысты танымдық үдерістерге сәйкес келеді. Осының негізінде ғалымдар сандық білім беру ресурстарын қолдану арқылы денсаулық сақтау және жеке тұлғаға бағытталған технологияларды интеграциялау мүмкіндігі бар екендігін дәлелдейді.

Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды мәселелердің бірі - оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану. Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру енгізілді. Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Білім беру саласында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін модернизациялаудың тиімді тәсілдері пайдаланылуда және одан әрі жетілдірілуде.

Сонымен қатар ақпараттық қоғамда болып жатқан үлкен өзгерістер, ғылыми-техникалық прогрестің күшті қарқынмен дамуы, ұлттық білім беру жүйесіндегі тоқырау тілдерді оқыту мәселелерін де қайта қарауды талап етті. Осыған байланысты тілдерді оқытуды ақпараттандыру мәселесі ғылыми зертеулерде молынан қарастырыла бастады.

Қазақстанның білім беру жүйесін ақпараттандыруды жүзеге асырудың маңызды ұстанымдары жүйелілік, жоспарлылық және осы бағыттағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының тұжырымдамалық негізделуі мен кезең-кезеңмен жүргізілуі болып табылады. Осы принциптерге сүйене отырып, еліміздің көрнекті ғалымдары Е.К.Балафанов, Ж.С.Сарыпбеков, Е.Ы.Бидайбеков, Г.Қ.Нұрғалиева, М.З.Изотов, Е.У.Медеуов, Ж.А.Қараев, С.С.Құнанбаева, Д.М.Джусубалиева, А.М.Татенов, Б.А.Қойшыбаев, К.Ж.Мухлис, А.А.Курышжанова, А.А.Досмаханова, К.Т.Мулдабекова, А.К.Оралбекова, Г.Е.

Самашова, Б.Ж Құрманова, Г.Н. Нурманова және тағы басқалар оқу үрдісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, компьютерді қолданудың көкейтесті мәселелеріне қатысты іргелі зерттеулер жүргізді [6; 7; 8; 9; 10; 11;12; 13; 14; 15; 16]. Бұл зерттеулердің барлығы сараланып, басшылыққа алынды.

Педагогикада цифрлық білім беру ресурстарын қолданудың педагогикалық-психологиялық және әдіснамалық ережелерін Л.С.Выготский, П.Я.Халперин, С.Л.Рубинштейн, Ю.К.Бабанский, Н,Ф.Талызина және тағы басқалар әзірлеген. Білім беру үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану бойынша шетелдік зерттеулер білім алушының сөйлеуін, интеллектісін және жалпы тұлғасын дамытуда ЦБР пайдалану мүмкіндігі мен орындылығын И.Г.Захарова, В.Г.Беспалько, С.Пейперт, Г.К.Селевко және т.б нақты дәлелдесе, оқыту үдерісінде компьютерді қолданудың психологиялық аспектілерін Е.И.Виштынецкий, А.О. Кирвошеев, Е.С.Полат және т.б қарастырады және ғылыми- жаратылыстануды оқыту жүйесіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі мен орнын Б.С.Гершунский, И.Г.Захарова сияқты ғалымдар жете зерттеген.[11, б.11]

Қазіргі кезде қазақ тілі пәнін оқытатын мұғалімдерінің кәсіби құзырлылығы құрылымынан оқытудың сандық технологиялары ерекше орын алууда. Алайда осы күнге дейінгі қазақстандық және шетелдік тәжірибелер көрсеткендей, цифрлық технологиялар тар шеңберде тіл білімінің салалары (грамматиканы оқыту, орфографияны, лексиканы, синтаксисті оқыту және т.б.) немесе дәстүрлі технологияларды оқытудың жаңа құралдарының көмегімен жүзеге асыру ретінде ғана қаралып келеді. Әйтседе, соңғы кездері жаңа ақпараттық технологиялардың, қазіргі уақыттағы сандық бағдарламалық құралдардың білім алушылардың жеке қызығушылықтары мен қажеттіліктерін, тіл үйренудің әртүрлі стратегияларын ескеру, оқу материалын ұсынудың жолдарын деңгейлеу, жаттықтыру тапсырмаларының білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сай түрлерін қарастыру, тілдік ортаны модельдеу мүмкіндіктерін зерттеуге арналған біршама ғылыми зерттеулер жүргізілді.

Білім беру ұйымдарының даму болашағы қоғамның даму үрдісімен үнемі өсіп отыратын ақпарат көлемінің әртүрлі тегімен анықталады. Оқушыларға білім беруде жаңа оқыту технологияларын қолдану, инновациялық бағытта жұмыс жасау заман талабына сай талап етілуде. Оқу процесінде оқытудың ақпараттық технологияларын тиімді пайдалану және қолдану айтарлықтай оң тәжірибе беріп отыр. Атап айтсақ, оқушылардың өз бетімен ізденісі, пәнге деген қызығушылығын арттырып, шығармашылығын дамытуға, оқу қызметінің мәдениетін қалыптастыруға, дербес жұмыстарын ұйымдастыруға ерекше қолайлы жағдай туғызып отыр.

«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға,

модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді» [17, б.36].

Жалпы технология сөзі грек тілінен аударғанда «*techné*» – өнер, шығармашылық, «*logos*» – ілім деген мағынаны білдіреді. Ал педагогикалық технология оқыту, тәрбиелеу, оқушыны тұлға ретінде дамытуға бағытталған тиімді әдістер жиынтығы. Жоғарыда аталған ақпараттық-коммуникациялық технологиялар педагогикалық технологиялардың қатарына жатады, «түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу үшін арнайы бағдарламалық және техникалық құралдарды пайдаланатын педагогикалық технологиялар» [18, б.316].

Лингводидактика саласы шетелдік ғылымда өткен ғасырдың аяғында пайда болуымен қатар, тілдерді оқытудағы теория мен тәжірибесін зерттеуге бағытталған *цифрлық лингводидактиканың* қолданысы артты.

Сандық лингводидактика проблемаларын ғалым-зерттеушілердің пікірлері мен зерттеу еңбектерін талдай келе, осы мәселе барысындағы зерттеулердің үш түрлі бағытта қалыптаса бастағандығын аңғардық. Бірінші бағыт бойынша сандық технологияда тілдерді оқытуда қолданудың теориялық аспектілерінің талдамасы негізінде компьютерлік лингводидактиканың әдіснамалық мәселелері; тілдерді оқытуды компьютерлендірудің психологиялық-педагогикалық мәселелері; оқытуға арналған компьютерлік жүйелердің дизайны мәселесі; компьютерлік оқу материалдарының типологиясы мәселесі; оқытудың сандық құралдарының сапасын бағалау мәселелері; оқыту тенденциясында сандық ресурстарды қолдана отырып, білім алушылардың еркін қарым-қатынас дағдыларын дамыту мүмкіндіктері қарастырылған. Екінші бағыт бойынша оқыту үдерісіндегі оқу мақсаттарына, оқытудың түрлері мен профильдеріне арналған сандық ресурстар арқылы тапсырмаларды дайындау мен оны оқу үрдісінде қолдануға байланысты тәжірибелік жұмыстар. Үшінші бағыт бойынша цифрлық оқытуды жалпы тілдерді оқыту үрдісіне кіріктірудің жолдары мен оқыту үрдісінде цифрлық технологияларды қолданудың тиімді әдістерінің талдамаларын жасау.

Сандық технология білім саласында көптеген тәжірибе жинақталғанына карамастан, көптеген мұғалімдер компьютерлік оқыту құралдарын пайдалану мүмкіндігіне жіті назар аударады. Сондай – ақ, білім беруді цифрландыру үдерісі бірқатар қиындықтармен бетпе-бет келетінін атап өту керек.

Ақпараттық технологияларды оқыту процесіне енгізу өте тиімді және терең ойлануды қажет етеді. Сандық технологияның оқу үрдісіндегі тиімділігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Бұл білім алушылардың компьютерді пайдалану барысындағы оқу материалды меңгеруіне, ақпаратты қабылдауына ықпал етеді.

Бізді қоршаған әлемді ақпараттандырудың тарихи процесі өз кезеңінде дамыған жаңа технологиялардың пайда болуына қатысты ақпараттық революцияның кезеңінің көмегімен нақты көрсетеміз.

Қоғамды ақпараттандыру процесі ақпараттар көлемінің көбеюіне әкелетін ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау және таратудың тәсілдерінің өзгеруінен тұрады. Ол революциялар кезеңінен тұрады.

Бірінші ақпараттық революция тіл мен адамның анық сөйлеуінің пайда болуынан тұрады.

Екінші ақпараттық революция жазудың ойлап табылуына байланысты. Бұл ойлап табу адамзат қоғамы жинақтаған ақпаратты сақтауды ғана қамтамасыз етіп қоймай, сонымен қатар оның шынайылығын арттырып, ақпарат таратуға бұрынғыдан да кең жағдай жасады.

Үшінші ақпараттық революция XV ғасырда ақпараттық технологиялардың алғашқыларының бірі болып саналатын кітап басып шығаруды ойлап табудан туындаған. Бұқаралық ақпараттың газеттер мен журналдар сияқты баспа құралдарының пайда болуы мен дамуы – осы үшінші ақпараттық революцияның нәтижесі.

Төртінші ақпараттық революция XIX ғасырда басталды. Ол кезде ақпаратты жіберу мен таратудың телеграф, телефон, радио және теледидар сияқты құралдары ойлап табылды.


Бесінші ақпараттық революция адамзат есептеу техникасын белсенді пайдалана бастаған кезде, XX ғасырдың ортасында өтті. ЭЕМ-ді ғылыми ақпаратты өңдеуге қолдану адамның ақпаратты белсенді және тиімді өңдеуі бойынша мүмкіндігін түбегейлі түрде өзгертіп, өркениет дамуының бүкіл тарихында адам алғашқы рет интеллектуалды еңбектің өнімділігін арттыруға жоғары тиімді құралға ие болды. [19, б.42]

Бүгінде біз ауқымды телекоммуникациялық компьютерлік желілердің пайда болуы және олардың мультимедиа технологиялары мен виртуалды шындықпен интегралдануына байланысты алтыншы ақпараттық революцияның куәсі болып отырмыз.

Алты революция қоғамды өзгертті. Ақпараттандыру үдерістерінің бар екендігі туралы айтуға болатындай ақпарат пен ақпараттық технологиялар көз алдымызда дамуда әрі тарауда. Ақпараттандыру қоғам өмірінің барлық салаларына революциялық әсер жасай отырып, адамдардың өмір сүруі мен қызмет етуі жағдайларын, олардың мәдениетін, жүріс-тұрыс стереотипін, ойлау жүйесін түбегейлі өзгертуде. Ал оқу процесінде сандық технология – мұғалімнің сабақ беру үдерісінде қолданылатын әдіс-тәсілдері мен сабақты ұйымдастыру түрелерін өзгертуге, білім алушылардың шығармашылық қабілетін жан-жақты дамытуға, оқу жүйесін құрастыруды өзгертіп отыруға мүмкіндік береді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар ұғымымен қатар «ақпараттық технологиялар», «компьютерлік технологиялар», «цифрлық технологиялар» және «инновациялық технологиялар» тіркестері қолданылады. Яғни, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар педагогикалық технологияның бір түрі ретінде басқа ұғымдармен мағыналас қолданылып жүр. Бұлай қолданылуы да заңды. Себебі техникалық даму кезеңдерінен пайда

болған ұғымдардың ортақ мағынасы компьютер көмегімен оқыту болғанымен, атауы, мазмұны және қызметі қоғам дамуына байланысты әртүрлі [16, б.14] (1-сурет):



1.1 Сурет-1 Технологиялардың кезеңдік дамуы

Қазак тілін оқытудың тәрбиелік мақсаты оқушылардың гуманитарлық мәдениетін қалыптастыруға, ізгілендіруге, адамгершілікке баулуға тікелей байланысты болғандықтан, гуманитарлық пәндерді оқытуды цифрландырудың осы кезге дейінгі ғылыми еңбектерде қаралған мәселелерін талдай отырып, цифрландыру үрдісінің гуманитарлық пәндерді оқытудың дәстүрлі әдістемесіне қалай әсер ететіндігін қарастырдық. Солардың ішінде ғалымдардың біразы гуманитарлық пәндерді оқытуды цифрландыру білім беруді дегуманизациялауға алып келеді деп есептейді де, компьютерлер мен ЦББР қолдану жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді ғана оқытумен шектеуді ұсынады. Тіпті, кезінде гуманитарлық пәндер адамзатты ЭЕМ-нен қорғайтын құрал қызметін атқаруы тиіс деген пікірлерді де алға тартқан. Бұл пікірлерге қарсы пікір білдіретін зерттеушілер де бар гуманитарлық білім беруде компьютерді шамамен, орынды қолдану оң нәтиже береді, кейде дәстүрлі оқыту әдістемесіне қарағанда, тиімдірек деп есептейді.

Т.М.Балыхина мен А.Д.Гарцов жаңа ақпараттық технологиялар педагогтарға ақпараттардың, коммуникациялардың, олардың технологиялық базаларының барлық пәндерді оқытудағы жаңаша ролін сезінуге көмектесетіндігін айтады. Компьютерді, интернетті және желілік технологияларды білім, білік, дағдыларды беру мен меңгерту үрдісінің тиімділігін арттыратын құрал ретінде бағалай отырып, олар компьютерді тілдерді оқытуда қолдану жемісті нәтиже беретінін көрсете отырып, «Ақпараттық технологиялар педагогтан білім беру мен педагогиканың жаңа философиясын меңгеруді талап етеді десек, артық айтқандық емес. Бұл тілдерді меңгерту мен оқытуға айрықша қатысты. Тілдің өзінің табиғаты, оны

менгерудің коммуникативтік сипаты оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануды жемісті етеді», - деп тұжырымдайды [20, б.32].

Бүгінгі таңда халықтың өміріндегі ақпараттық технологиялардың рөлі айтарлықтай өсті. Қазіргі қоғам қоғамдастықты ақпараттандыру деп аталатын жалпы тарихи процеске қатысады. Бұл үдеріс кез келген адамның ақпарат көздеріне қолжетімділігін, ақпараттық технологияларды ғылыми, өндірістік, қоғамдық салаларға енуін, ақпараттық қызметтердің жоғары деңгейін қамтиды. Қоғамды ақпараттандыруға байланысты болып жатқан үдерістер ғылыми – техникалық прогресті жеделдетуге, адам қызметінің барлық түрлерінің интеллектуализациясына ғана емес, сонымен қатар адам шығармашылық әлеуетін дамытуды қамтамасыз ететін қоғамның сапалы жаңа ақпараттық ортасын құруға ықпал етеді.

Дәл қазіргі сәттегі білім беру жүйесіндегі алға қойған мақсаттарының бірі жан жақты, мектепте берілетін білім көздерін, келешекке жаңа және жақсы оймен, көзқараспен қарай алатын, жаңа өмірге қадам баса алатын, өзінің жеке ой-пікірі, көзқарасы бар, жеке дара тұлғаны қалыптастыру. Осы себепке байланысты оқушылар өзінің мектепте орындайтын шығармашылық іс-әрекетін, қажетті білімді өз бетімен тақырыпты зерттеп, сол тақырыпқа қатысты жаңа мәліметті алуы, өз бетімен ізденуі арқылы табудың амалын, білім беру жүйесіндегі принциптерді басшылыққа алу біліктіліктерін арттыру мәселесі қолға алынып отырғандықтан, білім беру кезіндегі оқытушы мен оқушы арасындағы қарым-қатынас дәрежесі өзгеше жаңа және жоғары деңгейге көтерілуі қажет. Осыған байланысты оқыту барысында қолданылатын әдіс-тәсілдер мен оқу іс-әрекеттері өзгеріп, оқытушы жұмысының құрылымы мен мазмұны, сабақты ұйымдастыру кезіндегі педагогикалық-психологиялық мақсаты көптеген түрленуге ұшырады.

Қазіргі заманғы қоғамды ақпараттандыру үдерісінің басымдықтарының бірі білім беруді ақпараттандыру болып табылады, ол тұтынушылардың мүдделері үшін ақпаратты жинауға, өңдеуге, сақтауға, таратуға және пайдалануға ықпал ететін әдістер, процестер мен бағдарламалық-ақпараттық құралдардың жүйесі болып табылады [21, б.12].

Ақпараттық технологияларды пайдаланудың артықшылықтары төмендегідей:

1. ақпараттық технология оқыту барысында белгілі бір тақырып аумағында немесе қандай да бір уақыт аралығында айтылуға қажет ақпараттар көлемін ұлғайтады;
2. ақпараттық технология арқылы қашықтағы оқу орындарында оқуға болады;
3. оғарғы сынып оқушыларының емтихан мен ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындауға арналған жаттықтыру бағдарламаларын қолдануға;
4. білім беру процесінің көп деңгейлі жетілдірілуі оқу деңгейін, сапасын жақсартады;
5. оқушы өздігінен немесе жұптасып, топтасып бірге жұмыс жасауға үйренеді;
6. оқушылардың танымдық әрекеттері жоғарылап, өз бетімен жасайтын жұмыстарды тез орындай алу мүмкіндіктері дамиды.

Ғалымдардың зерттеп айтқан пікірлеріне сүйене отырып, компьютерлік бағдарламалардың қолданылуының үш басты түрін көрсетуге болады:

1. компьютерді қолдану арқылы жүргізілетін сабақтар;
2. білім алушылардың әр түрлі бағдарламалармен өзіндік жеке жұмысы;
3. қашықтықтан оқыту түрі (оқытушы мен оқушының компьютер арқылы жүргізетін жұмысы).

Оқытушының ақпараттық технологияны қолдану арқылы жүргізетін сабақтарында, басқа сабақтардағы сияқты, мұғалім төмендегі мәселелерді шеше алады:

- дидактикалық (сабақта қолданылатын қажетті оқу материалдарын әзірлеу, бағдарламаларды талдау);
- әдістемелік (сабақта тапсырманы бергенде ақпараттық технологияны пайдалану әдіс-тәсілдерін айқындау, сабақтың қорытындысын қарастырып талдау, оқу үдерісіне мақсат қою);
- ұйымдастырушылық (оқушының өз уақытын тиімді қолданып, өткізуді ұйымдастыру);
- оқыту (қарастырып отырған мәселе бойынша оқушылардың білім дәрежесін, ұсынып отырған бағдарламаға сәйкес біліктіліктері мен дағдыларын нығайту және бекіту);

Қарастырып отырған мәселелерден бағдарламаларды қолдану арқылы жүргізілетін сабақтарды дайындау әдістемесі келесі кезеңдерден тұрады:

- мұғалімнің мақсаттарды қоюы әр сынып бойынша тақырыптарды талдау, тұтас сыныппен және жеке оқушылармен жұмыс формалары мен әдістерін айқындау);
- компьютерлік бағдарламаның әзірлемесін дайындау не дайын білімдік цифрлық ресурсты қолдану арқылы мұғалімнің өздік жұмысы;
- дайындалған бағдарламаны сабақтың әр түрлі кезеңдерінде пайдалану;
- тестілеу қабыршағы көмегімен тестік бақылау жүргізу (тақырыптық, аралық, сабақ қорытындысы бойынша);
- оқушылардың сабақтан тыс уақыттағы өздік жұмыстары үшін бағдарлама енгізу;
- осы сыныптағы келесі сабақтың мазмұнына түзету енгізу мақсатында сабақты талдау, мысалы, не игерілмегенін, оған артынан қайта оралу қажеттігін анықтау.

Ақпараттандырудың мақсаты – жаңа ақпараттық технологияларды қолдану арқылы интеллектуалдық қызметтің жаһандық қарқыны: компьютерлік және телекоммуникациялық.

Ақпараттық технологиялар қамтамасыз ететін мүмкіндіктер:

1. білім беру үдерісінің барысында оқушылардың танымдық белсенділігін ұтымды ұйымдастыру;
2. оқудың барлық түрлерін мультимедиялық контекстте тарту және жаңа тұжырымдамалық құралдармен интеллектіні құрастыру арқылы оқытуды тиімдірек ету;

3. әрбір жеке тұлғаның өз оқу аясын қамтамасыз ететін ашық білім беру жүйесін құру;
4. өздерінің қабілеттері мен оқу стилі бойынша ерекшеленетін балаларды белсенді оқыту жүйесіне қатыстыру;
5. оқу үдерісінің барлық деңгейлерін күшейту

Ақпараттық технологиялардың негізгі білім беру құндылығы – мұғалімге және оқушыға қолжетімді шексіз әлеуетті бар керемет көпқырлы интерактивті оқу ортасын жасауға мүмкіндік береді. Кәдімгі техникалық білім беру құралдарынан айырмашылығы, ақпараттық технологиялар оқушыларға көп көлемде білім беріп қана қоймай, оқушылардың интеллектуалдық, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, олардың жаңа білімдерін дербес меңгеруіне және түрлі ақпарат көздерімен жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Ғылыми – технологиялық прогресс ұлттық экономиканы техникалық қайта жарақтандыруға және әр түрлі салаларда қолданылатын машиналар мен технологиялардың жылдам айналымына әкелді. Оқу үдерісін дамытудың қазіргі кезеңінде басты басымдықтар қатарында білім беру сапасын айтарлықтай жақсарту, ынталандыру, жинақталған деструктивті құбылыстарды еңсеру міндеттері болып табылады. Дәстүрлі құралдарды ғылым мен техниканың соңғы жетістіктерімен біріктіру арқылы бұл мүмкіндіктерді жүзеге асыруға болады деп ойлаймыз. Оқу үдерісінің тиімділігін қамтамасыз етуде жаңа білім беру технологияларын, оның ішінде ақпараттық технологияларды қолдана отырып, оны жандандыруда маңызды рөл атқарады. Жаңа білім беру технологияларын іздеу қажеттілігі мынадай қайшылықтардан туындайды:

- оқушылардың оқуына ынталандыру мен ынталандыру арасында;
- педагогикалық қызметтің пассивті және белсенді – трансформациялық түрлері;
- психологиялық жайлылық және қолайсыздық;
- тәрбие беру мен оқыту;
- жеке тұлғаның оқу және жеке даму стандарттары;
- субъект пен субъект және субъект пен объект арасындағы қарым қатынас.

Оқу материалдарымен жұмыс жасағанда, ДК мұғалімге әр түрлі көмек көрсетеді, соның ішінде ақпараттық жүйелерді қолдану арқылы жаңа оқу материалдарын жасау кезінде қажетті ақпаратты іздестіруді жеңілдетуді ғана емес, сондай – ақ оқытуға арналған материалдарды (мәтіндер, сызбалар, графиктер) әзірлеуге, қолданыстағы әзірлемелерді талдауға да септігін тигізеді.

Компьютер оқушыға қатысты көптеген рөлдерді орындай алады:

1. оқытушы
2. сарапшы
3. қызмет бойынша серіктес
4. әрекет құралы [22, б.20]

Қазіргі қоғам білім беру мекемесі үшін келесі мақсатты белгілейді: «ақпараттандырумен тығыз байланысты заманауи қоғамның дамуындағы

сапалы жаңа кезеңге белсенді қатыса алатын жас ұрпақты тәрбиелеу және дайындау»

Жоғарыда аталған тапсырманы шешу жылдамдығы төмендегі факторларға байланысты болады: электронды компьютерлердің қаншалықты жақсы жабдықталғаны және оқушылар ақпаратты қабылдауының үнемі арта түсуіне. Жоғарыда айтылғандай, ақпараттық ресурстарды кеңінен қолдану интеллектуалдық қызметтің нәтижесі болып табылатын жас ұрпақтың шығармашылық белсенді оқыту қорын анықтайды. Осы себепті, білім беру идеясын жүзеге асыру, оқушының тұлғасын дамыту үшін СНИТ-ты пайдаланудың белгілі әдіснамалық тәсілдерін әзірлеу қажет. Атап айтқанда, жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамытуға, оқушылардың өз қызметінің нәтижелерін болжауға қабілеттілігін қалыптастыру, білім беру және практикалық мәселелерді шешу жолдары мен әдістерін табу стратегиясын әзірлеу.

Оқу үрдісін күшейтуге, сондай-ақ оқушының жеке басын дамытуға бағытталған әдістерді жасауға мүмкіндік беретін ЖАТҚ мүмкіндіктері:

1. пайдаланушы мен ЖАТҚ арасындағы жылдам кері байланыс;
2. ақпараттың үлкен көлемін сақтау, ақпаратты беру мен ақпаратқа оңай қол жеткізу;
3. компьютерлік процестерді, ақпараттық іздеу қызметін автоматтандыру, сондай-ақ оқу экспериментінің нәтижелерін фрагментті немесе экспериментті қайталау арқылы өңдеу;
4. ақпараттық – әдістемелік қамтамасыз ету процестерін автоматтандыру, білім беру қызметін ұйымдастырушылық басқару және оқу нәтижелерін бақылау.

Жоғарыда көрсетілген білім беру құралдарындағы ақпараттандыру құралдарының мүмкіндіктерін дұрыс пайдалану ойлаудың әр түрлі деңгейлерінің үдерістерін «қозғаумен» айналысады, оқушылардың зияткерлік және шығармашылық әлеуетін арттырады.

Жоғарыда айтылған жаңа ақпараттық технологиялық құралдардың мүмкіндіктері әр түрлі іс әрекеттерді ұйымдастыруға мүмкіндік береді:

- зерттелетін объектілер туралы ақпаратты, құбылыстарды, процестерді, оның ішінде нақты деректерді тіркеу, жинау, жинақтау, сақтау, өңдеу және әр түрлі үлгіде берілген ақпараттың жеткілікті көлемде берілуі;
- білім беру қызметінің нәтижелерін автоматтандырылған бақылау, оқыту, тестілеу, нәтижелері бойынша түзету, экранда түрлі объектілердің, құбылыстардың, процестердің, соның ішінде іс жүзінде орын алған модельдерді басқаруы [23].

Барлық осы іс шаралар оқушылардың, мұғалімнің және жаңа ақпараттық технологиялық құралдардың өзара әрекеттесуін қамтиды және оқу мақсаттарына жетуге бағытталған. Мұндай қызмет ақпараттық білім беру қызметі деп аталады. Оқытудың техникалық құралдарының басқа түрлеріне қарағанда, цифрлық оқыту жүйелері өзінің интерактивтілігімен ерекшеленеді, яғни сандық ресурстар арқылы оқыту жүйелері оқушының сұрағына немесе

әрекетіне жылдам жауап беруге, нақтылау үшін сұрақ беруге, хабарламалар жасауға, оқушы үшін қажетті ақпаратты табан астында беруге қабілетті.

Шетелдік және отандық тәжірибелер компьютердің оқыту үрдісінде тиімді құрал бола алатындығын көрсетіп отыр, алайда компьютердің оқыту үрдісін оңтайлы етудегі барлық мүмкіндіктері зерттеліп және жүйеленіп болмаған. Бұл мүмкіндіктерді О.И.Бахтина екі топқа бөледі [24, б.34]:

- 1) қосымша оқу материалының меңгерілу нәтижесін тез арада тексеруге, оқыту үрдісін деңгейлеп-саралауға және ұтымды ұйымдастыруға мүмкіндік береді;
- 2) білім алушылардың түрткі, зер, назар, ес, т.б. психологиялық қасиеттерінің қозғаушысы ретінде.

Яғни, оқушылар үшін диалогтық оқытудың мүмкіндіктерінің, ақпараттардың үлкен қорымен жұмыс жасаудың, олардың ішінен негізгі, қосымша және детальды ақпаратты іздеп, таба білудің, оқу әрекетінің нәтижелерін көрнекі және есте жақсы сақталатындай түрде ұсына білудің (графикалық көрнекіліктер, суреттер, сызбалар, таблицалар, диаграммалар, т.б. түрінде), қоғамдық өмірдегі нақты үдерістер мен құбылыстарды модельдеудің, жазба жұмыстарының мәтіндерін құрастырудың және редакциялаудың маңызы зор. Сандық ресурстардың, сонымен қатар, танымдық міндеттің іске асырылу барысына бақылау жасап, оның оңтайлылығын бақылап-бағалай алатынына, білім алушыға қажетті қосымша деректерді ұсына алатындығына көз жеткіздік.

Орта білім беру үшін білім алушының танымдық қызметін дұрыс басқара білу, ол үшін түрткі тудырып, белсенділікке жетелеу, жағымды эмоционалды әсерді қамтамасыз ету, білім алушының оқу материалын меңгеру қарқыны мен жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескеру өте маңызды.

Педагогикалық бағдарламалық құралдардың дидактикалық қызметтерін анықтау гуманитарлық пәндерді оқытудың ақпараттық технологиясының тұжырымдамасының негізгі құрылымдық бөлігі болып табылатындығын және негізгі қызметтерін былайша жіктеуге болатындығын анықтадық:

- 1) оқу материалын көрнекі түрде ұсыну; түрлі ақпараттарды алу және талдау, оның ішінде, білім алушылардың білімдері мен біліктерін бақылауға қатысты ақпараттарды да;
- 2) танымдық міндеттерді, түрлі тілдік оқу жағдаяттарын шешу арқылы ойлауды дамыту; оқу материалын меңгеруге байланысты танымдық қызметті ұйымдастыру;
- 3) жасанды тілдік жағдаяттар арқылы оқушылардың тілдік және сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мен жетілдіру, сол арқылы табиғи тілдік жағдаяттардағы тілдік және сөйлеу біліктерін қалыптастыру;
- 4) оқушылардың сөйлесім әрекетінің оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым түрлері бойынша және лексика-грамматикалық дағдыларын қалыптастыру мен жетілдіру;

5) өз бетінше білім алу; қосымша құрал (түрлі мақсаттарға сәйкес мәтіндерді құрастыру және жазу үшін). Яғни, тіл мұғалімдерін компьютердің шексіз мүмкіндіктері мен қолданылу аясының ішінен мынадай ерекшеліктері қызықтырады: компьютер оқыту құралы ретінде; компьютер оқытушы жұмысын оңтайлы етудің құралы ретінде; компьютер оқушының өзіндік жұмысын тиімді ұйымдастырудың құралы ретінде [11, б.32].

Компьютердің оқу үрдісіне техникалық құралдың жаңа түрі ретінде ене бастауымен байланысты оқу үрдісін қарқынды етудің зор мүмкіндіктері пайда болды, цифрлық ресурстарды қолдана оқу ойындарын аудиторияда және аудиториядан тыс тиімді қолданудың талдамалары мен әдістемелері жасала бастады.

Компьютердің шексіз техникалық мүмкіндіктерінің арқасында оның негізінде ұйымдастырылатын оқытудың белсенді формалары, мысалы, іскерлік ойындар, дамытылуы мүмкін. Компьютердің көмегімен ЦБРР қолдана оқушылардың аудиториядағы және аудиториядан тыс уақыттағы өзіндік шығармашылық жұмыстарын ұйымдастырудың мүмкіндіктері ұлғайды.

Зерттеуші Ә.Құрышжанова тілді меңгертуге арналып жасалатын компьютерлік оқу бағдарламалары меңгертілетін тілдің типіне, жүйесіне, құрылымына және оқу курсының мақсаты мен қазақ тілін оқытудың озық әдістемелеріне сай болуы керек деп есептейді. Ғалым өзінің зерттеу жұмысында компьютерлік оқу бағдарламаларының тілді меңгертудегі оңтайлылығы мен артықшылықтарын атап көрсетеді: «... тілдік мәліметтердің көлемді қоры, әркілі түрдегі және типтегі тілдік ақпарат, тілдік әрекет түрлерін меңгертуді қарқынды ету – бұл технологиялар меңгертіліп жатқан тілде вербалды және бейвербалды тілдесімге үйретуді, тілдік коммуникацияны имитациялауды, ақпараттық мәліметтерді жан-жақты түсіндіру мен көрнекі түрде ұсынуды толық және тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Оқу жағдаяттары арқылы қалыптастырылған дағдылар әрі қарай нақты тілдесімдік жағдаяттарға ауыстырылады» [7, б.48].

Шетелдік және отандық педагогикалық, әдістемелік тәжірибелер көрсеткендей, компьютерді тілдерді оқытуда қолдану оқушылардың тілді үйренуге деген қызығушылығын, құштарлығын арттыру үшін ерекше жағдай туғызады. Бұл өзінен-өзі түсінікті: оқытуда компьютерді қолдану дидактиканың негізгі қағидаларын кешенді түрде іске асыру үшін өте қолайлы. Экрандағы сөздердің қимыл-қозғалысы, түрлі-түсті графикалық бейнелер, оқушының белсенділігі, жоғары мотивациялық қызығушылығы, саналы түрде, өз бетінше ешқандай қорқынышсыз еркін жұмыс істеуі – мұның барлығы оқу үрдісінің тиімді ұйымдастырылуына жағымды әсер етеді. Өзге тілдерді оқытуда үйреніп жатқан тілдің фонетикасын, интонациясы мен әуезділігін, ырғағын, т.б. дыбыстық ерекшеліктерін меңгертуде мультимедиялық бағдарламалар өте оңтайлы. Компьютердің техникалық, технологиялық мүмкіндіктерінің, әдіс-

тәсілдерінің көмегімен үйреніп жатқан тілде сөйлеуді меңгертуді тиімді түрде жүзеге асыруға болады. Мысалы, мультимедиалық оқыту бағдарламасы арқылы берілген эталондық үлгілерді бірнеше рет қайталап тыңдау мен имитациялау арқылы тіл үйренуші сөйлеу дағдыларын еш қиындықсыз меңгере алады.

Компьютерлік оқыту өзінің икемділігімен және вариативтілігімен де тиімді: оқытуды әр түрлі формада (өз бетінше, мұғалімнің басшылығымен) ұйымдастырудың, тіл үйренушінің тілді меңгеру деңгейі мен жеке қызығушылықтарын, ерекшеліктерін ескере оқыту мүмкіндігі зор; компьютерлік оқыту, сонымен қатар, тілді меңгертудегі мультимедиалық бағдарламалардың тиімділігін де көрсетеді. Тіл үйренуші үшін ең жақсы жазылған оқулықтан гөрі компьютерлік оқу бағдарламалары арқылы тілді меңгеру әрі қызықты, әрі ыңғайлы. Әрине, бұл жерде компьютерлік оқу бағдарламаларының, электронды оқулықтар мен мультимедиалық бағдарламалардың сапасы туралы мәселенің маңызы өте зор. Сонымен бірге компьютерлік оқыту жағдайындағы оқытушының ролін де жоққа шығаруға болмайды. Тілді компьютер арқылы оқытуда компьютерлік оқу бағдарламаларының сапасы, олардың оқу мақсаттарына сәйкестігі, оқу үрдісінде (аудиторияда, аудиториядан тыс), сабақта компьютерді қолданудың кезеңдерін, оқытушының ролін анықтау мәселелері өте маңызды. Сабақта тіл үйренушілердің коммуникативтік дағдылары мен біліктерін қалыптастыру мен дамытуды компьютерге біржолата сеніп тапсыруға болмайды, бұл жерде компьютерлік оқыту жағдайында оқыту үрдісін басқару мен технологияландырудағы оқытушының жаңаша ролі мен қызметін анықтаудың маңызы зор дейді [7].

Қарастырылған мәселелерден шығатын қорытынды: қазақ тілін сандық бағдарламалардың көмегі арқылы оқыту үрдісін ұйымдастыруда тілді оқытудың, нақты сабақтың мақсат-міндеттеріне сәйкес сабақта компьютерді, ЦБРР қолданудың кезеңдерін дұрыс анықтаудың, оқушылардың цифрлық бағдарламамен өзіндік жұмысын дұрыс басқару мен ұйымдастыруды дұрыс ойластырудың маңызы өте зор. Сонымен бірге, оқушылардың аудитивті (тыңдалымдық), оқылымдық және айтылымдық дағдылары мен біліктерін қалыптастыру мен жетілдіруде, лексика-грамматикалық дағдылар мен біліктерді сөйлесім әрекетінің жазбаша түрлері арқылы қалыптастыру мен дамытуда, тіл үйренушінің ойлау қызметін қарқынды етуде компьютердің атқарар қызметі зор.

Осылайша, қарастырылып отырған технологиялар, бағдарламалық қамтамасыз ету және заманауи технологиялық жетістіктер оларды кешенді және жүйелі түрде пайдаланған жағдайда оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Білім беруді ақпараттандырудың заманауи кезеңінің маңызды үрдісі - білім беру үдерісіне қатысатын әртүрлі технологияларды ықпалдастыру, бұл оларды оқу үрдісінде қолдануға оң әсер етеді

1.2 Оқу-тәрбие үдерісінде сандық ресурстарды қолданудың психологиялық-педагогикалық негіздері

Бүгінгі заманғы ақпараттық қоғамда адамдар өздерін компьютерсіз және ақпараттық технологияларсыз ойлай және елестете алмайды. Компьютер адам өмірінің барлық салаларында, медицинада, ғылымда, білім беруде және тіпті өнер саласында ажырамас бөлігі болып табылады. Адамның санасы психологиялық тұрғыдан сандық ресурстарды қолдану барысында ақпаратты қабылдау деңгейі жоғары. Өйткені қазіргі таңда еңбектеген баладан бастап, ересектерге дейін күнделікті тұрмыс-тіршілікте смартфон, гаджет, компьютер құралдарын қолдануда. Қазіргі ақпараттық технологияның дамыған заманында әлем жаңалықтарын тез білуге, өзіне қажетті ақпаратты жылдам тауып алуға бейімделген.

Білім жүйесінің барлық саласы компьютерленген сондай-ақ, ақпараттандыру тәсілінің тиімді жетістіктерінің бірі-интерактивті тақтаның қолданылуы көп мүмкіндікке жол ашуда. Педагогикалық тұрғыдан оқу үдерісінде интерактивті тақта мүмкіндігін пайдалана отырып өткізген сабақтар мұғалімнің оқу процесінде уақытын үнемдей отырып, оқушыларға көптеген ақпараттарды беруге көмектеседі. Интерактивті тақтаның керемет мүмкіндіктері оқушыларды таңғалдырады, шабыттандырады, қызықтырады. Оқушылар ойнап отырмыз деп ойлайды, шындығында олар берілген оқу материалын тез қабылдап, қызығып, таңғалып, шабыттанып отырып білім алады.

Жаңартылған мазмұндағы сандық технологиялық әдіс-тәсілдердің пайда болуы ақпараттардың мазмұнын адамның түрлі сезім мүшелері арқылы және аудиториямен интерактивті өзара әрекеттестікке түсу арқылы қабылдауды түрлі ЦББР құралдардың көмегімен жүзеге асыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, оқушының жаңа материалды қабылдауы мен есте сақтауына ықпал ететін саналы жауап әрекетін іске қосатын психологиялық ахуалды тудырады. Мысалы, тапсырманы беру немесе оқу нәтижелерін қорытындылау белгілі бір дыбыс я әуен, т.б. құралдардың көмегі арқылы жүзеге асады, бұл оқушыларды сол жұмыс түріне психологиялық тұрғыда дайындауды қамтамасыз етеді.

Сандық ресурстардағы оқу материалының тапсырмаларын ойын элементтерін қолдану, қызығушылықты арттыру құралы, жаттықтыру құралы, оқушылардың іскерліктері мен білік-білім, дағдыларын тексеру құралы, оқытудың пәндік саласының үлгісі ретінде қарастыруға болады. Пәндік саланың мәселелерін ескере отырып, ЦББР-де білім беру қорларын қолдану оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыруға тұжырым жасайды. Мәселен:

- сыныпта, оқытудың негізгі курсына көмек ретінде;
- оқушылардың өзіндік білім көтеруі түрінде.

Оқу материалын ойын түрінде беру оқу материалын меңгеру тиімділігін арттырады. Ойын барысында бір іс-әрекет бірнеше рет қайталанып орындалуы

мүмкін, бұл, бір жағынан, ойындағы жетістікке жеткізсе, екінші жағынан, оқыту процесінде қалыптастырылған дағдыларды бекітуді жүзеге асырады. Педагогика-психологиялық оқыту үрдісінде білім беру үшін оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру құралы ретінде, оқушылардың белгілі бір қабілеттерін (зер, ес, ойлау, қабылдау, т.б.) дамыту мен жаттықтыруда қолдануға болады.

Сандық технологиялық білім беру қорлары негізінде оқытудың жаңа мазмұндағы қағидалары мен тұжырымдары негізінде құрылып, оқушының белсенді танымдық қызметіне сүйенетіндігін айқындайды. Сандық технологияның негізінде жаңаша оқытудың бағыттары:

- оқушының оқу үрдісіне белсенді қатысуы;
- оқытуға жеке-даралық тұрғыда ғана емес, ұжымдық қызмет ретінде қарау;
- алынған білімді нақты жағдайларда қолданбалы тұрғыда пайдалану мүмкіндіктері; тұжырымдамалар мен білімдерді мәтіндік түрде ғана емес, басқа түрлі формаларда ұсыну мүмкіндігі;
- оқыту үрдісінде ақпараттарды есте сақтауға емес, оқу қызметін оқушылардың танымдық қызметі ретінде ұйымдастыруға көңіл аудару;
- осы айтылған бағыттардың негізінде сандық технология тұрғысынан жаңаша оқыту мен дәстүрлі оқыту үлгілерін салыстырып көрсетуге болады.

(2-кесте):

<i>Негізгі сипаттамалар</i>	Дәстүрлі оқыту үлгісі	Сандық технология әдістерін қолдану арқылы жаңа мазмұнда оқыту үлгісі
<i>Оқыту мақсаты</i>	Оқу бағдарламасына негізделген білім көлемін меңгертуге бағытталған оқыту нәтижесі	Білім алушының ақпараттық-технология құзыреттілігін қалыптастыру, сандық ресурстар арқылы оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері жүйесін жасау және ұйымдастыру
<i>Оқушының рөлі</i>	Дайын білімді алушы, оқыту үрдісінің объектісі	Белсенді, білімді, ізденімпаз, креативті, оқу үрдісінің субъектісі
<i>Оқытушының рөлі</i>	Жетекші, оқыту үрдісінің субъектісі, білім көзі	Оқыту үрдісін, оқушының танымдық қызметін ұйымдастырушы, бағыттаушы, менеджер
		Аудио, визуалдық, графикалық көрнекіліктер мен

<i>Білімді ұсыну формалары</i>	Дайын күйінде, үлгі бойынша, сөздік әдістер мен мәтіндік формалар арқылы	интерактивті әдістер, сандық ресурстар арқылы (ойын, проблемалық әдістер, өзіндік жұмыс, жоба қорғау, т.б.)
<i>Білімді қолдану</i>	Білімді бақылау мен оқу жетістіктерін анықтау мақсатында, типтік үлгідегі тапсырмаларды қолдану	Алынған білімді нақты және іс-тәжірибе барысында қолдануға көңіл аудару
<i>Оқу қызметінің басым формасы</i>	Фронтальді және жеке жұмыстар	Оқушының өзіндік жұмысы және оқу қызметін ұйымдастырудың ұжымдық, топтық, жұптық формалары
<i>Оқытудың негізгі әдіс-тәсілдері</i>	Сөздік әдістері	Оқушы мен компьютердің, оқытушы мен оқушының, оқушы мен оқушының өзара әрекетіне негізделген интерактивті әдістер мен тәсілдер

Кесте-2 Дәстүрлі оқыту үлгісі мен сандық білім беру қорларын қолдану арқылы жаңаша оқыту үлгісінің салыстырмалы сипаттамасы

Адам түйсік арқылы заттар мен құбылыстардың жеке қасиеттерін, сапаларын білетін болса, ал қабылдау арқылы зат немесе құбылыстың тұтас бейнесін көреді. Қабылдау- затты тұтас бейнелеуге бейімді үрдіс. Түйсікке карағанда, қабылдау- шындықты бейнелеудің неғұрлым жоғары формасы. Сонымен, қабылдау дегеніміз - заттар мен құбылыстардың өз қасиеттері және бөлшектері жиынтығымен қосылып, сезім мүшелеріне тікелей әсер етуі кезіндегі тұтас түрде бейнеленуі [25, б.90].

Оқушының ұсынылған ақпаратты қабылдау және игеруі күнделікті білім алу үдерісінде жүргізіледі. Ақпаратты қабылдау және өңдеу сипаттамасына байланысты білім алушыларды төрт санатқа бөлуге болады:

- Визуал — ақпаратты көру арқылы жете қабылдайтын адамдар. Оларды оқыту стилі визуалды.
- Аудиал — ақпаратты есту арқылы жете қабылдайтын адамдар. Оларды оқыту стилі аудиал.
- Кинестетик — ақпаратты сезім (иісі, сенсорлық,) арқылы және қозғалыстардың көмегімен қабылдайтын оқушылар. Оларды оқыту стилі кинестетикалық яғни ұстап немесе сипап сезу, қимыл-қозғалысты.

- Дискрет (дигитал) — олар ақпаратты сандар, символдар, логикалық дәлелдерді пайдаланып, логикалық түсіну негізінде қабылдайды сондай-ақ, ақпараттың мазмұнына, мағынасына, қызметіне мән береді. Бұл санаттағы оқушылар өте сирек кездеседі.

Ақпаратты қабылдау және өңдеу сипаттамасының төрт санатына жекелей тоқталсақ, оқыту стилінің визуалды түрінде оқушылар «Power Point» презентация, «Powtoon», «Supa», «Quik», «Animaker», «Renderforest» видеоанимациялар арқылы оқу материалын тез қабылдаса, «YouTube» желісінен танымдық видеосабактар, деректі фильмдер көру арқылы есте сақтау қабілеті артады. Аудиалды оқыту стилі арқылы оқушылар берілген тапсырмаларды дыбыстар арқылы жақсы қабылдайды. Сонымен қатар, оқушыларға аудиокітаптар, аудиосабактар мен подкасттарды тыңдау арқылы оқу материалын қайта меңгеруге ықпал етеді. Мысалы, берілген тапсырманы тез меңгеру үшін бірінші – мәтінді дауысын шығарып оқыту, мәтіннен не түсінгенін қысқаша айқызу, екінші – іштей оқыту тиімді. Мәтіндік және аудиовизуалдық материалдарды механикалық тұрғыда біріктірудің тиімділігі бар. Олай дейтініміз, компьютер мониторы арқылы бір мезетте белгілі бір ақпаратты оқып, көріп, әрі тыңдай алу мүмкіндігі пайда болады. ЦББР арқылы түрлі құбылыстар мен процестердің үлгілерін, қоршаған ортаның фрагменттерін белгілі дәрежедегі оқытушының жауап әрекетін де қамти алады. Оқыту стилінің кинестетикалық санатында оқушы әсершіл, бәрін жүрегіне жақын қабылдайды. Бұл типтегілерге иллюстрациялы энциклопедиялар, «Discovery» жанрындағы деректі фильмдер көрсеткен дұрыс. Себебі, сандық технология арқылы ойын элементтері мен тәжірибелік тапсырмалар орындату қызықты. Дигитал оқыту стилі бойынша сандық ресурстар арқылы оқушылардың жазылым дағдысын дамытуға ықпалы зор.

Осы санаттағы жады ерекшеліктері арқылы күнделікті оқыту үдерісінде оқушылардың қабылдау және есте сақтау мүмкіндіктері артып, оқу материалдарын нақты меңгереді.

Қазіргі уақытта ауыл мектептерінің өзінде ақпараттық технологияларды қолданып, жоғары сапалы, заманауи сабақтар өткізу үшін компьютерлік жабдықтарды қолданады. Білім беруді жаңғырту бойынша кешенді жобалардың (КМЕТ) жүзеге асыру барысында мектептердің барлығы сандық ресурстарды, платформаларды сабақ процесінде пайдаланады. Қазақстандағы төтенше жағдай кезінде оқушыларымыз қашықтықтан оқыту жүйесіне көшкен кезде түрлі қашықтықтан ұйымдастырылған жарыстарға, сайыстарға, викториналарға, онлайн марафонға қатыса алды. Әрине, сандық технологиялардың арқасында мұғалімдер мен білім алушыларға жаңа мүмкіндіктер пайда болды, тек оқуға деген мотивация ғана емес, сонымен қатар пәндер бойынша білім сапасының да жақсаруына мүмкіндік туды. Бұл біздің ауыл мектептерінің де ақпараттық технологияны қолдану арқылы оқушылар мен мұғалімдер үшін мүмкіндіктердің кеңеюі мен тереңдей түсуін білдіреді. Әр түрлі қашықтағы семинарларға, конференцияларға, мұғалімдер кеңестеріне мұғалімнің қатысуы ауылдық жерлердегі мұғалімге қазіргі білім беру кеңістігін

жақсартуға, қашықтықтағы әріптестерімен байланыста болуына, тәжірибе алмасуға, ортақ мәселелерді шешуге, олардың сұрақтарына кеңестер алуға мүмкіндік берді.

Сандық ақпараттық технологиялардың басты ерекшеліктері оқушылардың өз беттерімен жеке немесе бірге шығармашылық тапсырмамен жұмыс жасауына, өздігінен ізденуіне, жасаған жұмысының қорытындысына қарап, сол жұмыстың нәтижесіне сыни көзқараспен қарай білуіне мүмкіндік жасайды. Сол себепті де оқытушы өткізетін сабағының түрін дұрысынан таңдай білгені жөн. Сабақты жақсы ұйымдастырудағы ең негізгі мақсат білім алушының сабаққа деген ынта ықыласын арттыру үшін, қазіргі заманға сай сандық ресурстар арқылы білімді беру. Сабақтың ойдағыдай жақсы өтуіне біріншіден, оқытушының білім деңгейіне, сандық сауаттылығы, тәжірибесіне байланысты, екіншіден, сабақта қолданылатын оқу құралдарына, үшіншіден сыныпқа, төртіншіден сыныпта орын алатын психологиялық ахуалына, оқытушы мен оқушы арасындағы көңіл-күйіне байланысты болады.

Жаңа ақпараттық технологияларға жатады: техникалық, программалық, ақпараттық құралдар. Техникалық құралдарға дербес компьютер, байланыс желілері, желі жабдықтары енеді. Техникалық жабдықталуына тәуелді болып келетін ақпараттық технология түрі ақпаратты жинақтауға, өңдеуге мүмкіндік береді. Техникалық және ақпараттық жабдықтамаларға тікелей тәуелді болып келетін программалық құралдар жинақтау, өңдеу, талдау қызметін атқарады.

Жаңа ақпараттық технологияны оқу-тәрбие жүйесіне енгізу үш кезеңнен тұрады:

1-ші кезең: компьютердегі бар мәліметтерді, тақырыптарды, қолданған бағдарламаларды қолдану, яғни бойына «сіңіру».

2-ші кезең: керекті мәліметтерді алу, «жинақтау»

3-ші кезең: монотехнология, оқыту, бақылау, зерттеу барысында компьютерді ғана қолдану.

Жаңа ақпараттық технологияның тұжырымдық ережелері:

1. оқыту – оқушылардың сабақ барысында компьютермен жұмыс жүргізуі;

2. бейімдеу – бағдарламаларды оқушылардың қолдана алу ерекшеліктеріне назар аудара ыңғайлауы;

3. диалогтық сұхбаттасу – оқушының компьютермен байланысы;

4. басқару – оқытушының нұсқауы арқылы кез келген уақытта түзету енгізуі, сыныпты басқаруы;

5. дидактикалық басқару – сабақта оқушыларға тапсырма беруі барысында жеке және топтық жұмыстың жақсы ұйымдастырылуы;

6. психологиялық басқару – компьютермен жұмыс жасау барысында оқушыға қолайлы жағдай жасау;

7. бағалау – сабақты қорытындылау кезеңінде алған білім деңгейін анықтау.

Жаңа ақпараттық технологияны оқытудың барлық кезеңінде де (жаңа тақырыпты түсіндіру кезінде, қайталау, оқушылардың білім деңгейін тексеру барысында, білік, қорытындылау) қолдануға болады. Қазіргі кезде елімізде қолданыста жүрген технологияларды үш топқа бөліп қарастыруға болады:

- 1.Интерактивті емес (дыбыс және видео басу құрылғылар);
- 2.Цифрлық оқыту құралдары (оқушыларға арналған тесттер, электронды оқулықтар, бағдарламалар, жүйелер);
- 3.Бейне конференциялар (аудио және бейне арналары, интернет желілер) [26].

Білім беруді цифрландыру жүйесінде жаңа ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін жүзеге асыру негізінде мұғалім мен білім алушылардың бірлескен жұмысының процесін күнделікті тәжірибеде қарастыруға болады, негізгі, міндетті пәндер мен қоршаған ортаны (әлеуметтік, экологиялық, ақпарат және т.б.) оқу үрдісіндегі инновациялық артықшылықтарды қолдайды және оларды дараландырудың артықшылықтары педагогикалық әсердің синергиясын қамтамасыз етеді.

Осылайша, жаңа ақпараттық технологиялардың құралдары микропроцессорлық, есептеу техникасы, сонымен қатар ақпараттық операцияларды қамтамасыз ететін заманауи құралдар мен ақпарат алмасу жүйелері негізінде жұмыс істейтін ақпараттық құралдарды қамтиды: жинау, жинақтау, өңдеу, сақтау және ақпаратты беру.

Оқу үрдісін сандық ресурстар білім беру қорларын пайдалану арқылы ұйымдастыруда оқытушының негізгі міндеті оқыта отырып, дамыту болмақ, яғни, пән бойынша білім беріп қана қоймай, оқушыны логикалық ойлауға, мәселені қоя білуге және оны шешудің жолдарын іздестіріп, таба білуге үйрету. Оқытушы дайын білімді тасымалдаушыдан оқушының танымдық, зерттеушілік қызметін ұйымдастырушыға айналады. Мұны қалай жүзеге асыруға болады? Оқытудың дәстүрлі жүйесі бойынша ақпарат «оқытушы - оқушы» үлгісі арқылы тікелей беріледі. Сандық мультимедиялық білім беру қорларын пайдаланудың бірнеше артықшылықтары бар:

1. ақпараттық технологиялар оқу ақпаратын берудің мүмкіндіктерін едәуір кеңейтеді. Түрлі түстерді, графиканы, дыбысты, видеотехниканың қазіргі заманғы барлық құралдарын қолдану нақты әрекет үшін қажетті жағдайды туғызуға мүмкіндік береді;
2. компьютер оқушылардың білім алуға деген қызығушылығын жоғарылатады. Қызығушылық тапсырмалар мен жаттығуларды дұрыс орындаған жағдайда қолданылатын қолдау мен мадақтаудың есебінен де жоғарылайды;
3. ақпараттық-коммуникациялық технологиялар оқушылардың қабілеттерінің барынша ашылуына, ақыл-ой әрекетінің белсенді болуына ықпал ете отырып, оларды оқу үрдісіне тартады;
4. ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқу үрдісінде қолдану оқу міндеттерін қою және оларды шешу процесін басқарудың мүмкіндіктерін ұлғайтады. Компьютер әр түрлі заттар мен құбылыстардың, жағдаяттардың үлгілерін жасауға және талдауға, салыстыруға мүмкіндік береді;
5. ақпараттық-коммуникациялық технологиялар оқу үрдісін басқарудың икемділігін қамтамасыз ете отырып, оқушылардың оқу қызметін бақылауды да сапалы түрде өзгерте алады;
6. компьютер оқушыларда рефлексияның қалыптасуына ықпал жасайды.

Цифрлық құралдарды дамытудың негізгі мақсаттарының бірі білім беруді жаңғырту болып табылады, бұл сандық білім беру тиімді оқытуды арттыруға мүмкіндік беретін заманауи технология болғандықтан, цифрлық бағдарламалық жүйелерді қолдану жаңа білім беру технологияларын сауатты жасау және қолдануды көздейді.

Оқу технологияларын кеңейтетін цифрлық технологиялардың ерекшеліктеріне мыналар жатады:

- қоршаған әлемді білудің жаңа мүмкіндіктері;
- ақпараттық ресурстарға қол жеткізу;
- оқу үрдісін басқаруды автоматтандыру;
- білім беру жетістіктерін бақылау, бағалау және мониторинг жүйесінде жаңа мүмкіндіктер;
- оқу, әдістемелік және дидактикалық материалдарды дамытудың жаңа мүмкіндіктері;
- педагогикалық бағдарламаларды дамыту;
- мультимедиа және гипермедианы пайдалану;
- интерактивті технологиялар;
- ақпарат іздеуде, тандауда және қалыптастыруда жаңа мүмкіндіктер;
- жасанды интеллект әдістерін енгізу;
- әлеуметтік қызметтерді енгізу;
- семантикалық оқу кеңістігін құру мүмкіндігі;
- қашықтан оқыту, топта да; жеке де;
- командалық жұмыста білімді алу және т.б. [27].

Осылайша, заманауи сандық технологиялар арқылы күтілетін нәтижеге жету үшін ақпаратты терең түсініп, білім алушылардың ерекше тапсырмаларды қызығып орындау ерекшеліктерімен сипатталады. Бұл негізінен сандық технология бойынша түрлі платформаларды қолданудағы қасиеттерін қалыптастыру және оқыту үдерісіндегі тиімділігін арттыру мақсатында білім беру мүмкіндігін арттыру.

Ақпараттандыру жүйесін білім берудің оқыту үдерісінде қолдану теориясы мен әдістемесінде мынадай зерттеу бағыттарын қарастырады:

- сандық технология барысында білім алушыны жеке тұлға ретінде қалыптастыру міндетін арттыру және сабақты ұйымдастырудың түрлері мен әдістерін, оқыту стратегиясын дамыту;
- білім алушының өзіндік ой пікірін қалыптастыруды, ақпаратқа қатысты мәліметті жинақтау, сақтау және сандық ресурстарды жүзеге асыра білу, сонымен қатар білім алу және түсіну әрекеттерін қалыптастыру негізінде әдістемелік жүйе құрастыру;
- оқу тәрбие ісін ақпараттандыруды әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету үшін оқу орнын ұжымдық басқаруды автоматтандыру, білім беру жүйесін басқару механизмдерін жетілдіру, ғылыми-педагогикалық ақпараттық мәліметтер базаларын толықтыру, ақпараттық-әдістемелік материалдарды, желілерді пайдалану;

- білім алушыларды оқыту барысында ақпараттандыру құралдарын қауіпсіз қолданудың педагогикалық-әдістемелік шарттарын айқындау;
- білім алушының қалыптастырған ой пікірін дамыту және алған білімі мен оқу жетістігін бақылау, тестілеу арқылы бағалау, нәтиже шығарушы әдістемелерін жасап, қолдану.

Оқу үрдісінде ақпараттық технологияны енгізудің негізгі бағыттары:

1. оқушылардың ғылыми зерттеулерінің сапасын арттыру;
2. пәнаралық ойлауды қалыптастыру;
3. материалдық оқытуды тереңдету;
4. оқу үдерісінің сапасын бақылау;
5. белсенді оқыту әдістерін енгізу;
6. оқушыларды оқу үрдісіне белсенді тарту;
7. оқушылардың жеке білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру деңгейін арттыру.

Цифрлық технологияларды оқу үдерісіне енгізу келесі міндеттерді шешуге байланысты болуы тиіс.

- Оқытуда ақпараттық – белсенділік модельдерін енгізу.
- Білім алушылардың танымдық белсенділіктерін арттыру.
- Білім алушылардың жетістіктерін мониторингілеу, бағалау және бақылаудың заманауи әдістерін енгізу.

Цифрлық технологияны оқу үрдісіне енгізу екі өзара байланысты позицияларды қарастырады.

- Негізгі және қосымша ақпаратты өңдеуде дидактикалық және әдістемелік мақсаттарды іске асыру құралы ретінде сандық технологияны қолдану.
- Инновациялық оқу тобы мен бірлескен топ құру үшін цифрлық технология мүмкіндіктерін пайдалану.

Осы көрсетілген сандық технологияны қолданудағы әдіс-тәсілдің барлық қағидаттары жүзеге асырылса, онда ақпараттық технологияларды қолдану өте тиімдірек болады. Сонымен қатар, ақпараттық технология – дидактикалық мақсаттар мен міндеттермен нақтыланған әдістемелік- бағдарламалық өнімдердің ажырамас бөлігі ретінде әрекет етеді.

Білім берудегі цифрлық технологияның негізгі функциясы мұғалімдер мен білім алушылардың педагогикалық өзара іс-әрекетін сапалы инновациялық деңгейге көтеретін ақпараттық ортаны қалыптастыру болып табылады.

Цифрлық технологияларды дәстүрлі оқу жүйесіне енгізу білім беру үрдісін оңтайландыру болып табылады және оны білім алушының белсенділігін әр түрлі іс шараларға енгізу арқылы арттыру және білім беру қызметіне ынталандыру мақсатында бірқатар қолданбалы міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Сондықтан да ақпараттық технологиялар оқу үрдісіне және оқушыны оқытуға айтарлықтай әсер етеді, себебі олар білім мен оқыту әдістерін беру мүмкіндігін өзгертеді. Ақпараттық технологиялар қолданыстағы білім беру технологияларын жетілдіріп қана қоймай, сонымен қатар жаңадан пайда болады.

Ақпараттандыруды одан әрі дамытуға бағытталған ең негізгі бағдарлама:

- білім саласымен қатар тәрбие жүйесін де ақпараттандыру;
- ұйымдастыру жұмыстары мен басқаруды ақпараттандыру;
- ақпараттық басқару жұмысын ретке келтіруде электрондық құжаттар айналымында қызмет жасау;
- қашықтықтан оқытуды реттеу, оның іске асырылуына мүмкіндік туғызу;
- тест тапсырмаларын жүзеге асыру барысында барлық пәндерден болуына жағдай жасау:
- ақпараттық білім беруде білім алушылардың елімізде ғана емес, әлемде де даму процесін пайдалану;
- ақпараттандыру бойынша бейнематериалдардың, мультимедияның көмегімен ата-аналарға мағлұмат беру;
- интернет құралдарының көмегімен түрлі жобалар мен олимпиадаларға қатысуы туралы ақпарат беру;

Оқу процесі барысында ЦББР қолдану кезінде оқушының оқу материалды зейін қойып оқуға, тыңдауға, жазуға бағыттау қажет. Сонда ғана білім алушының ой- санасы жетіліп, өз бетінше жұмыс жасауға бейімделеді. Сондай-ақ сандық ресурстар арқылы, берілген қызықты тапсырмалар арқылы оқушылардың белсенділігі артып, іс-әрекет барысында зейіні шоғырланады.

Әр ата-ана өз баласына сапалы білім беруді қалайды. Ал біздің электронды оқулықтар, өзінше бір репетитор ретінде мұғалімге оның дербес өзіндік жұмысын сапалы ұйымдастыруға көмектеседі.

Сонымен қатар, оқу үрдісінде ақпараттық технологияны пайдаланудың тиімділігі оқу – әдістемелік кешендерді әдіс-тәсілмен ұйымдастыруға және өткізуге, ақпараттық технологиялар құралдарын қолдану әдістері мен тәсілдеріне байланысты. Ақпараттық білім беру технологиялары білім беру процесін ақпараттандыруды қамтамасыз ету үшін оқу-материалдық базаны енгізі маңызды болып табылады [28].

Психологиялық тұрғыдан ЦББР-дың басты құндылығы- бұл жұмыс формаларының әртүрлілігіне және ойын сәтін қосу мүмкіндігіне байланысты мотивация мен танымдық белсенділікті арттырады, танымның қызықты процесінен қанағаттану сезімін алуға мүмкіндік беруі. ЦББР-ны қолданатын сабақтар компьютерде үлкен қызығушылықпен жұмыс істейтін әлсіз оқушыларда да эмоционалды өсу мен өзіне деген сенімділік сезімін тудырады. Ережелерді, анықтамаларды және материалдың басқа да маңызды бөліктерін жазу үдерісі тезірек жүреді, өйткені мұғалімге мәтінді бірнеше рет қайталаудың қажеті жоқ (ол оны экранға шығарады) және оқушыға мұғалімнің өзіне қажет фрагментті қайталауын күтудің қажеті жоқ.

Білім алушыларға оқу үдерісінде сандық білім беру ресурстарын пайдалану арқылы ұйымдастыру әрбір білім алушының ішкі энергиялық мүмкіндіктерін дамытуға қозғау салады. Яғни, жеке тұлғаның күнделікті сабақ барысында әлеуметтік сапаларын қалыптастыруға ықпал ететін жаңа мазмұндағы сандық педагогикалық технологияларды қолданудың қажеттілігін талап етеді. Цифрлық оқыту үрдісін сабақ үдерісінде басқаруға, дидактикалық мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін оқытудың жаңа ақпараттық

технологияларын – ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану арқылы бұл міндетті оңтайлы шешуге болады. Сонымен бірге оқушылармен сандық ресурстармен жұмыс жасау арқылы олардың оқу үрдісіндегі өзіндік танымдық, ізденушілік қызметі тұратындығы туралы көзқарасты ұстанамыз. Бұдан оқушының белгілі бір білім көлемін меңгеруі ғана емес, сонымен бірге, білімді өз бетінше іздеп табуды үйренуі, танымдық қызметтің тәсілдерін меңгеруінің маңызы зор екендігін ұғуға болады.

Қорыта айтқанда, сандық оқытудың білім беру қорларын оқыту үрдісіне енгізу арқылы оқушылардың оқу нәтижелерінің жоғарлануына тиімді әсер етеді. Оқыту үрдісіне сандық оқытудың құралдарын білім беру қорларына енгізудің жолдары, сабақта ол қорларды (электрондық оқулықтар, ақпараттық технология арқылы оқыту бағдарламалары, платформалар мен бағдарламалар, т.б.) пайдаланудың кезеңдерін, жолдарын, әдіс-тәсілдерін анықтау – оқытушының ақпараттық -коммуникациялық құзырлылығын, оқыту үрдісін технологияландыру мәселелеріне қатысты кәсіби шығармашылық біліктілігін қажет ететін күрделі мәселе.

1.3 Ақпараттық коммуникациялық технологияны қолданудың ұстанымдары

Мектептің қазіргі даму кезеңінде бұрынғы үйреншікті оқу жүйесін жаңа сападағы оқу жүйесіне ауыстыру мақсаты тұр – өте білімді, өздігінен тиімді ойлай алатын, қазіргі қоғамда өмір сүруге бейімді адамды тәрбиелеу. Бұл жағдайда оқушылардың өздігінен білім алуы, өздігінен оқуы және өзін-өзі тануы туралы мәселе қою оқу-тәрбие процесінің өзегі болуы табиғи. Осыған байланысты қазір балаларды оқытуда жеке дара оқытуға (тұлғаны қалыптастыруға бағытталған), олардың өздігінен ізденіп, білім алудың сан түрлі жолдары мен әдістерін игеруіне, өз шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуына айрықша жағдайлар жасалуда. Бұл мәселені шешудің ең тиімді бағыттарының бірі оқу процесіне ақпараттық құралдар мен технологияларды енгізу болып саналады (1.3 1 - сурет).

АКТ-ны меңгерудің ғылыми ұстанымдары

1. Ғылымилық. Сандық оқыту бағдарламасындағы ғылыми ұғымдарды қалай меңгерту жолын түсіндіруді мақсат еткендіктен, ғылымилық ұстанымы үлкен маңызға ие. Берілетін ақпараттар ғылыми тілде ұсынылып, барынша жатық тілмен түсіндірілуі тиіс.


2. Жүйелілік. АКТ-ның мазмұны белгілі бір жүйемен, реттілікпен жүргізілуі қажет. Ол компьютер дегеніміз не, ол қандай құрылғылардан тұратынын түсіндіруден бастауы алып, компьютермен жасалатын жұмыстарды үйретумен аяқталады. Демек, білім белгілі бір жүйенің сақталуы арқылы меңгертіледі.

3. Қолжетімділік. АКТ-ның мазмұнында тек компьютермен жасалатын қарапайым тапсырмалар ғана емес, сонымен бірге ғаламтор желісін пайдалану, ақпарат алып, өңдеу жолдары да қарастырылады. Демек, оқу пәнін толық

игерту үшін білім орындары толық материалдық-техникалық базамен жабдықталған, оқушылар үшін қолжетімді болуы қажет.

4. Көрнекілік. Сандық құралдарды қолдану алғашында оқушылар үшін қиын болып қабылдануы мүмкін. Бұл берілетін білімнің нәтижелі меңгертілуіне кедергі келтіреді. Аталған қиындықты болдырмаудың бірден-бір жолы оқу материалын көрнекті түрде ұсыну. Жаңа ұғымдарды көрнекілік ұстанымымен таныстыру, оны қолданудың әдіс-тәсілдерін көрнекі түрде жеткізу, осы арқылы ақпаратты қабылдауды жеңілдете түсу.

Қазіргі қазақстандық білім беруді ақпараттандыру жағдайында жаңа ақпараттық технологиялар мұғалімнің іс жүзінде оқу процесінің барлық кезеңдерінде қолданылуы мүмкін: теориялық материалды дайындау, пән бойынша ақпараттық және әдістемелік құрал жасау, сабаққа арналған демонстрациялық материалдар әзірлеу, оқушылардың білімінің нәтижесін анықтау кезінде.



1.3.1 – сурет. АКТ құралдары

Оқу үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды қолданудың негізгі үш құрылымдық элементтері көрсетіледі:

- 1) технологияның өзі (геоақпараттық технологиялар, қашықтан қамтамасыз ету технологиясы, бейнеконференция технологиясы, іс -технология);
- 2) осы технологияларды іске асыратын бағдарламалық қамтамасыз ету (мультимедиялық бағдарламалық өнімдер, компьютерлік тестілеу бағдарламалары және т.б.);
- 3) осы технологияларды іс жүзінде қолдануға мүмкіндік беретін техникалық қолдау (компьютерлер, проекторлар, интерактивті тақталар, СКД және СК-теледидарлар, clickers).

Осыған байланысты мұғалімнің кәсіби қызметі айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Заманауи білім берудің көптеген проблемалары (мұғалімнің кәсіби деңгейін көтеру, жаңа білім беру технологияларын игеру, «өмірге білім беру» қағидасынан «өмір арқылы білім алу» қағидасына көшу) қазір ақпараттық технологиялармен тікелей байланысты.

Дегенмен, бұл мекемедегі қазіргі заманғы ақпараттық технология құралдарының болуы мұғалімдердің кәсіби біліктілігін және білім сапасын автоматты түрде арттыруға әкеледі дегенді білдірмейді. Мұғалімдердің кәсіби қызметіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізу, атап айтқанда, жалпы білім беретін және тарихи білімдегі қазақстандық білім беруді жаңғырту болып табылады. Сондықтан, «Білім беру» ұлттық жобасының барлық бағыттарын көрсететін балалар шығармашылығы орталығының даму бағдарламасының бір бөлімі жаңа білім беру ресурстары мен технологияларын енгізуге бағытталған «Балалар шығармашылығы орталығының оқу-тәрбие үрдісін ақпараттандыру» басым бағыты болды [29].

Жаңа қоғамды ақпараттандыру жүйесі еліміздегі мәдениет, ғылым, тұрмыста, білім мамандықтарына ақпараттық технологияларды қолдану арқылы әске асырылады және қоғамымыздың алдыға қарай дамуының басты факторы ретінде есептеледі.

- Ақпараттық технологияны оқу үрдісіне қолдану жағдайында күтілетін нәтижелер:
- ақпараттық технологияны қолдану арқылы білімнің сапасын көтеру;
- ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін оқу үрдісіне енгізу арқылы білім беру мазмұнын жаңарту;
- ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін оқу үрдісіне қолдану саласы бойынша оқушылардың мамандыққа баулу механизмін құру;
- біздің еліміздегі және шет елдердегі жинақталған ақпараттық ресурстарға жедел ену;
- мультимедиялық электрондық оқулықтарды және бақылау программаларын жасақтап, қамтамасыз ету;
- отандық білім беру жүйелерін біртұтас әлемдік ақпараттық білімдік кеңістікке ену арқылы сабақтастыру;
- білім берудің телекоммуникациялық желілерін құру;
- республиканың білім беру мекемелерін басқарудың біртұтас ақпараттық желісін құруға негіздеп, білім берудің басқарудың ақпараттық желісін құру [30].

Ақпараттық технологияларды пайдалану оқушыларды пәнді тереңдетіп зерттеуге және қарапайым дағдылар мен қабілеттерді дамытуға мүмкіндік беру арқылы оқу үдерісін жеке-дара бөлуге мүмкіндік береді. Жалпы білім беруді жүзеге асыратын қазіргі заманғы мектепте мұғалім әртүрлі дамуымен, білімімен және дағдыларымен, танымдық қарқынымен және басқа да жеке қасиеттерімен бірге 25 оқушымен бір уақытта жұмыс істеуге мәжбүр болады. Компьютер әрбір оқушыға өз бетінше жұмыс істеуге мүмкіндік береді, оқушылардың оқу мүмкіндіктерінің деңгейі жоғарылайды.

Ақпараттық технологияларды пайдалану кезінде пайда болатын екінші мүмкіндік оқушылардың өз бетінше іздену еркіндігін дамыту болып табылады. Білім алушы белгілі бір тапсырмаларды дербес, саналы түрде (біреудің

көмегінсіз) шешеді, сонымен қатар пәнге деген қызығушылығын арттырып, тақырыпты үйренуге деген сенімділікті жоғарылатады.

Үшінші мүмкіндік – мәселелерді өз бетінше шешуде немесе шығармашылық жұмыстарды орындағанда (мәтінді талдауда, сәйкестендіру тестін алғанда, көп нүктенің орнына сөздерді қойғанда т.б.) оқушыларды күнделікті дәстүрлі оқыту процесінен босату үшін компьютерді қолдану.

Қазіргі оқушылардың оқу пәндерінің арасында оқу сауаттылығын арттыруға септігін тигізетін пәндердің бірі ол – қазақ тілі. Бұл пән білім алушылардың креативті ойлауын, логикалық ойлауын, грамматикалық түрде сауатты жазуға, сөйлеу мәнерін дұрыстауға, шығармашылық деңгейлерін жоғарғы деңгейде көрсетуге ықпалын тигізеді.

Жаңа ақпараттық технология оқытушының сабақ жоспарын жүйелі түрде құрастыруы арқылы оқушыларға білім беруіне мүмкіндік жасайды. Қазіргі білім беру кезінде осы технологияны пайдалануда интерактивті тақта мен әр оқушы жұмыс істей алуы үшін берілген компьютерлер ерекше орын алады. Оқушы интерактивті тақтаны сабақты қабылдау барысында жаңа материалдарды маңызды әрі қызықты бағдарламалармен мейлінше қолдана алады.

Оқушыларға қазақ тілі пәнінен сабақ өткенде ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігін қарастырып өтетін болсақ:

- сабақ барысында оқушылардың өз беттерімен жұмыс жасай алуы;
- аздаған уақыт ішінде көптеген ақпарат алып, уақытты тиімді үнемдеуі;
- білім алу деңгейлерін тест тапсырмаларын алу арқылы білу;
- шығармашылық тапсырмаларды жазба түрінде, оқылым, тыңдалым түрінде түсіндіру арқылы жүзеге асыру;
- қашықтықтан оқыту арқылы оқушының білім алу мүмкіндігінің болуы;
- керек мәліметті тез арада біле алуы;
- іс-тәжірибені керек ететін білімді, тапсырманы үйрену;
- оқушылардың қазақ тілі пәні бойынша мәтіндерді талдап, саралауға, әр түрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезіне алу мүмкіндігінің болуы;
- оқушының өмір мен табиғатқа және табиғаттағы құбылыстарға деген ой-пікірлерін кеңейтуге де ықпалы зор.

Оқушы білімін жан-жақты жетілдіру үшін жаңа ұғымдар, үлгілер, жаңаша мазмұндағы әдіс-тәсілдер керек [31, б.21].

Қазақ тілі сабағын өткен кездегі оқытуда пайдалануға болатын тиімді әдіс-тәсілдің бірі – компьютерді қолдану. Компьютерді сабақтың басында және ұйымдастыру, қорытынды кезеңдерінде қолдану мүмкіндігі мол. Және де оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау үшін тест жүйелерін пайдалануға болады. Тест жүйесі мұғалім уақытын тиімді пайдалануына, бір уақыт мезетінде барлық топтарды бақылай алуына мүмкіндігі мол.

Оқушылардың меңгеруі қиындық тудырған күрделі сабақтағы жаңа тақырыпты компьютерді қолдана отырып түсіндірсе, онда оқуға деген қызығушылығы оянады.

Дәл қазіргі сәтте әлемде және елімізде ғылым және техниканың дамыған уақытында әрбір оқушының білім деңгейінің жоғары болуын қажет етеді. Сол себепті де оқушының шығармашылық жағынан белсенді іс-әрекет жасауы, өздігінен терең ойлауы арқылы білім алуы қоғамда, өз өмірінде қажеттілікке әкеліп отыр.

Қазақ тілі сабақтарын компьютерді пайдалану арқылы жоспарлау бағдарламалық қамтамасыз етуді оқыту өнімдері мен компьютерлердің мүмкіндіктерін мұқият зерделеуден басталуы керек. Компьютерді кез-келген сабақта қолдануға болады, сондықтан неғұрлым сапалы нәтижеге қол жеткізу үшін қалай және қашан қолдану керектігін жоспарлау керек.

Компьютерлік бағдарламаларды пайдалану сізге сабақтарды уақытылы жүзеге асыруды қамтамасыз ететін қазақ тілі әдеттегі сабақтары бар компьютерлердегі сабақты сәтті үйлестіруге мүмкіндік береді.

Ақпараттық (компьютерлік) технологиялар, заманауи оқыту құралы бола отырып, кең ауқымды міндеттерді шешу үшін шексіз мүмкіндіктерді ұсынады.

Қазақ тілі сабағының қызықты, әрі сапалы түрде өтілуі әр оқытушының өз сабақ өткізу қабілетіне байланысты. Сондықтан да әрбір оқытушы сабағын әсерлі, қызықты, оқушылардың назарын өзіне аударта алатындай болуы қажет. Оқытушы сабағын дұрыс түрде жоспарлап, жоспарын, мақсатын айқындап алмайынша өзінің көздеген мақсатына жете алмауы ықтимал.

Сабақ өткізу барысында ақпараттық технологияларды қолдану барысында сабақты жоспарлаудың басты талаптары:

- ортада жағымды психологиялық көңіл күй қалыптастыру;
- білім алушының қазақ тілі ережелерін, мәтінмен жұмыс жасауға, тыңдалым арқылы оқып үйренуге деген қызығушылықтарын, ұмтылыстарын, ынта-ықыластарын тудыру;
- түрлі бағдарламалармен жұмыс істей алуына үйрету;
- сабақ барысында кездесетін қиындықтарды шешуге, өздігінен шешім қабылдай білуге дағдыландыру;
- қандай да болмасын мәселені шығармашылық жағынан шешуге бейімдеу;
- оқушының бойында өзіндік жеке пікір, тұжырым, жоспар, түсінік қалыптастыру;
- ой-пікірін, зерттеу нәтижесін, идеясын дәлел ретінде көрсете алуына және қорғай білуге бейімдеу;
- сыныптан тыс немесе жеке орындауға берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға үйрету;
- білім алу барысында алған нәтижелерін, түйген ойларын, тұжырымын ортаға салып және сол ортада қозғауға, пікір алмасуға ықпал жасау.

Мектептің маңызды міндеті, соның ішінде қазақ тілін оқыту, үздіксіз білім беру тұрғысынан ақпарат ағынына бағдарлануға қабілетті тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Танымдық құндылықтарды тану оқушының тиісті когнитивтік, моральдық, этикалық және эстетикалық тәрбиесімен ғана

мүмкін болады. Осыған байланысты білім берудің басты мақсаты, жеке мақсаттарға жетуге болады: жалпы алғанда ғылыми шығарма жазуға қазақ тіліне қатысты жағымды қарым-қатынастар үдерісінде білім алушыларды тәрбиелеу; оқу сауаттылығын меңгерте отырып, білімге деген қызығушылықты дамыту, танымал ғылыми мақалалар, өмірлік проблемалар, мәтіндегі негізгі, қосымша ақпараттарды тануға, мағыналық жағын түсінуге бағыттау. Қазақ тілі гуманитарлық ғылымының негізі және заманауи ғылыми-шығармашылық прогресс, ол мынадай нақты мақсаттарды анықтайды: оқушылардың ғылыми көркемдік мәндегі шығармашылық-әдістемелік сауаттылықтың рөлі туралы білуі.

Мектепті жаңа жүйеге көшірудің қазіргі кезеңінде дәстүрлі оқыту құрылымын сапалы жаңа білім беру жүйесіне айналдыру бұл-қоғамдағы өмірдің жаңаша мазмұнда сауатты, креативті ойлаушыны тәрбиелеу міндеті болып табылады. Оқу үрдісінде оқушылардың білімін өздігінен үйренуі, өзін-өзі тәрбиелеуі және өздігінен білім алуы жағынан өз бетінше дамуы орын алады.

Білімнің ең құнды нәтижесі - икемділік және ойлаудың кеңдігі, оқуға деген қабілеті және қалауы. Бірақ, тәжірибеде білім ордасындағы білім негізінің белгілі бір деңгейін қамтамасыз етеді, ал оқушылардың мүдделері жеткіліксіз дамиды. Бүгінгі білім беру жүйесінде түсіндіру-иллюстрациялық оқыту әдісімен ғана байланысты болуында. Біз, қазіргі кезде білім берудің өзекті мәселесі оқушылардың шығармашылық білімін арттыруымыз қажет. Яғни, жеке тұлғаның жеке сипаттамаларына негізделген жеке оқушының дамуын және өзін-өзі дамытуын қамтамасыз етуі мүмкіндігін ашуымыз керек. Мұғалімнің негізгі міндеті - алған білімді оқушыға жеке-дара түсіндіру. Бұған оқушыларды оқуға деген оң көзқарас қалыптастыру арқылы, білім беруді ұйымдастыру олардың іс-әрекетінің дамуына және өз бетінше шығармашылық ойлау қабілетіне барынша ықпал ететіндігін ескере отырып, қол жеткізуге болады, бірақ бұл үшін оқушылардың өзіндік жұмысын арттыру үшін оқу үдерісін ұйымдастыруға баса назар аудару керек.

Педагогтің жұмыс қызметінде білім алушыларға тиісті ақпаратты берумен ғана шектелмей, танымдық белсенділігін ұйымдастыруда ең үлкен рөл атқаруы қажет. Мәселелерді шешудің көптеген жолдары бар, олардың біріне тоқтала кетсек: оқытудағы қиындықтарды жеңу үшін педагогке көмекші құрал ретінде компьютер қажет, оның жедел мүмкіндіктері зор дидактикалық әлеуетке ие. Сондықтан, көптеген мұғалімдер электронды компьютерлерге үлкен үміт артады, оларды пайдалану мектептің шын мәнінде беретін және қазіргі заманғы қоғамның жас ұрпақтан қажет ететін білім арасындағы алшақтықты азайта алатынына сенеді.

Сандық технологияның қарқынды дамуы және оның функционалдығын кеңейту компьютерлерді оқу үдерісінің барлық кезеңдерінде кеңінен қолдануға мүмкіндік береді: дәрістер, практикалық және танымдық сабақтар кезінде, өзін-өзі дайындау кезінде, мониторинг жүргізу және оқу материалдарының дәрежесін өздігінен бақылау.

Көрнекі материал, мультимедиа және интерактивті модельдер алуан түрлі оқыту процесін жаңа деңгейге шығарады. Психологиялық факторды елемеу мүмкін емес: қазіргі заманғы баланың ескірген диаграммалар мен кестелерге қарағанда ақпараттың осындай нысанда қабылдануы әлдеқайда қызықты. Компьютерді сабақта пайдаланған кезде, ақпарат статикалық, беймәлім сурет ретінде емес, материалды оқудың тиімділігін едәуір арттыратын тыңдалым және бейнежазба ретінде ұсынылады.

Қазақ тілін оқытудағы ақпараттық технологияларды пайдалану маған мынадай міндеттерді табысты шешуге мүмкіндік береді.

- Көрнекі ақпаратты ұсынудың кең мүмкіндіктерін пайдалана отырып оқушылардың ойлау қабілетін дамыту;
- Ақпаратты өңдеудің және ұсынудың динамикалық әдістерін қолдана отырып шығармашылық ойлауды дамыту;
- Бірлескен бейнежазба жобаларын талқылау немесе жасау кезінде оқушылар арасында деректер алмасу процесінде ұжымдық қарым-қатынас жасау;
- Когнитивті қызығушылықты арттыру, студенттердің компьютерлік технологияға деген табиғи сұранысына негізделген;
- Жеке тұлғаның жеке когнитивті қажеттіліктеріне бағытталған оқытудың жаңа әдістерін әзірлеу.

Бұл мәселелерді шешу математикалық модельдеу, компьютерлік графика, мультимедиа, бейнематериалдармен зертханалық эксперименттер нәтижелерін компьютерлік өңдеу сияқты ақпаратты өңдеу әдістерін қолдану арқылы мүмкін болады.

Қорытындылай келе, сандық технологияларды қолдану барысында оқушыларды қызықтыратын негізгі пәндердегі тапсырмаларды тереңдетіп зерттеуге және ізденуге талпынады. Бұл оқушының жеке-дара дамуына мүмкіндік береді. Жалпы оқу үрдісінде білім алушылардың қазіргі заман талабына сай сандық білімдері мен дағдылары қалыптасып, қолдану деңгейі жоғарылайды. АКТ құралдарын сабақ барысында және сабақтың тыс кезінде қолдану оқушылардың тақырып бойынша негізгі ақпараттарды сандық технология арқылы іздеу білім алушылардың қызығушылығын тудыруда.

2 Қазақ тілі пәнін оқытуда сандық ресурстарды қолданудың әдістемелік ерекшеліктері

2.1 8-сынып Қазақ тілін оқытуда қолданылатын тиімді сандық бағдарламалар және оларды қолдану жолдары.

Қазақ тілін оқытуда қолданылатын тиімді сандық бағдарламалар – білім беру үдерісінде негізгі және қосымша ақпараттарды дайындап, оны талдап білім алушыға беру процесі. Бұл процесті іске асырудың негізгі құралы компьютер болып табылады, сол себепті қазіргі мектепке шығармашылық ізденіс қабілеті дамыған, жаңа педагогикалық технологияларды жете меңгерген, мамандық шеберлігі қалыптасқан, жаңа ақпараттық технологиялардың тілін білетін мұғалім қажет.

Енді, осы ақпараттық технологияларды жүзеге асырудағы жұмыс түрлеріне тоқталып өтейік:

Ақпараттық технологиялардың бірі — интерактивтік тақта, мультимедиялық және онлайн сабақтары.

Өзім тәжірибеден өткен мектепте де жаңа ақпараттық технологияларды қолдану кеңінен қарастырылған. Мектеп кабинеттерінде интерактивтік тақта орнатылған. Сондықтан бұл тақтамен әр сабақты қызықты өткізуді ойластырып, жоспарлаймын, себебі қолда бар мүмкіндіктерді пайдалану арқылы оқушыларды жаңа заман технологиясымен жұмыс жасауға үйретемін.

Менің жұмысымның мақсаты- Қазақ тілі пәнін сандық ресурстар арқылы оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері жүйесін жасау. Сонымен қатар, қазақ тілі сабақтарында, сыныптан тыс іс-шараларда танымдық белсенділікті арттыру құралы ретінде оқушыларды оқытудың ынталылығын арттыру болып табылады.

Сандық технологияны қолданудың мақсаттары:

- оқушылардың оқу сауаттылығын, қызығушылығын арттыру, оқушыларды белсенді шығармашылықпен, ғылыми - зерттеу жұмыстарымен айналысуға жағдай жасау;
- ақпараттық технология сабақтарында оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру;
- баланың қызметінде креативті ойларын дамыту, оның негізгі міндетті пәніне оң ықыластарын қалыптастыру;
- оқу үрдісінің әртүрлі сатыларында танымдық белсенділікті арттыру құралы ретінде қазақ тілі сабақтарында сандық ресурстарды пайдаланудың оң жағын анықтау;

Ақпараттық технологияның қазақ тілі пәні сабақтарында қолданылатын формалары мен әдістері, сабақ үстінде пайдаланудың формалары мынадай болып келеді:

- сабақ барысында техниканы қолдану арқылы материалды түсіндіру, оқушыны сөйлету және пікірталас, бекіту, оқушылардың білімін бақылау, жеке жұмыс, талдау, тестілеу, қажет ақпаратты іздестіру;

- сабақтан тыс уақытта оқушының дербес, өздігінен қолдануы, яғни үй тапсырмасын орындау, презентациялар, рефераттар даярлау, өзіндік бақылау;
- оқытушының сабаққа даярлық кезеңінде қолдануы, яғни арнайы материалды іріктеп алу, тапсырмаларды дайындау және т.б.

Цифрлық технология әдістерін төмендегідей бірнеше бағытта қолданып отыруға болады:

1. қазақ тілі сабағында өмірлік үрдістерді сипаттап, талдау жасау үшін компьютер немесе басқа да ақпараттық құралдар арқылы көрнекілік ретінде суреттер, диаграмма мен бейнероликтерді кеңінен қолдануға болады.
2. оқушылардың есту, көру қабілеттерін дамыту үшін мәтінде берілген шығарма мазмұнын анимация арқылы қолдануға тиімді.
3. мультимедиялық оқулықтар көмегімен күрделілігі жөнінен түрлі деңгейдегі шығармашылық, тест, сәйкестендіру тапсырмалары мен зерттеу жұмыстарды талдап, орындауға болады.
4. алған білімдерін тексеріп, бекіту өте тиімді. Қазіргі кезде оқытудың жаңа үрдісіне сай мектепке барлық пәндерден тест әдісі кеңінен қолданылады. Әсіресе тарау, тақырыпты қорытып, қайталауда тест тапсырмаларын оқушылар қызыға орындайды [32].

8-сыныпта қазақ тілі сабағының үлгісі бойынша ақпараттық технология көмегімен оқытудың әртүрлі сатыларында когнитивтік күшейту қызметін жетілдірудің жолдары мен құралдарын анықтауға әрекет жасалды.

1. Жаңа материалды түсіндіру әдістері. (Түсіндірме иллюстрациялық әдіс)

Цифрлық оқыту бағдарламасында жаңа материалды түсіндіру ақпараттық баяндау; проблемалық баяндау; дедуктивті баяндау; эвристикалық ізденіс; көрнекілік әдістері (сөздік көрнекілік, аудиолық көрнекілік, визуалдық көрнекілік) арқылы жүзеге асырылады. Қазақ тілі сабақтарында берілетін жаңа материалдың мазмұны сабақтың лексикалық тақырыбына сай іріктелген мәтіндердің мазмұнын, бағдарлама мазмұнына сай меңгертілуге тиісті лексика-грамматикалық білімдердің мазмұнын және мәтіндегі жаңа сөздерді қамтиды.

Жаңа материалды меңгеру процесі оқу мәтінінің мазмұнымен танысудан басталады. Мәтін мазмұнымен танысу, оны қабылдап-түсіну *тыңдау-көру* және *тыңдау-оқу* әдістері арқылы жүзеге асырылады. Мәтін мазмұнын тыңдау-көру (аудиовизуалды) әдісі арқылы қабылдау мен түсіну оқушының мәтінді дыбыстық жазба арқылы тыңдауына, және, сонымен бір мезетте, мәтін мазмұнына сай іріктелген видеокөріністің көмегі арқылы көрнекі-образды ойлауының негізінде түсінуіне негізделген. Мәтін мазмұнына сай іріктелген видеокөріністер, бір жағынан, оқушының қызығушылығын туғызса, екінші жағынан, видеокөріністі көру кезінде іске асырылатын көрнекі-бейнелі ойлау процесінің негізінде мәтін мазмұнын түсінуге көмектеседі. Мәтінді бұлайша қабылдап-түсінуде оқушылардың тыңдалымдық (аудитивті) дағдылары, көрнекі-бейнелі ойлауы қалыптасып, дамиды. Мәтінді оқыған диктордың

(аутенттік тұлғаның) мәнерлі, құлаққа жағымды даусы да мәтін мазмұнының дұрыс қабылдануына белгілі бір дәрежеде психологиялық ықпал етеді.

Сандық технологияның құралдарымен жұмыс істеу барысында презентацияларды қолдандым, және қызықты етіп жасауға тырыстым. Көрнекі оқу құралдары немесе иллюстрациялық материалдар - мәтінді түсіндіретін сызбалар, диаграммалар, фотосуреттер, мультимедиа және басқа графикалық бейнелер.

Көрнекі құралдар дидактикалық тапсырмаларды орындауға өте тиімді.

Яғни:

- көрнекі-фигуративті ойлауды дамытуға үлес қосу;
- кез келген оқу материалдарын игерудегі назарын күшейту құралы ретінде әрекет ету;
- зерттелетін теориялық мәселелерді анықтауға мүмкіндік береді;
- зерттелетін материалды практикалық қолдану аясын кеңейту;
- тікелей бақылау үшін қол жетпейтін бірқатар процестер мен құбылыстарды модельдеуге мүмкіндік жасайды;
- зерттелген құбылыстарды диаграммаларды, кестелерді және т.б. пайдалана отырып айқын жүйелейді және сыныптайды;
- студенттердің білім беру және тәрбиелік қызметін жандандыруға үлес қосу;
- оқу материалдарының дәрежесі туралы ақпаратты алуға мүмкіндік береді.

Мультимедиялық лекциялар - мұғалім өз функцияларының компьютерлік бөлігіне жіберетін оқу материалдарын таныстыру, бұл оқушыларға әсерін арттырады. оқу материалын меңгеру де көзбен қабылдау әдісі болып табылады. Бірақ мұғалім компьютермен алмастырылмайды, бірақ оның жеке шығармашылық ерекшеліктерін толықтай жүзеге асыратын негізгі актер болып қала береді.


Презентациялардың артықшылықтары лекциялық уақытты үнемдейді, кешенді түрлендірулердегі қателіктердің болмауы, көрнекілік, аудиторияның дұрыс түсінбеген кез келген жеріне оралу мүмкіндігі, бейне, аудио материалдар мен күрделі эксперименттер анимациясын көрсету мүмкіндігі.

Презентация тәжірибесінен мынаны қорытындылады:

- Оқушылардың материалға шоғырлануы 100% -ға жуық;
- оқу тақырыптарының жылдамдығы мен сапасы артады. Келесі сабақта оқушылар оқыған тақырып бойынша жұмыс істейді;
- оқытудағы жауапкершілікті арттыру.


Мультимедиялық құралдарды сабақта пайдалану білім беру материалын тереңірек есте сақтауға мүмкіндік береді, оны бейнелі қабылдау арқылы, оның эмоциялық әсерін күшейтеді. Мысалы, Emaze 3 D презентациясы (2.1 1-сурет) бірнеше минут ішінде презентацияны дайындайтын өте пайдалы құрал. Мұнда мұғалімнің креативті 3D презентацияны жасау барысында көмектесетін кәсіби стильдегі шаблондар бар. Қазақ тілі сабағында «Сөздердің байланысу түрлері»

тақырыбын Emaze 3 D презентациясы арқылы түсіндірдім. Білім алушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын байқадым.



2.1 1-сурет. Emaze 3 D презентациясы
(<https://www.emaze.com/@A00TQIFIW/sales-report>)

PowerPoint-қа ұқсас бірақ, қолжетімді функциялары көп бағдарламаның бірі Visme. Сабақ түсіндіруде бұл бағдарламаның тиімділігі сабаққа қатысты барлық деректерді, бейнелерді, аудионы, карталарды, графикалық құралдар мен кескіндемелерді, сілтемелерді және басқаларын дизайнды шаблондармен бірге қолдануға болады. Маған «Көне түркі жазбалары-баға жетпес құнды байлық» тақырыбын түсіндіру барысында Visme бағдарламасын (2.1 2-сурет) қолдану өте тиімді болды. Себебі тақырыпқа қатысты суреттер мен видеокөріністерді енгізу арқылы оқушылардың жаңа ақпаратты қабылдауы жылдам болды. Сондай-ақ тірек-сызбалар және таблицалар арқылы берілген ақпараттарды пайдаланып, оқушылар сұрақтарға дер кезінде жауап бере алды.




2.1 2-сурет. Visme бағдарламасы
(<https://my.visme.co/view/kkypyyyx-18r27vy7d3xz26qz>)

Анимациялық презентациялар мен видеолар жасауға мүмкіндік беретін онлайнды бағдарламалардың бірі Powtoon. Сервистің басты артықшылығы ретінде графиканың айтарлықтай стильді болып, кейіпкерлер санын (2.1 4-сурет) және оларды өзара байланыстыра алу мүмкіндігін айтуға болады. Сонымен қатар, дайын болған видеоны YouTube-ке салуға немесе MP4 форматында сақтауға болады. Сервис мультипликаторларға қарапайым

болғанымен, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы мен біліктілігін арттырады. Маған Powtoon арқылы грамматикалық ережелерді анимациялық видео-презентация арқылы түсіндіруде өте қолайлы. Әсіресе нақты мысалдарды (2.1 3-сурет) суреттер арқылы көрсету оқушының ақпаратты тез қабылдауы үшін тиімдірек.



2.1 3-сурет. Powtoon.com бағдарламасы
(Watch my Powtoon: Teacher Intro)




2.1 4-сурет. Powtoon.com бағдарламасы
(Watch my Powtoon: Teacher Intro)

Оқулықтағы көлемді (тұтас және аралас, графиктік мәтіндерді), ережелер мен мәліметтерді түсіндіру үшін *Инфографиканы* қолдану тиімді. Инфографика-мәтін мен графиканың кез-келген тіркесімін, ақпарат, деректер мен білімді жеткізудің графикалық тәсілі. Бұл тәсілді қолдану себебім, қазіргі таңда білім алушылардың қабылдау деңгейі ұзақ емес. Көлемді мәтіндер мен ақпараттарды дұрыс тыңдай және оқи алмайды. Сол үшін күрделі ақпаратты жылдам және анық ұсыну қажет болған кезде қолданамын. 8- сыныптың оқу мақсаттарында (Ж. 8.3.2.1 - жанрлық және стильдік ерекшелік-теріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, құрастырып жазу) мақала жазу

берілген. Алдымен мұғалім тарапынан мақала түрлері мен жазу алгоритімін түсіндірілуі қажет (2.1 5-сурет). Мен инфографика арқылы түсіндіруде Canva бағдарламасын қолдандым. Бағдарламаның мүмкіндіктері өте көп айта кетсем дайын креативті дизайндар мен шаблондары мол, графикалық суреттер мен иллюстрациялық суреттерді жүктеп қолдануға болады, сонымен қатар командалық тапсырмалар мен жоба жұмыстарын бірлесіп жасауға қолайлы веб-графикалық бағдарлама.

Алайда инфографиканы пайдаланып қана қоймай, құру да маңызды бұл кез-келген білім алушының креативті, жүйелі ойлауын, шығармашылық белсенділігін арттырады. Топтық тапсырмаларды орындатқызыдыру кезінде аса тиімді. Білім алушылар бірлесе тақырыпты талқылап, ұжымдасып шағын жоба жұмысы ретінде де орындай алады. Мысалы мен 8-сынып оқулығындағы берілген «Қазақтың киіз үйі» тақырыбы бойынша топтық тапсырма бердім (2.1 6-сурет). Нәтижесінде оқушылар үшін дайын шаблондарды алып, берілген тапсырманы өздері сызба-нұсқалармен, суреттер мен мәліметтерді толтырып жазу ыңғайлы болды.



2.1 5-сурет. Canva веб-графикалық дизайн бағдарламасы

https://www.canva.com/design/DAEwzmBWNZc/K_GzA5htg4mk02iNcRISww/edit?utm_content=DAEwzmBWNZc&utm_campaign=designshare&utm_medium=link2&utm_source=sharebutton


Тапсырма (топтық жұмыс)

Әр топ киіз үйді ғылыми тұрғыда сипаттап, топта талқылап, ақпараттарыңызды инфографикаға салып жазыңыздар:

1. **Тарихшылар тобы:** киіз үйдің шығу тарихы, киіз үйдің атқарған қызметі туралы таратып айтады.
2. **Этнографтар тобы:** киіз үйдегі қолөнер бұйымдарына түсінік береді

3. **Математиктер тобы:** киіз үйдің сәулет өнерінің туындысы екенін, оның күрделі геометриялық бөлшектерден тұратындығын дәлелдейді


4. **Астрономдар тобы:** киіз үйдегі астрономия заңдылықтары туралы айтады



2.1 6-сурет. Canva веб-графикалық дизайн бағдарламасы

(https://www.canva.com/design/DAEwzmBWNZc/K_GzA5htg4mk02iNcRISww/edit?utm_content=DAEwzmBWNZc&utm_campaign=designshare&utm_medium=link2&utm_source=sharebutton)

Білім алушылардың есте сақтау және шығармашылық қабілетін дамытатын сандық құралдың бірі- ақыл-ой картасы. Бұл концепциялар мен идеяларды түсінуді жеңілдетуге бағытталған, орталықтан бастап иерархиялық мағынада ұйымдастырылған бейнелер мен сөздердің жиынтығы. Интеллект картаның тиімділігі ой қызметін ұйымдастырудың тиімді әдісі, ақпараттарды жылдам есте сақтап, одан соң қажет мәліметті тез еске түсірудің оңай жолы, мидың жақсы жұмыс жасауына жеңіл болатындай етіп ақпараттарды синтездеу әдісі. Мәтін бойынша негізгі және қосымша ақпаратты ажырата білуге мүмкіндік беретін маңызды идеяларды бөліп көрсетеді. Мен үшін «Жай сөйлемдердің айтылу мақсаты мен эмоциясына қарай бөлінетін түрлері» ережесін (2.1 7-сурет) түсіндіруде ұтымды болды. Оқушылар сұрыпталған ақпаратты тез қабылдап, тапсырмаларды орындады.



2.1 7-сурет. Mindmeister ақыл-ой картасы

<https://www.mindmeister.com/2313126230?e=turtle#>

Осылайша түсіндірме-иллюстрациялық әдіс оқушылардың танымдық белсенділігін арттырады.

2. Зерттеу және іздеу әдісі

Мектеп медиа кітапханаларын және Интернет-ресурстарын белсенді пайдалануға бағытталған. Оның ерекшелігі - пәнаралық қарым-қатынасты нығайтуға мүмкіндік беретін интеграциялық сипат. Зерттеу кезінде оқушы зерттеуші ретінде жұмыс істейді, оның экспериментінің нәтижелерін талдайды және қорытынды жасайды. Осындай сабақтарда мұғалім кеңесші рөлін атқарады.

Бір қытай әңгімесінде: «Айтсаң, мен ұмытып қаламын; маған көрсет, менің есімде болады; мұны істеуге рұқсат ет, мен түсінемін». Бұл әңгімеден интерактивті оқытудың тиімділігін, оқу үрдісіндегі оқушылардың әрекеттері арқылы білетін және ойланатын нәрселерді түсінуге және ойлануға мүмкіндік береді және ұйымдастырылады. Интернеттің арқасында мұғалім мен оқушылар көрнекі материалға қол жеткізе алады.

Зерттеу-іздеу әдісі сияқты интерактивті әдістерді пайдаланған кезде оқушы қабылдау процесінде толық қатысушы болады, оның тәжірибесі танымының негізгі көзі болып табылады. Мұғалім дайын тұрған білімді бермейді, бірақ оқушылардың өз бетімен ізденуіне шақырады. Бұл әрекетті ұтымды жүргізу үшін Padlet онлайн тақтасы тиімді. Себебі, Padlet — бұл әр оқушыға өз жұмысын тақтаға шығаруға, ал мұғалімге-оған көп уақыт жұмсамай және ауыр дәптерлерді жинамай-ақ, әр оқушыға түсініктеме беруге және бағалауға мүмкіндік беретін қызмет [33].

Padlet виртуалды тақтаның тиімділігі- білімді өзектендіру үшін. Барлық сабаққа қажетті материалдарды виртуалды тақтаға қойсаңыз, білім алушы интернет көздерінен ақпараттарды іздестіріп, тапсырманы ауызша немесе жазбаша: презентация, интерактивті плакат, жад картасы немесе постер түрінде тапсырманы орындап, ұсына алады. Сондай-ақ, алынған виртуалды тақтаны сайтқа енгізуге болады. 8-сынып оқулығындағы «Әлемнің әйгілі театрлары» тақырыбы бойынша тапсырмаларды Padlet виртуалды тақтасына енгіздім (2.1 8-сурет). Бұл тапсырманы орындау кезінде оқушылардың зерттеушілік және ізденушілік қабілеттері артты. Бұл жұмысты орындау үшін оқушы көп ізденеді. Өзінің сөздік қорындағы бүкіл сөз байлығын жұмсайды. Өйткені бұл тапсырма нәтижесінде көрініс тапты. Білім алушылардың көбісі «FILA» кестесін толтыруда өздігінен ақпараттарды анализ-синтез жасап, сұрыптап жазған. Вена опера театрына виртуалды саяхат жасағаннан кейін, өз әсерлерін аудио, видео және жазбаша нұсқада ұсынған. Онлайн тақтаның сілтеме, картамен жұмыс қызметтерін қолданған оқушыларда болды.



2.1 8-сурет. Padlet online тақтасы
<https://padlet.com/arukasimova22/o798v5th054a7jn5>

Көптеген білім беру платформаларындағы барлық тапсырмаларды мұғалімдердің өздері ұнатпайтыны анық, өйткені олар веб-сайттарда дайын түрде ұсынылған. Бірақ, әрбір мұғалім сабақты дайындаған кезде өз шәкірттерінің білім деңгейін, қабілетін, дағдысын ескеруі міндетті. Сондықтан тапсырмалар әр сыныптың білім деңгейіне қарай «жеке» таңдалуы қажет. CORE платформа мұны істеуге мүмкіндік береді.

CORE – оқу материалдарын құрастыруға және оқушылардың білімін тексеруге арналған онлайн платформа [34]. CORE бағдарламасында оқушылар жаңа тақырыпты зерттей алатын, қосымша ақпараттарды іздей алатын, жаттығу жұмыстарын немесе викториналарды орындай алатын, тіпті ойнай алатын сабақ жасауға болады. Сонымен бірге оқушылардың қайсысы жаңа материалды оқып жатқанын, ал кім жаттығуларды жазып жатқанын көруге болады. Бұл платформаның үлкен тиімділігі - кейбір тапсырмаларды автоматты түрде тексеруге болады. CORE платформасында сабақты жобалау үшін, біріншіден, мұғалім ретінде тіркелу керек. Бұл жағдайда оқушыларға тіркелудің қажеті жоқ. Өйткені сабаққа сілтеме алған кезде оқушы тек өзінің деректерін (тегі мен аты-жөнін) енгізуі қажет болады. Барлық тапсырмалар мен сабақтар оқушыға толық қолжетімді.

CORE жүйесінің үлкен жетістігі - сабақтарды қалталарға ұйымдастыру мүмкіндігі, жеке компьютерде бос орынды үнемдеуге мүмкіндік береді. CORE жүйесінде сабақты құруға арналған дайын үлгілер де, мұғалімнің шығармашылығын көрсетуге мүмкіндік беретін бос үлгі де бар. Сайттың интерфейсі барынша тиімді әрі интуитивті. Сондықтан сабақ құру қиын емес. Сабақты құрудың барлық құралдары экранның сол жағында орналасқан (2.1 9-сурет). Тінтуірдің көмегімен мұғалім жұмыс бетіне қажетті блоктарды «сүйреп» алып, оларды өз ақпаратымен толтыра алады. Сабақта бейне, сурет, аудио, мәтін, мәтіндік құжатты қатар қосуға болады (2.1 10-сурет). CORE платформасындағы «Тест» құралы сабақта автоматты тексерумен тест құруға мүмкіндік береді (2.1 11-сурет). Бұл ретте мұғалім сабақ уақытын немесе оған

қол жеткізу мерзімін шектей алады. Тест тапсырмаларын рандомизациялау арқылы жүктеуге болады. Әртүрлі деңгейдегі оқушыларға тест тапсырған кезде картадағы сұрақтардың әртүрлі реті көрсетілетінін білдіреді. Тестке қосымша, бос терезеге енгізуге мүмкіндік бар. Ол арқылы оқушы жауап беруі қажет «ашық сұрақты» пайдалануға да болады. Мұндай жаттығу автоматты түрде тексерілмейді, мұғалім әр оқушының жауабын өзі тексеруі керек.

«Жіктеу» тапсырмасы. Бұл жіктеу тапсырмасын қосуға мүмкіндік береді: оқушылар карталарды тақырыптық себеттерге орналастыруы керек. «Автоматты тексеруі бар сұрақ» пішімдеу функциясының арқасында сұрақтың сипаттамасына сурет қосуға мүмкіндік береді (сұрақ сипаттамасында мәтінді таңдаған кезде қолжетімді).

«Бос орындарды толтыр» мәтінге/сөзге/мысалға бос өрістерді оқушының әрі қарай толтыруы үшін мүмкіндік береді (2.1 12-сурет) . Тапсырманың орындалуын тексеру автоматты түрде жүреді.

Диалог жаттықтырушысы - бұл шағын ойын. Бұнда имитациялау және әрекет ету нұсқалары ұсынылады. Оқушы осы ойынның басты кейіпкеріне айналады, ол не істеу керектігін өзі таңдауы керек. Ойын кейіпкердің сұраққа қалай жауап беретіні оның әрі қарайғы жолына байланысты.


«Рефлексия» сауалнама және кері байланыс элементтерін қамтиды (2.1 13-сурет).

«Сауалнама» кері байланыс алу үшін, мысалы, сабаққа сауалнама қосуға мүмкіндік береді. Онда дұрыс жауап ЖОҚ және оқушы өз жауабын толтыруы үшін «Басқа» опциясын қамтуы мүмкін.

«Бақылау жұмысы». Бұл режим көзге көрінбейтін сынақ нәтижелерін, орындалған тапсырмалар мен жауаптар бойынша түсініктемелер жасауға мүмкіндік береді (сіз оны кез келген сынақтарыңыз үшін жасай аласыз).

«Презентация». Бақылаудан басқа сабақтың барлық беттерін презентация режимінде көрсетуге болады. Бұл жүйе сыныпта пайдалануды жеңілдету үшін алдын ала орнатылған [35].


8-сынып оқулығындағы «Қазақстандағы туризм» тақырыбы бойынша білім алушылар CORE платформасы арқылы тапсырмаларды орындады. Оқушылар жүйелі түрде ең алдымен мәтінді оқып, мәтіндегі тыныс белгілерінің қойылу себебін жазды. Содан соң видеоматериалды көріп, видеодағы ақпараттар негізінде тезис жазды. Алған ақпараттар төңірегінде тест тапсырмалары мен жазбаша тапсырмаларды орындады. Бұл платформаның тиімділігі білім алушылар жазбаша өз ойларын толық білдіріп, рефлексия бере алады және тапсырмаларды кезең-кезеңімен, жүйелі түрде орындайды.




2.1 9-сурет. CORE платформасы. Мәтінмен жұмыс
<https://coreapp.ai/app/player/lesson/62a475eefa456be01c6c526c>




2.1 10-сурет. CORE платформасы. Видеомен жұмыс
<https://coreapp.ai/app/player/lesson/62a475eefa456be01c6c526c>



2.1 11-сурет. CORE платформасы. Тестпен жұмыс
<https://coreapp.ai/app/player/lesson/62a475eefa456be01c6c526c>



2.1 12-сурет. CORE платформасы. Бос орынды толтыру қызметі
<https://coreapp.ai/app/player/lesson/62a475eefa456be01c6c526c>



2.1 13-сурет. CORE платформасы. Рефлексия
<https://coreapp.ai/app/player/lesson/62a475eefa456be01c6c526c>

Осылайша, зерттеу-іздігіру әдісі білім алушылардың білім мен өзін-өзі бағалауды меңгерудегі тәуелсіздігін арттырады, сыни ойлауды қалыптастыруға ықпал етеді, сондай-ақ оқуға практикалық бағдар беруді күшейтеді.

3. Оқушылардың білімі мен дағдыларын бақылау мен түзету әдісі.

Білімді бақылау және түзету әдістерінің бірі тестілеу болып табылады. Тестілеу дәстүрлі нысанда болуы мүмкін: алдымен слайдтарда сұрақтар мен жауаптар пайда болады, содан кейін дұрыс жауаптар пайда болады. Бұл әдіс оқу уақытын едәуір үнемдеуге мүмкіндік береді. Тестілеу тек қана білімді бақылаудың ғана емес, сонымен қатар білім берудің маңызды элементі болғандықтан, тестілеудің құралдарын таңдауға және дамытуға белсенді түрде жұмыс жасалады.

Жұмыстың нәтижесі:

- қазақ тілі мен ақпараттық технологияны зерттеуде мотивацияны арттыру;
- аудиториямен сөйлесу тәжірибесін меңгеру;
- оқушылардың өзін-өзі бағалауы.

Сонымен қатар, бұл әдіс оқушылардың білімдерін, дағдыларын және қабілеттерін тестілеудің әр түрлі нысандарын ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Оқу материалдарын тексеру үшін бірнеше тапсырма түрі қолданылады. Мысалға, электронды нұсқада тестілер, сұрақтар мен жауаптары бар карта нұсқалары. Білім алушының сабақты қаншалықты меңгергенін анықтау үшін тест алу аса маңызды. Компьютерлік тестілер арнайы бағдарламалар арқылы жасалған сынақтар болып табылады. Мұндай бағдарламаларды интернеттен тегін сатып алуға немесе жүктеуге мүмкіндік бар. Сынақтарды мұғалімнің өзі жасай алады. Сол сынақтарда әртүрлі типтерді қолдануға болады (опцияларды таңдау, формуланы жалғастыру, хат алмасу, дәйектілік) және сұрақтардың күрделілігін (өте жеңіл, қарапайым, қалыпты, қиын, өте қиын). Қажет болса, мәселені суретке түсіруге де болады.

Цирлық бағдарламалардың бірі «EasyTestMaker» бағдарламасы. Бұл бағдарлама арнайы тест алу үшін өте тиімді. Себебі, қызметтері өте көп. Атап айтқанда, оқушы компьютерде берілген жауаптың біреуін таңдайды (2.1 14-сурет), дұрыс немесе бұрыс жауаптың біреуін таңдайды (2.1 15-сурет), ашық сұрақтарға өз жауабын пернетақтаның көмегімен тиісті орынға жазады, сұраққа компьютерде берілген жауаптардың тиістісін тінтуірдің көмегімен жауапты орналастыру үшін берілген бос ұяшыққа тасымалдайды. Мұндай тапсырмаларды орындау арқылы оқушы мәтін мазмұнын терең меңгереді, логикалық ойлауы дамиды, сауатты жазу дағдылары қалыптасып, дамиды.

2

Еастырма қызметін аткарып тұрма- сан есиді көрсетеді.

Жүзден жүзге мыңнан түспеді

Сабақты өтеуіміз ойдаы

Отыз - онға бөлмеді

Сексенге бірге бөл



2.1 14-сурет. EasyTestMaker бағдарламасы

<https://www.classroomclipboard.com/916833/Test/9BDBE804-9E88-4743-8394-AB4EB0A63EC1>

3

Саға мұнды

Жалпы өсімінен болған бастауыл.

True

False



2.1 15-сурет. EasyTestMaker бағдарламасы

<https://www.classroomclipboard.com/916833/Test/9BDBE804-9E88-4743-8394-AB4EB0A63EC1>

Тесттің бірнеше түрін қолдануға мүмкіндік беретін «ProProfs» компьютерлік тестілеу бағдарламасын қолданып көрдім. Бағдарлама көмегімен электронды тестілеуді жылдам алуға және нәтижесін көруге болады. Тесттің екі түрлі режимде жасауға болады, қарапайым сынақтарды және күрделі сынақтарды. Бағдарламада сынақтарда бейнелерді қолдануға және сынақтарды жасау барысында қосымша файлдар мен мәтіндік ақпаратты тіркеуге мүмкіндік береді. Бұл мәтіндік ақпаратты HTML пішімдеуімен қоса аласыз, ол кестелерді, графиктерді және белгілі бір ережелерге сәйкес пішімделген мәтінді ғана қосуға мүмкіндік береді.

Бұл бағдарламада тест тапсырудың бірнеше түрі бар: жауаптың бір ғана дұрыс жауабы берілген, бірнеше жауабы берілген, оқушылардың өздері ашық сұраққа жауап жазуы арқылы берілетін жауап, жауаптарды сәйкестендіру (2.1 16-сурет), бос орындарды толтыру, берілген шамаға анықтама берілу арқылы берілетін жауап түрлері бар.

Бұл бағдарламаны қолдану арқылы оқушыларды аз уақыт ішінде бағалауға көмекші құрал қызметін атқарды. Сонымен қатар оқушылардың арасында қызығушылықты оятады, креативті ойлауларын қалыптастыруда септігін тигізді.

Тесттерді жасау бағдарламасының қосымша мүмкіндіктері тестілеу серверінің қолжетімділігін қамтиды, соның арқасында сынақ жасаған және бірнеше компьютерде сыныпта тестілеуді жүргізетін мұғалім бағдарламаның серверлік бөлігін орнатқанда компьютерден тесттердің орындалуын оңай бақылауға ала алады.

Question 3 / 3

Сөйкестендіріңіз

Жақсыз сөйлем

Жақты сөйлемді көрсетіңіз

Жалаң сөйлемді көрсетіңіз

Жайылма сөйлемді көрсетіңіз

Submit my answers

Ұлттық бағам талмас аял беру керек

Сіл өте көркем жетті

Рышмет күтсі, еуанды

Select a Match

Select a Match

Сіл өте көркем жетті

Ұлттық бағам талмас аял беру керек

Рышмет күтсі, еуанды

Сіл бас жүретіні сонда

ProProfs
Quiz & Poll

2.1 16-сурет. «ProProfs» тестілеу бағдарламасы https://www.proprofs.com/quiz-school/ugc/story.php?title=8_4098q5

Kahoot – ойынға негізделген сұрақтарға жауап беру жүйесі. Бұл бағдарламаны біздің қолдана алуымыз үшін қазақ тілі кабинетінде компьютер және интернет желісі болуы шарт. Және де оқушыларда жеке ұялы телефон қолдану мүмкіндігі қажет. Себебі, мұғалім компьютері арқылы бір мезетте бір тесті әртүрлі гаджеттермен қатыстыра алады.

Ең маңыздысы Kahoot — білімді тексеруде ыңғайлы, қызықты сандық ресурс болып саналады. Оқушылар жеке құрылғыларын пайдалана отырып жауап бере алады.

Бағдарламаны жасау және қолдану тез әрі оңай. Қағазға негізделген емтиханға қарағанда әлдеқайда қызығырақ. Анализ жасауда мұғалімнің уақытын үнемдейді.

Сервисті пайдалану алгоритмі:

- Сурет және видео қосу мүмкіндігіне ие сауалнама (тест) құру;
- Виртуалды кабинеттің номерін (жүйе генерациялайды) беру;
- Проектор арқылы тапсырманы экранға көрсету;
- Оқушылар мобильді құрылғылар арқылы виртуалды кабинетке кіреді;
- Мобильді құрылғыларда тапсырмалар көрінеді және оқушылар орындайды;
- Жалпы экранда оқушылардың жауаптарын көрсету. Тез әрі дұрыс жауап берген оқушы жеңімпаз;
- Оқушылар дұрыс жауапқа сәйкесінше балл алады.

Бұл бағдарламаға оқушылар сілтеме арқылы және сонда кіруге арналған сандар (код) беріледі, сол сандарды теру арқылы тестке кіре алады [36].

Барлық оқушылар тіркеліп болған соң экранда сұрақ көрсетіледі, оған белгілі бір уақыт беріледі. Оқушылар сол уақыт аралығында жауабын тауып, белгілеп шапшандық танытуы қажет. Жауап соңында қанша оқушының дұрыс немесе бұрыс жауап бергендігі жайлы мәлімет көрсетіледі. Соңында оқушылардың нәтижесі көрсетілген кесте шығарылады. Экранда шапшандығы

жөнінен, және дұрыс жауап берген ең үздік үш оқушының деңгейі көрінеді (2.1 19-сурет)



2.1 17-сурет «Kahoot» бағдарламасы. Тест сұрақтары
<https://create.kahoot.it/details/4336c0ac-d1f8-4bb8-94e3-ff5125ea32c6>



2.1 18-сурет «Kahoot» бағдарламасы. «Шын» немесе «Жалған» сұрақтары
<https://create.kahoot.it/details/4336c0ac-d1f8-4bb8-94e3-ff5125ea32c6>



2.1 19-сурет «Kahoot» бағдарламасы.

<https://create.kahoot.it/podium/live-game/40119484-1332-4a40-a0d8-813b267f5782/1653109616899>

Қорыта келгенде «Kahoot» бағдарламасы өте ыңғайлы, пайдалы, оқушылардың қызығушылығы мен есте сақтау қабілетін арттырады, жауаптарын бірден пайыз арқылы білуге болады.

Осылайша, бұл әдіс оқушылардың біліміндегі кемшіліктерді анықтауға және мұғалімнің жұмысын түзетуге мүмкіндік береді.

4.Рефлексия әдісі

«Рефлексия» сөзі латын тіліндегі «reflexio» – «артқа қарау» деген ұғымынан туындайды. Джон Дьюи рефлексиялық ойлауды былай сипаттайды: «Қандай да болмасын бір пікірді не білімнің ықтимал көрінісін олардың негіздерін ескере отырып белсенді түрде, толассыз және мұқият қарастыру, осының салдарынан туындаған қорытындаларды талдау» [37].

Рефлексия зерттеу секілді: адам мұнда өзінің ішкі дүниесін жан-жақты қарастырады, яғни өзін өзі зерттейді. Бұл зерттеудің басты тақырыбы адамның өзі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда рефлексия адамның өзінің ішкі ахуалы мен өзгерістерін тануы іспеттес: адам жасап жатқан әрекеттерін бір сәтке доғарып, өзінің ішкі жан дүниесіне үңіледі, өзімен өзі әңгімелеседі, сырласады, әрекеттерін талдап, оларға баға береді, өзіне «сырт көзбен» қарайды. Осыдан кейін әрекеттеріне өзгерістер енгізеді, кемшіліктерін түзейді, оларды болдырмаудың жолдарын қарастырады, болашақта қандай істер жасайтындығын жоспарлайды. Жалпылама алғанда, рефлексияның қадамдары мынандай болуы ықтимал: 1) Аялдама жасау (тоқтау); 2) Артқа қарау: түсіну, талдау, бағалау; 3) Өзгерістер енгізу; 4) Болашақты жоспарлау [38].

Оқыту үдерісіндегі рефлексия — өзіндік тәжірибе, өзін-өзі тану мен өздігімен үйрену туралы ойлану. Ол білім алушыларға өзінің үйрену әрекеттері мен амалдарын айқындау мен нақтылау, үйренудің мақсат-міндеттерін тұжырымдау, үйрену нәтижелерін сараптап, ой елегінен өткізу мүмкіндіктерін береді.

Білім алушылар әр сабақта рефлексия жасау қажет. Себебі бала рефлексия жасай алмаған жағдайда, яғни өз әрекеттерін түсіндіріп, оларға талдау жасап, бағалай алмаса, онда оның берілген оқу әрекеттерін ғана орындап, бірақ олардың өзінің дамуындағы маңызын түсінбейді. Рефлексия жасай алмайтын оқушы өзінің өзгерістерін де байқамайды.

Білім алуда рефлексия сабақ соңында алынатын, оқушылардың тақырыпты қандай деңгейде игергендігін білуге бағыттталатын қарапайым бекіту мен қорытындылау ғана емес (мәселен, «Сонымен бүгінгі сабақта біз не өттік/білдік/қарастырдық?» секілді сұрақтар арқылы). Рефлексияда оқушы өзінің қалай үйренгендігін (үйренудің қадамдарын, әдіс-тәсілдерін) талдап, оларды түсінуге тырысады. Ол өзінің атқарған әрекеттерін зерделеп, олардың берген нәтижелерін нақтылайды, оларды қалайша жақсарту болатындығы туралы ойланады. Мұндай зерттеу жұмысы білім алушыға жасалынған іс-әрекеттерін талдап, оларды бағалау мүмкіндігін беріп, оны сонымен бірге болашақтағы үйрену амалдарын жоспарлап, өз білгендерін арттыруға ынталандырады. Рефлексияның оқушыға беретін мүмкіндіктері:

– өз ісіне есеп беріп өзін реттеуге дағдыланады.

- ойлауға, сөйлеуге, өзін-өзі дамытуға еркін қол жеткізе алады.
- сыни көзқарасы қалыптасады.
- бәсекеге қабілетті болуға, шешім қабылдай білуге үйретеді.
- өз бетімен білім алуын, шығармашылық қабілетінің дамуын қалыптастырады.

Мұғалім рефлексия арқылы алынған нәтиженің «дұрыс» не «бұрыс» болғанын дәлелдеп, қолданылған әдіс-тәсілдерінің тиімді не тиімсіз болғанын анықтап, орындаған іс-әрекетін зерделейді және соның нәтижесінде келесі сабақ жоспарын құру барысында қолданған әдіс-тәсілдерінің тиімді немесе тиімсіз болған тұстарын ескере отырып жоспарлайтын болады. Оқыту барысында рефлексияның әртүрлі формаларын оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып қолдануды мақсат етіп, ол сабақ соңында асығыс атқарыла салмай, оқушыға байыппен ойлануға мүмкіндік беретіндей етіп ұйымдастырылуы тиіс. Оқыту үдерісінде рефлексияның мынадай түрлерін қолдануға болады:

1. көңіл-күй мен эмоционалдық жағдайды анықтауға арналған рефлексия. Сабақтың басында және аяғында адамның көңіл-күйі бейнеленген карточкалар мен смайликтер, көңіл-күйді білдіретін түстер қолдануға болады;
2. іс-әрекет рефлексиясы. Жеке жазба жұмыс рефлексиясы. Оны үй тапсырмасын сұрау кезінде қолдану тиімді. Сабақтың аяқталған кезеңінде іс-әрекеттік рефлексия тәсілі арқылы сабақ барысында әр оқушының белсенділігін бағалау мүмкіндігін береді. Оқушыны өз бетімен сараптауға, талдау жасай білуге үйретеді және қызығушылық негізінде шығармашылық бағытының тұрақталуына, кемшіліктерді жоюға, жауапкершілікпен қарауға бейімдейді;
3. оқу материалының мазмұнының рефлексиясы адам өз іс-әрекетін саналы түрде ой елегінен өткізіп, оларды білуге, өзіндік дұрыс сезінуге көмектеседі. Оқу материалының мазмұнын еске түсіру, санадан өткізу, оның мәнін, түрін, өзекті мәселелерін белгілеу, шешу жолдарын анықтау [39].

Оқыту процесінде білім алушылардан рефлексияны түрлі цирлық ресурстар арқылы алу өте ыңғайлы. Себебі мұғалім түрлі-түсті үлестірмелі қағаздарды таратып, қайта жинақтап оларды синтездегеннен, дайын күйде ЦББР қолданған тиімдірек. Өйткені оқушылардың барлық берген жауаптары сақталады және уақытты ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді. Сондай сандық құралдардың бірі «Turnform» бағдарламасы-сауалнама алу және деректерді жинақтау үшін тиімді бағдарлама. Оның көптеген қызметтерін тегін қолдануға болады. Мысалы, шәкіл арқылы бағалау, бас бармақ (2.1 20-сурет), жұлдыздар, көңіл-күйді білдіретін смайликтер (2.1 21-сурет), түрлі түстер (2.1 22-сурет) мен суреттер арқылы көңіл күйді білдіру, толық ойды білдіріп жазу (2.1 23-сурет), иә немесе жоқ, көп жауапты немесе бір жауапты қажет ететін сұрақ түрлері, ауызша ойды білдіретін (дауысты жазу арқылы) қызметтері бар.

11 Бүгінгі сабақ мен үшін құнды болды

1-10 бағалау шкаласында бағалаңыз

1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

OK ✓

OK ✓

Түпнұсқаға қайтару

Деталь 10-100

2.1 20-сурет. «Typeform» бағдарламасы.
<https://knlanrihmgc.typeform.com/to/kHQxsAgx>

Like Review

Like Review

12 Менің көңіл-күйім

A. Үнеуілдем B. Қараңғы

OK ✓

OK ✓

Түпнұсқаға қайтару

Деталь 10-100

2.1 21-сурет. «Typeform» бағдарламасы.
<https://knlanrihmgc.typeform.com/to/kHQxsAgx>

13 Бүгінгі сабақ мен үшін қызықты болды

A. choice 1 B. choice 2

OK ✓

Түпнұсқаға қайтару

Деталь 10-100

2.1 22-сурет. «Typeform» бағдарламасы.
<https://knlanrihmgc.typeform.com/to/kHQxsAgx>

14 Әзімге кет

Бүгінгі сабақтан түгендеп кетіп кетіңіздер, жәя

Маған сабақ қызықты болды! Бүгінгі сабақтан мен Қазақстандағы экотуризммен және оның түрлерімен таныстым. Сөйлем соңында қабаттасып қойылатын тыныс белгілердің қойылу себепін түсіндім.

OK ✓

Түпнұсқаға қайтару

Деталь 10-100

2.1 23-сурет. «Typeform» бағдарламасы.
<https://knlanrihmgc.typeform.com/to/kHQxsAgx>

Сонымен қатар, интерактивті презентациялардың онлайн-конструкторы және сауалнамалар, кері байланыс пен рефлексия алу үшін тиімді сандық құрал «Mentimeter» бағдарламасы. Өйткені, Ментиметрдің қарапайым және интуитивті интерфейсі бар. Оқушылар жылдам кері байланыс бере алады және тез уақыт ішінде автоматты түрде нәтижелерін көре алады (2.1 24-сурет).



2.1 24-сурет. «Mentimeter» бағдарламасы
<https://www.menti.com/dt5q535c47>

Қорытындылай келгенде, рефлексия – көп қырлы, кіріккен әрекет. Бұл әрекет оқушының психикалық қызметінің өзгеруіне ықпал етсе, ал мұғалімнің кәсіби әрекетін жоғары шығармашылық деңгейде жүргізуіне көмегін тигізеді. Рефлексия, яғни кері байланыс – нәтижелі білімнің жоғары көрсеткіші екенін бүгінгі күндегі оқушылардың жеткен жетістіктері арқылы толық сеніммен айта аламыз. Рефлексия ХХІ ғасырдың талабына сай адамның негізгі үш қасиетін өз бетімен білім алу, шешім қабылдай білу және бәсекелестікке түсе білуін қалыптастырады. Дұрыс жасалған рефлексия оқушыға да, мұғалімге де алдағы жұмысында жақсы нәтижеге жетуге жол ашып, шығармашылық қабілетін дамытып, білім сапасын жақсартады.

Әрбір әдісті тәжірибелік қызметте жүзеге асыру әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға бағытталған жеке әдіснамалық тәсілдердің үйлесімі болып табылады.

Компьютерлік және сандық технологияларды қазақ тілі сабақтарында қолдану тәжірибесін қорытындылай келе, келесі қорытынды жасауға болады:

- 1) цифрлық құралдар оқу үрдісін жеделдетеді;
- 2) оқушылардың осы пәнге қызығушылығын арттыруға ықпал етеді;
- 3) оқу материалдарының сапасын жақсартады;
- 4) оқу үрдісін жекелендіруге мүмкіндік береді;
- 5) субъективті бағалауды болдырмауға мүмкіндік береді.

Қол жеткізілетін нәтижелер:

- 1) Оқушылар логикалық ойларды қалыптастыруды, гипотезаларды, болжамдарды жасауды, оларды дәл және сенімді түрде қорғауды үйренеді.
- 2) Оқушылар Интернет арқылы ақпарат алу дағдыларын дамытады.

3) Оқушылар ақпаратты жүйелеуге үйренеді, маңыздылығын айқындайды, ақпараттық технологиясы бойынша алынған ақпаратты жинайды.

Осылайша сабақтарда ақпараттық технологияны пайдалану, мұғалімдер мен білім алушылардың өзара әрекеттестігі оқушылардың оқуды ынталандыруға, әр баланың еркін дамуының атмосферасын ұйымдастыруға, оқушылардың қуанышымен және танымдық белсенділігінің жоғары деңгейімен бірге жүруге көмектеседі.

Мұғалімнің өзін-өзі жетілдіруге ұмтылуынсыз оқушылардың когнитивті белсенділігін арттыру мүмкін емес. Сондықтан, менің одан әрі жұмысым, білім беру үдерісінде инновацияларды енгізу, аудиторияда ақпараттық технологияны пайдалану, оқушылардың ғылыми мәдениетін қалыптастыру, оқушылардың білімін бақылау жүйесі, кәсіби дағдыларымды жоғарылату.

2.2 8- сынып Қазақ тілі пәнінің оқу мақсаттарын сандық ресурстар арқылы оқыту тапсырмалары

Бала белсенділікті үзіліссіз талап етеді және қызметтен емес, оның біртұтастығы мен бір жақтығынан шаршайды. К.Д. Ушинский.

Қазіргі кезде пән бойынша оқушылардың шығармашылық белсенділігін және қызығушылығын дамытуға ерекше назар аударылды. Түрлі байқаулар, олимпиадалар, жарыстар өткізіледі.

Бұл баланың оқу үрдісінде қызмет ету қағидаты дидактиканың негізгі бағыттарының бірі болып қала беріп отырғандығын көрсетеді. Бұл ұғым мотивацияның жоғары деңгейімен, білім мен дағдыларды игерудің саналы қажеттілігін, тиімділігі мен әлеуметтік нормаларды сақтаумен сипатталатын қызмет сапасын білдіреді.

Сабақты түсіндіру барысында мұғалім тақтаның алдында тұрып жасырулы ақпаратты және объектілерді көрсете алады және өзгертеді. Тапсырманы орындау бойынша ауызша түсіндіру жүргізіледі, интерактивті тақтаны пайдалану арқылы теориялық материал қайталанатын. Қажетті жағдайда, мұғалім тақта арқылы мәтінмен жұмыс жасауды, шығарманы талдауда құрал саймандарды қолдануды көрсетіп, түсіндіреді. Сабақтың соңында қолданылған материалды есте сақтап, қажет жағдайда қайталап қолдана алады. Сонымен, интерактивті тақта оқушылардың ойын бір ортаға жинақтап, қажет ақпаратты өңдеу арқылы жалпыланған ақпараттық біліктілікті қалыптастыратын тиімді құрал болып табылады. Интерактивті тақта – барлық сыныпты оқыту үшін таптырмайтын құрал. Мектептердің білім деңгейін көтеру және онда интерактивті ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқу – тәрбие үрдісін тиісті деңгейге көтеру, мектеп ұстаздарының, педагогикалық ұжымның жүйелі басшылыққа алған бағыты деп есептеймін.

Оқу үдерісі әрқашан мұғалімнен оқушыға ақпарат беру жүйесі ретінде болды. Шын мәнінде, адамдар - белсенді жандар, тек өз іс-әрекеттері арқылы олардың бәрі қоршаған әлемді біледі. Мектепте балалар мүлдем өзгеше қызмет атқарады: оқушылар мұғалімге, оқушыларға құлақ асады, бірақ мұқтаждықтан емес, мұғалімнің айтуымен әрекет жасайды. Адам табиғатынан туындаған және

мектепте істеуі қажет болатын әрекеттер арасындағы бұл айырмашылық көптеген педагогикалық проблемаларды тудырады.

Өкінішке орай, қазіргі дамыған заманда өскелең ұрпаққа жаңа сабақты түсіндіру барысында жиі ескерілмейтін жағдай бар, ол білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын, білім көкжиегінің деңгейін, жеке орындалатын тапсырмалардың көмегінсіз арттыра алмайтынымыз. Осы себептен де алдағы уақытта оқушылардың оқу жұмыстары барысында шұғылданатын тиімді жолын табу мұғалімдердің негізгі міндеті болып есептеледі.

Жаңартылған білім беру мазмұнында қазақ тілін оқыту төрт дағды арқылы жүзеге асырылуда. Оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым дағдылары оқушының коммуникативтік дағдылары болып табылады. Коммуникативті дағдыларды басшылыққа алып оқыту функционалды сауаттылықты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Грамматикалық білім тілдік төрт дағдыны қалыптастыру барысында жүзеге асып отырады. Оқушының әдеби тіл нормаларын дұрыс және орынды қолдана білуіне мән беріледі. Ал лексикалық тақырыптар белгілі бір тақырыптар аясында оқушылардың сөздік қорын байыта отырып, сөздердің мағынасын түсінуге көмектеседі. Осы айтылғандарды негізге алып, тілдік дағдыларды дамытуда «4 ТД» моделі құрылды.



«4 ТД» моделінің құрылымы

Оқылым-графикалық таңбалар арқылы қағаз бетіне түскен сөздер мен тіркестердің мағынасы мен мазмұнын ой мен сананың нәтижесінде қабылдай

отырып, сауатты, дұрыс, мәнерлеп ұғынықты оқу және одан қажетті деректі түсініп, сұрыптап алу [40].

Жазба тілдегі мәтінді түсіну, білім алушы үшін аса маңызды. Оқушы мәтін тілін сөздер деңгейінде, сөйлем деңгейінде және тұтастай мәтін деңгейінде түсінуі қажет. Оқылымның мақсаты – оқушының мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты әртүрлі деңгейде қабылдауы және түсіне білуі. Оқылымның тілдік міндеттері:

- тілдік материалды меңгеру үдерісін оңтайландырады;
- барлық тілдік және сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған жаттығулар мәтін мен жазбаша нұсқауларға негізделеді;
- лексика-грамматика, тыңдалым, жазылым, айтылым түрлері бойынша коммуникативті - бағытталған тапсырмалар тіл үйренушінің оқи алу қабілетін талап етеді және жазбаша мәтіндер мен нұсқауларға негізделеді.

Оқылымның ішкі дағдылары:

– мазмұнын түсіну үшін оқу немесе көз жүгіртіп оқу – мәтіндегі жалпы идеяны түсіну үшін тез оқып шығу;

– нақты ақпараттарды табу үшін оқу – мәтін ішіндегі ақпараттарды тауып алу үшін оқу, яғни ол үшін тұтас мәтінді түсініп оқу, мазмұнын білу маңызды емес; Мысалы, мәтіннен қажет пайыздық көрсеткіштерді, жылдарды немесе қажетті сөздерді тауып алу.

– Детальді түрде оқу - әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе сөз оқу. Мысалы, келісімшарттағы талаптарды немесе нұсқауларды түсіну үшін сөзбе-сөз оқимыз.

– Сөз мағынасын контекстен ажырату - мәтін ішіндегі таныс емес сөздің мағынасын түсіну (болжау) үшін, оның айналасындағы сөздер мен сөйлемге назар аудару.

– Мәтін құрылымын түсіну – мәтін құрылымының ұйымдастырылуын түсіну. Мысалы, кіріспе бөлім, негізгі бөлім, қорытынды бөлім.

– Болжай білу – оқылым тапсырмасы алдында қолданылатын тәсіл. Оқушылар мәтінді оқымас бұрын оның мазмұны мен көтеретін мәселесі жөнінде ойланып, талқылап көреді. Ол үшін олар мәтін тақырыбына, оған берілген суретке қарап болжай отырып, сол тақырыпта өз білімдерін қолданады. Бұл тәсіл мәтінді оңай түсінуге көмектеседі.

– Мәтін түрлерін ажырата білу – әр мәтіннің өзіне тән ерекшелігін, ұйымдастырылуын, стилін ажырата білу. Мәтін түрлері: хат, мақала, жарнама, әңгімелер, поэма, құттықтау қағазы, ақпараттық брошюра, үнпарақ (листовка), хабарландыру, т.б.

– Экстенсивті оқылым – үлкен көлемді мақала немесе шығармаларды (роман, әңгіме) оқу.

– Интенсивті оқылым – мәтіндегі сөйлемдердің грамматикалық құрылымын, белгілі бір тақырыпқа арналған сөздерді талқылау үшін оқу. Мұндағы мақсат оқушылардың тілді дұрыс қолдана білудегі білімін арттыру [41].

Оқылымға арналған сабақ құрылымы үш деңгейден тұрады:

- оқылым алдындағы тапсырма: мәтін тақырыбын ашуға бағытталған тапсырмалар беру, жаңа, таныс емес, байырғы сөздерді алдын ала түсіндіру, мәтін мазмұнын болжауға байланысты сұрақтар қою.

- оқылым тапсырмасы: әртүрлі оқылым дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар, ашық және жабық сұрақтар . Алғашқы тапсырмалар жалпы мазмұнын түсінуге бағытталса, кейінгі тапсырмалар негізгі және қосымша, детальді ақпаратты табуға арналуы қажет.

- оқылымнан кейінгі тапсырма: мәтінде көтерілген мәселеге, ақпараттарға байланысты талқылау сұрақтары. Мұндағы сұрақтар олар үйренген жаңа сөздерді, мәтінде кездестірген сөздерді қолдана отырып, жауап бере алатындай ұйымдастырылуы қажет. Сонымен қатар сұрақтар оқушылардың өмірлік тәжірибесімен де байланысып, өз көзқарастарын білдіруге мүмкіндік бере алатындай жасалуы керек.

8-сынып бойынша қазақ тілі оқу бағдарламасында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған Халықаралық зерттеулер Timss, Pisa форматындағы тапсырмалар мен мәтіндер бар. Бұл тапсырмаларды сандық құралдар арқылы алу білім алушы үшін де және мұғалім үшін де тиімді. Сондай сандық құралдың бірі- «Quizizz» бағдарламасы. Бұл- викторина құруға арналған тегін бағдарлама. Оқушылар мәтінді толық оқып,(2.2 3-суретке) сәйкес ашық және жабық сұрақтарға жауап бере алады. Бағдарламаның қызметтері:

– балл қою мүмкіндігі, әр дұрыс жауап бергені үшін білім алушылар қажетті ұпайын жинап, тапсырма соңында рейтингтен жалпы ұпайын көре алады. Сондай-ақ қатемен жұмыс істей алады;

– жылдамдық үшін қосымша балл қосылады, яғни оқушы дұрыс әрі жылдам жауап берсе рейтингтен бірінші орынды иелейді;

– мұғалімнің басқаруымен немесе оқушылар өздері жекелей не топпен тапсырмаларды орындай алады;

– сұрақтардың ретін ауыстыруға да болады;

– оқушылар бағдарламаға тіркелмей-ақ, сілтеме немесе код арқылы қатыса алады;


– Әр сұраққа белгілі уақытты көрсетуге немесе үй тапсырмасы ретінде белгілі бір уақытты белгілеуге болады;

– «Kahoot» қосымшасынан айырмашылығы сұрақтар қатысушылардың экранына шығып, көрініп тұрады;

– тапсырмалар біткен соң оқушылардың жалпы статистикасы экранға шығып, сақталынады (2.2 4-сурет) көрсетілген [42].


8-сынып қазақ тілі оқулығында «Қазақстанның қызыл кітабына енген құстар» тақырыбында «Қыранның балапаны» мәтіні берілген. Оқу мақсаты: (О. 8.2.1.1 - тұтас және аралас мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, сурет) ақпараттарды салыстыру). Білім алушы тұтас мәтіндегі ақпаратты оқиды, сұрақтарға жауап береді.

1-тапсырма. Мәтінді алдымен тұтас оқып, содан соң қырандар диалогін рөлге бөліп оқындар. «Quizizz» бағдарламасында берілген тапсырмаларды орындандар.




2.1 1-сурет. «Quizizz» бағдарламасы. Мәтін

https://quizizz.com/admin/quiz/61fd1076679c87001d3f9317?source=quiz_page




2.2 2-сурет. «Quizizz» бағдарламасы. Ашық және жабық сұрақ түрлері

https://quizizz.com/admin/quiz/61fd1076679c87001d3f9317?source=quiz_page



2.2 3-сурет. «Quizizz» бағдарламасы. Ашық және жабық сұрақ түрлері
https://quizizz.com/admin/quiz/61fd1076679c87001d3f9317?source=quiz_page



4-сурет. «Quizizz» бағдарламасы. Жалпы оқушылардың ұпайы
https://quizizz.com/admin/quiz/61fd1076679c87001d3f9317?source=quiz_page

Бұл тапсырмаларды орындау барысында сұрақтарға дұрыс жауап беру үшін оқушы қайтадан мәтінге жүгінеді, сол арқылы, біріншіден, мәтін мазмұнын бекіту жүзеге асырылады, екіншіден, сұрақтарға жауап іздеу арқылы ойлау процесі мен іштей сөйлеу процесі жүреді, үшіншіден, сұраққа жауапты компьютер мониторындағы ұяшыққа жазу барысында жазылым әрекеті орындалып, оқушының орфографиялық дағдылары қалыптаса бастайды.

Оқушылардың үлгерімін дәл уақытта бақылауға және кез келген кезде олардың жұмысын бағалауға мүмкіндік беретін платформа Formative веб-қосымшасы. Көбінесе бөлім бойынша жиынтық бағалау мен тоқсан бойынша жиынтық бағалауда, формативті бағалауда бұл бағдарлама таптырмас құрал. Мәтінмен жұмыс, оқылым тапсырмаларын орындауда оның біршама қызметтерін қолдануға болады. Мысалы, ашық және жабық сұрақтар құрастыруға, «дұрыс» немесе «бұрыс» сұрағын түзуге, көп нұсқалы, бірнеше жауабы дұрыс сұрақтарды құрастыруға, аудио немесе видео сұрақтарды,

суреттер мен математикалық символдарды, сондай-ақ PDF күйіндегі дайын мәтіндер мен тапсырмаларды енгізуге болады. Білім алушылар бұл бағдарламаға тіркелмей-ақ арнайы мұғалім жіберген сілтемемен тапсырмаларды орындай алады. Formative бағдарламасының мұғалім үшін тиімділігі оқушылардың үлгерімін талдауға мүмкіндік береді. Белгілі бір оқушының немесе сыныптың статистикасын көру үшін Tracker түймесін басып, қажетті сыныпты немесе оқушыны таңдау арқылы, оның тапсырмаларының нәтижелері, оқушының аты-жөні көрсетіледі. Білім алушының қандай қателік жібергенін, қандай олқылықтардың барын көруге болады. Бұл алдағы уақытта не нәрсеге назар аудару қажет екендігін және қандай дағдыларға көңіл бөлу керектігін көрсетеді.

2-тапсырма. «Көне түркі жазбалары- баға жетпес құнды байлық» мәтінін толық оқып, сұраққа жауап нұсқасын таңдаңдар. «Бас әріппен жазылатын күрделі атаулар» ережесін өздерің аяқтап, сұраққа жауап нұсқасын таңдаңдар.

Оқу мақсаты: (О. 8.2.4.1 - тақырыбы ұқсас ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің тақырыбын, түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау), құрылымын салыстыра талдау). Білім алушы мәтіндерді оқып, мәтіннің стилі мен жанрын анықтайды, мәтін түрлерін салыстырады, сұрақтарға жауап береді.

Көне түркі жазбалары-баға жетпес құнды байлық

Назначен в гости | Хизан сессия | formativeStudentHeader.questionLength

наглавиіжаз 1 2 3 заглавие

Түркі тайпаларынан қалған бұл ескерткіштер көне дәуірдің қоғамдық мәдени, әрі әдеби тұрмыс-салт өміріне хабар беретін жәдігерлер қазына ретінде бүгінгі күні барлық түркі тектес халықтарға ортақ мұраға айналды. Соңғы 50-60 жыл ішінде Қазақстан жерінде де көне түркі жазба ескерткіштерінің бар екендігі анықталды. Талас бойынан тертбұрышты тас мөр мен дөңгелек тастың жарты сынығына бедерленген руникалық ойма жазулар, Іле бойынан жартастарға қашалған руникалық жазу үш жерден табылды.



2.2 5-сурет. «Formative» бағдарламасы. Мәтін
<https://app.formative.com/formatives/62a9ad54435f6b50cbfa5dfc>

- 1) Ғалым А.Аманжоловтың «Көне түркі жазба ескерткіштері арқылы көзгі түсік халықтарының көне тілін» тақырыптың географиясын, рухани мәдениетін, жазба дәстүрін әдет-ғұрыптарын мен дүниетанымын білуге болады деген пікіріне қандай зерттеу қолдайды?
- Еулопей елдерінен және дәуірдің қоғамдық-мәдени тұрмысынан хабар беретін жәдігер қазына ретінде білімнің барлық түсік халқына ортақ мұраға айналды
 - Қазақстан жерінде және түркі жазба ескерткіштерінің бар екендігі анықталды
 - Іле бойынан жартастарға қашалған руникалық жазулықтардан табылды
 - Талас бойынан тербұдышты тас мәрмәр мен дөңгелек тастың жарты сынығына бедерленген руникалық ойға жазулар табылды

2.2 6-сурет. «Formative» бағдарламасы. Жабық сұрақ
<https://app.formative.com/formatives/62a9ad54435f6b50cbfa5dfc>

2) Түркі тайпаласынан қалған бұл ескерткіштер ортақ мұраға айналды

True

False

2.2 7-сурет. «Formative» бағдарламасы. «Шын» немесе «Жалған» сұрағы
<https://app.formative.com/formatives/62a9ad54435f6b50cbfa5dfc>

3) Жалқы есімдердің қайсысының екінші сыңары да бас әріппен жазылады?

ақан-сері, бір-ақыл, баян-сұлу

машһур, жисеп, балуан шолақ, үкілі, бырай


жиренше шешен, қарашаш сұлу

қорқыт ата, төле би, қыз жібек

ер төстік, қыз жібек

Кісі аттарының алдынан не соңынан келетін сын есімдер сол кісінің атына тіркесіп, жалқы есімге айналады. Ондай сөздер кісі есімінің алдынан келсе..... соңынан келсе.....

2.2 8-сурет. «Formative» бағдарламасы. Бірнеше жауабы бар сұрақ түрі
<https://app.formative.com/formatives/62a9ad54435f6b50cbfa5dfc>



2.2 9-сурет. «Formative» бағдарламасы. Жалпы статистика

2-тапсырма бойынша білім алушы мәтінді толық оқып, аяқталмаған сөйлемдердің соңында қажетті сөздер берілген, оқушы сол сөздердің тиістісін көп нүктенің орнына тасымалдау арқылы тапсырманы орындайды. Бірнеше жауабы дұрыс нұсқадағы сұрақтарды шешеді. Шын немесе жалған ақпараттарды анықтайды. Бұл тапсырманы орындау барысында оқушы өзінің қабылдау, түсіну, есте сақтау қабілеттері мен мүмкіндіктеріне қарай мәтінге қайта жүгінуі немесе жүгінбеуі мүмкін, алайда мәтін мазмұнын бекіту, сөздер мен сөйлемдердің мағынасын түсіну, ойлау әрекеттері жүретіндігі анық. Оқушылардың оқылым дағдысын жетілдіруде қолданылатын сандық ресурс «Socratic» бағдарламасы. Бұл бағалау бағдарламасын қолдану үшін интернет желісіне қосылуға мүмкіндігі бар кез келген электронды құрылғыларды (ноутбук, планшет, смартфон және т.б.) пайдалануға болады. Бағдарлама оқушылардың білім жетістігін бағалау үшін «дұрыс» немесе «дұрыс емес» сұрақтарын, бір және бірнеше жауабы бар тест сұрақтарын, толық жауап беруді талап ететін сұрақтарды құрастырып қолдануға, әрі бағалау үрдісін викторина түрінде ұйымдастырып, белсенді оқыту әдісі ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Қолдану мақсатына қарай топтық, жұптық және жеке жұмыстар кезінде қолдануға болады [43].

Тест қорытындысын Google кестесі түрінде берілген интерактивті есеп арқылы немесе Excel файлын электронды поштасынан көре алады

3-тапсырма. «Дұрыс тамақтану» тақырыбы бойынша мәтіндерді оқып шық және оларға тақырып қойып көр. Мәтіндегі келтірілген мысалдар факті әлде автор пікірі екенін тауып дәлелде.

Оқу мақсаты: (О. 8.2.4.1 - тақырыбы ұқсас ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің тақырыбын, түрлерін (әңгімелеу,

сипаттау, талқылау), құрылымын салыстыра талдау). Білім алушы мәтіндерді оқып, мәтіннің стилі мен жанрын анықтайды, мәтін түрлерін салыстырады.



KASIMOVA533

Menu

1 of 6



Америкалық таңымал диетологі, невропатолог Джонни Боуден денсаулыққа ең пайдалы 12 тағам түрін анықтады. Боуденнің айтуынша ол адамды жүз жасқа жеткізетін тағамдардың тізімін жасаған. Сонымен, денсаулықты кеселден қорғайтын өнімдер мыналар: жидектер, асбұршақ, жаңғақ, қаймағы айырылмаған сиыр сүті, майлы балық, мал еті, жұмыртқа, орамжапырақ, алма, сарымсақ пен пияз, анор және көк шай.

2 POINTS

Дұрыс тамақтау денсаулық келсіз

SUBMIT ANSWER

2.2 10-сурет. «Socrative» бағдарламасы
<https://b.socrative.com/teacher/#import-quiz/66932404>



KASIMOVA533

Menu

2 of 6



Қазақ халқы асты жоғары бағалап, қадірлей білген. Сондықтан қазақтар адам қажеттіліктерінің ішінде тағамды жоғары қойған. Мал шаруашылығымен айналысқан ата-бабамыздың негізгі асы ет пен сүт болған. Сиыр, қой сүттерінен құрт, қалайы, қаймақ, ірімшік, сары май тағы да басқа тағамдар әзірлеген. Басқа тағамдарға қарағанда, сүттің алатын орны ерекше.

2 POINTS

Ас-ақманын зорғау

SUBMIT ANSWER

2.2 11-сурет. «Socrative» бағдарламасы
<https://b.socrative.com/teacher/#import-quiz/66932404>



KASIMOVA533

Menu

3 of 6



Алма шыршы қан тамыр жүйесіне оң әсерін тигізетін темірге өте бай. Бұл қарапайым сусын тіпті ұзақ жылдар бойы темекі шегетін адамдардың өкпесінің жұмысын жақсартып, тыныс алуына жақсы әсер етеді. Құрамы С витамині мен органикалық қышқылға өте бай. Соның нәтижесінде ол аз калориялық қасиет көрсетіп, артық салмақ тастаймын деген адамдардың айырылмас досына айналған.

2 POINTS

SUBMIT ANSWER

2.2 12-сурет. «Socrative» бағдарламасы

<https://b.socrative.com/teacher/#import-quiz/66932404>



KASIMOVA533

Menu

4 of 6

Қазақ халқы асты жоғары бағалап, қадірлей білген. Сондықтан қазақтар адам қажеттіліктерінің ішінде тағамды жоғары қойған.

1 POINT

A

Факт

B

Қазақтар

SUBMIT ANSWER

2.2 13-сурет. «Socrative» бағдарламасы

<https://b.socrative.com/teacher/#import-quiz/66932404>

Бұл тапсырманы орындау үшін оқушы ойланады, сөйлемдердің мағынасын дұрыс түсінуге тырысады, мәтінге тақырып қою арқылы шығармашылық қабілеті артады, мәтіндегі факт пен көзқарасты ажырату үшін оқушы терең ойланады.

«Жазылым» термині «жазу», жазудың түрлері, әріптің жеке өзі деген мағынаны емес «жаза білу», «ойынды басқа біреуге түсінікті болу үшін, қағаз бетінде сауатты жеткізе білу» дегенді білдіреді.

Жазылым- тілдік бірліктердің графикалық, фонемалық жүйесіне негізделген; лингвистикалық, психологиялық, физиологиялық, әдістемелік ерекшеліктерге қатысты тілдік материалдың мазмұны мен формасын бірдей

қамтитын, адамдардың ұзақ мерзімдегі қарым-қатынасына мүмкіндік жасайтын күрделі тарихи әрекет [40].

Қарапайым тілмен айтқанда, жазылым хабарды қағаз бетіне түсіру. Жазу арқылы коммуникацияға түсу үшін біз әріптер мен сөздерді пайдалана отырып, сөйлем құрай алуымыз керек, ал сөйлемдерді топтастыру арқылы біздер өз ойымызды жеткізе аламыз. Жазылым түрлеріне мыналарды жатқызуға болады: құттықтау қағазы, хат, хабарлама, әңгімелер, эссе түрлері, жазбаша жаттығулар, қысқа мәтіндер, жүйелі жазба жұмыстары, диктанттың түрлері, жазба бақылау жұмыстары, жазбаша ойындар, іс-қағаздар үлгілері.

Жазылымның ішкі дағдыларын екі топқа бөліп қарастыруға болады. Біріншісі – сауаттылық, ал екінші тобы – идеяны (ойды) жеткізе білу. Сауаттылыққа қатысты дағдылар:

1. Орфографиялық қатесіз жазу;
2. Әріптерді дұрыс және қосып жаза білу;
3. Пунктуацияны дұрыс қолдану;
4. Қағаз бетіне дұрыс орналастыра білу;
5. Сөздерді дұрыс таңдай білу;
6. Грамматиканы дұрыс қолдану;
7. Сөйлемдерді дұрыс байланыстыра білу;
8. Абзацты (жаңа азат жолдан басталған, бір идеяға ғана негізделген көлемділеу жазылым бөлігі) дұрыс ұйымдастыра білу.

Идеяны жеткізе білуге қатысты дағдылар:

1. Сильді дұрыс таңдай білу;
2. Идеяларды жүйелі ұйымдастыра білу;
3. Мәтін түрлерінің ерекшеліктерін қолдана білу және мағынасын жеткізе білуде қажетті функцияларды пайдалана білу. Функцияларға баяндау, шағымдану, өтініш білдіру, алғыс айту, қысқарту (бірнеше сөздермен негізгі идеяларға тоқталу), қорытындылау жатады [41].

Жазуды үйретудің басты алғышарттары:

- Қазақ алфавитіндегі әріптердің таңбасын дұрыс жазуға үйрету, яғни каллиграфияны жете меңгеру.
- Әріптік таңба мен фонеманың қазақ тілі жазуында алатын орны.
- Жеке тілдік единицалардың дұрыс жазылу ережесін білу.
- Қазақ тілі грамматикасына сәйкес сөз тіркестері мен сөйлемдердің байланысу заңдылықтары мен дұрыс жазылу ережелерін игеру.
- Ойды жазбаша жеткізудің ең қарапайым және қысқа түрін меңгеру.
- Шағын мәтін мен сөйдемшелерді /фраза/ құрастыра білу.
- Хат жазу үлгісін меңгеру.
- Іс-қағаздарды дұрыс толтыра білу.

Жазылым 4 дағдының ішінде оқушының нәтиже көрсететін, мұғалімнің өнім алатын дағдысы болып табылады. Дегенмен, жазылым дағдысы ең алдымен оқылым әрекеті арқылы келетіні анық. Себебі, оқушы мәтіннен оқып, түйген білімін жазу арқылы қағаз бетіне түсіре алады.

Жазылым әрекетін жүргізуде қолданылатын тиімді сандық ресурстың бірі «Liveworksheets» платформасы. Бұл платформаның өзге платформалардан артықшылығы:

- сіз өз уақытыңызды үнемдеп, тиімді пайдалана аласыз Білім алушыға дайындаған тапсырмаларды жібергеннен кейін, оқушы орындап болған соң бірден оның балын біле аласыз. Оқушы да өзінің тапсырма бойынша алған балын бірден біле алады.

Сонымен қатар бұл платформаны пайдалану арқылы бір жиынтық жұмыста бірнеше тапсырма түрін қолдана алу мүмкіндігі. Оның ішінде бір дұрыс жауапты тапсырма, бірнеше дұрыс жауапты тапсырма, сәйкестендіру тапсырмасы, бос сөздің орнын толтыру тапсырмасы, толық ойды ашып жазатын жазбаша тапсырмалар (эссе, мақала, мәтінді қайта өндеп, редакциялау, тезис) және де аудиожазба мен видеожазбаны да қолдануға болады.

- яғни оқушылардың деңгейіне қарай оңайдан күрделіге қарай бағытталған тапсырмаларды топтастыру мүмкіндігі зор. Осы арқылы әр мұғалімнің әдістемелік кешені дайын тұрады. Әрбір дайындалған интерактивті тапсырмаларды тарау немесе модуль бойынша бөлек кітапшаларға сақтауға болады [44].

Жазылым дағдысына арналған «Liveworksheets» платформасы арқылы «Ұлы Жібек жолы- әлемдік өркениет» тақырыбы бойынша әзірленген тапсырма. Оқу мақсаты: (Ж. 8.3.5.1 - оқылым және тыңдалым материалдары бойынша мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін (аннотация, тезис, комментарий) жазу). Білім алушылар екі түрлі мәтінді оқып, танысады (2.2 14-сурет, 2.2 15-сурет).1-мәтін бойынша «Қос жазба күнделігі» тәсілі арқылы Елбасы пікіріндегі негізгі ұғымдарға үзінді келтіріп, түсіндірме жазады (2.2 16-сурет). 2-тапсырма грамматикалық модуль бойынша оқушылар екі мәтіндегі тыныс белгілерінің сөйлеу ағымына деген әсерін талдап, түсінік беріп жазады (2.2 16-сурет). 3-тапсырмада екі мәтін бойынша білім алушылар толық жауапты қажет ететін 3 сұрақ құрастырып жазады (2.2.17-сурет).4-тапсырма картамен жұмыс, Ұлы Жібек жолы бойындағы көне қалалардың қазіргі атауын тауып, анықтайды (2.2 18-сурет, 2.2 19-сурет). Тапсырма соңында оқушылар қажетті балын алады. Тапсырма орындау барысында жіберген қателерін көре алады (2.2 20-сурет). Бұл жазылым тапсырмасы арқылы оқушылардың логикалық ойлау жүйесі дамиды, шығармашылық қабілеті артады, орфографиялық нормаға сай жазуға дағдыланады, комментарий жазу арқылы креативті ойлауы дамиды.

Ұлы Жібек жолы-әлемдік өркениет

1-мәтін

Осыдан жиырма жылдан астам уақыт бұрын Қазақстан өз тәуелсіздігін алып, дербес мемлекет ретінде жеке шаңырақ құрған кезден бастап, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев сол көне Жібек жолын жаңа қырынан қайта тірілту мәселесін алдына стратегиялық мақсаттардың бірі ретінде қойған-ды...Қазақстан өз тәуелсіздігіне не болысымен, қос құрлықтың ортасындағы алтын көпірге айналу мақсатында автокөлік және теміржолдарын салып, мұнай мен газ құбырларын тарта бастады. Біздің болашағымыз үшін өте зор маңызы бар бұл істің туындау себебін Елбасымыз өзінің халыққа Жолдауында былайша атап көрсетті: «XV ғасырдың соңына дейін Орталық Азия әлемдік экономиканың маңызды өнімі болып келді. Біздің өніміміз Шығыс пен Батысты жалғап жатты. Жібек

2.2 14-сурет. «Liveworksheets» платформасы. 1-мәтін <https://www.liveworksheets.com/3-bv870627ir>

Ұлы Жібек жолы- әлемдік өркениет тарихындағы неғұрлым елеулі жетістіктердің бірі. Керуен жолдарының тарамдалған жүйесі Жерорта теңізінен Қытайға дейін Еуропа мен Азияны кесіп өтіп, ерте дүние мен орта ғасырда Батыс пен Шығыс мәдениеттерінің араласуының, сауда байланыстарының маңызды құралы қызметін атқарды. Жолдың неғұрлым ұзақ бөлігі Қазақстан мен Орта Азия арқылы өтті.

Тарихи жолдың жібек саудасына байланысты «Жібек жолы» атанғаны түсінікті. «Ұлы» сөзінің қосылуы- жолдың кең-байтақ Шығыс өлкелері мен Батыс өлкелерін байланыстырып жатуынан. Сондықтан «Ұлы Жібек жолы» болып, тарихқа енді.

2.2 15-сурет. «Liveworksheets» платформасы. 2-мәтін <https://www.liveworksheets.com/3-bv870627ir>

1-тапсырам. Елбасы пікіріндегі негізгі ұғымдарға «Қос жазба күнделігі» түсіндірме жазыңыздар

Үзінді	Түсіндірме (комментарий)
Біз өзіміздің транзиттік мүмкіндіктерімізді нығайтып келеміз.	Еліміз қазіргі таңда өлемдік нарыққа бағалы тауырларды- мұнай, газ, кен, ауыл шаруашылығы шикізаттарын шығаратын, экспорттайтын өңірге айналдық. Еліміз өзінің транзиттік мүмкіндіктерін нығайтуда. Бұл мемлекетіміздің экономикасына оң ықпалын тигізуде

2.2 15-сурет. «Liveworksheets» платформасы. Оқушы жауабы <https://www.liveworksheets.com/3-bv870627ir>

2-тапсырма. Мәтіндердегі тыныс белгілерінің сөйлеу ағымына әсері бар ма? Жазбаша талдау жасап, кестеге түсіріңдер.

Тыныс белгілері	Түсінік
Бастауыштан кейін қойылатын сызықша	
Бірыңғай мүшелер арасындағы үтір	
Сөйлем ішіндегі қос нүктенің қойылуы	

2.2 16-сурет. «Liveworksheets» платформасы. Тапсырма
<https://www.liveworksheets.com/3-bv870627ir>



LIVEWORKSHEET!

3-тапсырма. 2- мәтін бойынша тірек сөздерге қатысты 3 ашық сұрақ құраңдар.

1. "Жібек жолына" "Ұлы" сөзінің тіркесіп келу себебі қандай?
2. Ұлы Жібек жолының бойындағы еуразиялық көшпелілердің мәдениеті қандай болған?
3. Ұлы Жібек жолының алып жатқан территориясы қандай?

2.2. 17-сурет. «Liveworksheets» платформасы. Оқушы жауабы
<https://www.liveworksheets.com/3-bv870627ir>

Ясы

Янгикент

Сығанақ

Суяб

2.2. 18-сурет. «Liveworksheets» платформасы. Қатемен жұмыс
<https://www.liveworksheets.com/3-bv870627ir>



2.2 19-сурет. «Liveworksheets» платформасы. Картамен жұмыс
<https://www.liveworksheets.com/3-bv870627ir>

Ұлы Жібек жолы-әлемдік өркениет

5/10

Осыдан жиырма жылдан астам уақыт бұрын Қазақстан өз тәуелсіздігін
 ... мемлекет ретінде жеке шаңырақ құрған кезден бастап,
 Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев сол көне Жібек жолын жана қырынап
 қайта тірілту мәселесін алдына стратегиялық мақсаттардың бірі ретінде
 қойған-ды...Қазақстан өз тәуелсіздігіне не болысымен, көс құрлықтың
 ортасындағы алтын көпірге айналу мақсатында автокөлік және
 теміржолдарын салып, мұнай мен газ құбырларын тарта бастады. Біздің
 басымыз үшін осы әрекетіміз бәрі бұл істің тәуелсіздігіне себепші

2.2 20-сурет. «Liveworksheets» платформасы.
<https://www.liveworksheets.com/3-bv870627ir>

Білім алушылардың өз бетінше жұмыстануына және өз жетістігін бағалауға негізделген «LearningApps» платформасында жазылым тапсырмаларын орындау тиімді. «LearningApps» платформасы оқушылардың оқуын өз бетінше дамыту және қамтамасыз ету үшін көп мүмкіндіктерге ие және оқушы мен мұғалім арасында кері байланыс бере алатын негізгі құрал болып табылады. Платформаның ерекшелігі:

- қолданушылар жасаған барлық тапсырмалар галереяда жиналған және жалпыға қол жетімді болып табылады;
- іздестіруге оңай болу үшін барлық интерактивті тапсырмалар санат бойынша топтастырылған (пәндер бойынша);
- категория бойынша таңдаудан басқа, қиындығына қарай да топтастырылған тапсырмаларды таңдап алуға мүмкіндік бар;
- дайын тапсырмаларды серверге тіркелмегендер де пайдалануға мүмкіндігі бар;
- жеке материалдарды жасау және сақтау қарапайым тіркеуден өткен соң ғана мүмкін болады. Сонымен қатар, өз материалдарын жасай отырып,

пайдаланушы оларды жеке қолдану және жалпы пайдалану үшін сақтай алады [45].

LearningApps бағдарламасының қызметтері әртүрлі интерактивті тапсырмаларды жасауға мүмкіндік береді: викторина, сұрыптау, топтастыру, жіктеу, мәтінді енгізу, кроссворд, уақытша таспа және де мәтіндік ақпараттардан басқа графикалық, аудио, видео ақпараттармен де жұмыстанудың көптеген таңдауларын ұсынады. Мұғалім сабақ мақсатына қатысты тапсырмаларды таңдауына, оны ашып, деректерді енгізу үшін «Создать подобное приложение» қызметін қолдануға болады. Әр қосымшаны құрудың алдында мысалдар категориясынан дайын өнімнің қалай жасалғандығына көріп, сол үлгіге де қарап жасауға болады. Платформаның тағы да айтатын мүмкіндіктері:

Біріншіден, тапсырманы орындай отырып, оқушы өзін тексереді және бірден дұрыс немесе бұрыс жасалып жатқанын нәрсені көре алады. Қате бойынша жұмыстарды дереу жүргізеді.

Екіншіден, мұғалім кері байланыс жасай алады - ол өзінің сыныбындағы әр оқушының «Статистика» батырмасын шерту арқылы мұғалім өзі ұсынған тапсырмаларды кімдер орындады немесе орындаған жоқ және тапсырманы орындау барысында қандай кедергілер болды осы жөнінде мәліметтерді бақылай алады.


Үшіншіден, пайдаланушылармен жеке хабарлама алмаса алады. Бұл мүмкіндік оқушылар белгілі бір себептермен сабаққа қатыспағанда немесе сырқаттанып қалған жағдайда көмектеседі. Мұғалім оқушыларға әртүрлі тапсырмаларды қарауды хабарлама арқылы жеке жаза алады. Осылайша, барлық оқушылар қол жетімді түрде білім алуға, олардың мүмкіндіктерін бағалауға және білім деңгейін көтеруге мүмкіндік береді.

Осы қосымшалардың бірін таңдау сабақ барысында сабақ мақсатына жету мен білімді игерту көзделеді. Мен осы платформаны тілдік төрт дағдыны меңгертуде, топтық және жұптық, жаңа материалды игерту кезеңінде қолдану тиімді болады деп есептеймін. «LearningApps» платформасы арқылы 8-сынып оқу бағдарламасында берілген «Кәсіп пен еңбек. Болашақ мамандықтары/Лексика» бөлімдері, «Қазақ даласындағы мыс өндірісі» тақырыбы бойынша алынған жазылым тапсырмасы. Оқу мақсаты: (ӘТН. 8.4.3.1 - сөздік қор және сөздік құрам ерекшеліктерін түсініп қолдану), (8.Ж6. Мәтіндегі сөздердің тақырыпқа сай орынды қолданылуын тексеру, лексикалық түзетулер енгізу, редакциялау).


1-тапсырма. «Кірме сөздер» ережесін оқып, «Шатасқан тізбектер» тәсілі бойынша сөйлем құрап жаз, сөйлем ішіндегі кірме сөздерді анықта (2.2 21-сурет).

Бұл тапсырмада оқушы сөздерді ретімен орналастырып, сөйлем құрау арқылы логикалық ойлауы дамиды, орфографиялық нормаға сай яғни, дұрыс, қатесіз жазуға дағдыланады (2.2 22-сурет). Қазақ тіліне араб, моңғол, орыс тілдерінен енген кірме сөздер туралы білімі толығыады. Тапсырма соңында

оқушы өзінің жіберген қателерімен жұмыс жасау кезін өзін-өзі бағалау процесі жүреді (2.2 23-сурет).



2.2 21-сурет. «LearningApps» платформасы. Тапсырма <https://learningapps.org/display?v=p734gabc322>



2.2 22-сурет. «LearningApps» платформасы. Оқушының жауабы <https://learningapps.org/display?v=p734gabc322>



2.2 23-сурет. «LearningApps» платформасы. Қатемен жұмыс <https://learningapps.org/display?v=p734gabc322>

Тәуелсіздікке қолымыз жеткен алғашқы жылдарда Балқаш мыс қорыту зауытының дағдарыстан шыға алуы күмән тудырды да.

Тәуелсіздікке қолымыз жеткен алғашқы жылдарда Балқаш мыс қорыту зауытының дағдарыстан шыға алатынына күмән басым болды.

Сөйлемді шылаумен аяқтау ауызекі сөйлеуге тән

Кез келген оқу орнының басты құндылығы оның оқытушылық құрамы болып табылады. Мамандарды қалай дайындап шығаратындықтары оқытушылық құрамның кәсіби шеберлігіне байланысты екені саған белгілі.

Кез келген оқу орнының басты құндылығы оның оқытушылық құрамы болып табылады. Мамандарды қалай дайындап шығаратындықтары оқытушылық құрамның кәсіби шеберлігіне байланысты.

"екені саған белгілі" стильдік қате болып табылады. Себебі бұл ауызекі сөйлеуге тән

2.2 25-сурет. «LearningApps» платформасы. Оқушының жауабы

<https://learningapps.org/display?v=n734cabc322>

2-тапсырма. Ғаламтор желісінен алынған үзінділерде кездесетін стильдік ауытқулар, орынсыз қолданылған сөз оралымдары бар ма? Талдап, стильдік түзетулер жасап, редакцияландыр (2.2 24-сурет).

Бұл тапсырмада оқушылардың мәтінді оқып, орынсыз қолданылған сөз оралымдарын тауып, стильдік түзету жасау арқылы шығармашылық қабілеті артады, сауатты жазуға дағдыланады (2.2 25-сурет).

Түпнұсқа	Редакцияланған сөйлем	Түсініктемесі
Тәуелсіздікке қолымыз жеткен алғашқы жылдарда Балқаш мыс қорыту зауытының дағдарыстан шыға алуы күмән тудырды да.	Тәуелсіздікке қолымыз жеткен алғашқы жылдарда Балқаш мыс қорыту зауытының дағдарыстан шыға алатынына күмән басым болды.	
Кез келген оқу орнының басты құндылығы оның оқытушылық құрамы болып табылады. Мамандарды қалай дайындап шығаратындықтары оқытушылық құрамның кәсіби шеберлігіне байланысты екені саған белгілі.	Кез келген оқу орнының басты құндылығы оның оқытушылық құрамы болып табылады. Мамандарды қалай дайындап шығаратындықтары оқытушылық құрамның кәсіби шеберлігіне байланысты.	"екені саған белгілі" стильдік қате болып табылады. Сөбөбі бұл ауызекі сөйлеуге тән
Әрине мамандық таңдағанда мамандық тек қана білімі мен іскерлігі ғана емес сондай-ақ оның қабілеті мен жеке қасиеттерінің дамуы деңгейі жағынан да қандай талаптар қойылатынын білуі маңызды.		
Адам бапасы мамандық таңдауда сол мамандықтың мінсезе де сәйкес келуі міндетті деп ойлаймын. М неі таңдаған сағаға үйлессе, жұмыс бабында да үлкен жетістіктерге жетелейтін анық.		

2.2 24-сурет. «LearningApps» платформасы. Тапсырма
<https://learningapps.org/display?v=p734gabc322>

Түпнұсқа	Редакцияланған сөйлем	Түсініктемесі
Тәуелсіздікке қолымыз жеткен алғашқы жылдарда Балқаш мыс қорыту зауытының дағдарыстан шыға алуы күмән тудырды да.	Тәуелсіздікке қолымыз жеткен алғашқы жылдарда Балқаш мыс қорыту зауытының дағдарыстан шыға алатынына күмән басым болды.	Сөйлемді шылаумен аяқтау ауызекі сөйлеуге тән
Кез келген оқу орнының басты құндылығы оның оқытушылық құрамы болып табылады. Мамандарды қалай дайындап шығаратындықтары оқытушылық құрамның кәсіби шеберлігіне байланысты екені саған белгілі.	Кез келген оқу орнының басты құндылығы оның оқытушылық құрамы болып табылады. Мамандарды қалай дайындап шығаратындықтары оқытушылық құрамның кәсіби шеберлігіне байланысты.	"екені саған белгілі" стильдік қате болып табылады. Сөбөбі бұл ауызекі сөйлеуге тән

2.2 25-сурет. «LearningApps» платформасы. Оқушының жауабы
<https://learningapps.org/display?v=p734gabc322>

Білім алушылардың сабаққа деген қызығушылығын, ынтасы мен белсенділігін арттыруда LearningApps платформасы шын мәнінде қалыптастыруша бағалау құралы болып табылады. Берілген тапсырмаларды орындауда білімнің жоғары деңгейіне жетуге деген келесі қадамдарын құра алады. Интерактивтік тапсырмаларды орындаған кезде оқушылардың ақпаратты қабылдау мен есте сақтауы, есте сақтау дағдысының артуы, зейіні

мен эмоционалдык қасиеттері қарқынды дамиды, назарының тұрақталатындығы, қорыта білуі, жіктеу қабілеттері артады.

Тыңдалым- «аудирование» деген терминнің білдіретін мағынасы- «есту арқылы түсіну». Бұл термин айтылған не техникалық аппараттарға жазылған аудиомәтіндегі сөздерді, сөйлемдерді тыңдай білудің нәтижесінде қабылдау және түсіну деген ұғымды білдіреді.

Бұл атаудың ең басты мәні-адамдар арасындағы қарым-қатынасты жүзеге асыратын тілдік бірліктерді тыңдау, есту арқылы қабылдау және ұғу.

Тыңдалым процесін тілдік қарым-қатынастағы сөзді қарапайым есту құбылысымен алмастырмау керек. Есту- дыбысты акустикалық жағынан қабылдау, ал тыңдалым тек есту ғана емес, сонымен бірге мағыналы, маңызды хабарды ұғып алып, қажетке жарату.

Тыңдалымды жете меңгеру оған қатысты мынадай белгілерді үйретумен байланысты:

1. Басқа дыбыстардан тілдік дыбыс толқынын, олардың ерекшеліктерін ажырата білу;
2. Аудиолық тілдік бірліктердің мағынасы мен мәнін дұрыс қабылдап білу;
3. Мәтіннен қажетті деректі тауып, пайдалана білу;
4. Тыңдалымға қатысты негізгі көрсеткіштерді жан-жақты меңгеру.

Тілді үйренуде тыңдалымның маңызы мен ерекшелігін белгілейтін ең басты көрсеткіш- тыңдалымға арналған мәтін, яғни аудиотекст.

Аудиомәтінді меңгеру барысында тыңдалымға тән мынадай басты белгілер: текстегі қатысымдық және тілдік бірліктерді есту, қабылдау, түсіну және қолдану- іс жүзіне асады және сөйлесім әрекетінде үздіксіз жетіліп отырады [40]

Тыңдалым түрлері: Әңгімелесу (диалог), әңгімелер (оқиға), хабарландыру, әндер, нұсқау, лекция және жарнама түрлері жатады.

Тыңдалым дағдылары бірнеше ішкі дағдылардан тұрады.

- Мазмұнын түсіну үшін тыңдау – жалпы мазмұнын, идеясын түсіну үшін тыңдау.
- Нақты ақпараттарды алу үшін тыңдау - тыңдалымдағы қажетті ақпараттарды алу үшін тыңдау. Мысалы, теміржол вокзалында өзіңізге қажет уақытты немесе пойызды білу үшін сол ақпаратты ғана тыңдайсыз, басқа ақпаратты қажет қылмайсыз.
- Детальді түрде тыңдау- әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін әрбір сөзін зер салып тыңдау, түсіну. Мысалы, маңызды жаңалықтарды айтып жатырған кезде оны дұрыс түсіну үшін әрбір сөзін мұқият тыңдап шығасыз.
- Сөйлеушінің қарым-қатынасын анықтау үшін тыңдау – сөйлеушінің көңіл-күйін не айтқысы келіп отырғанын түсіну үшін тыңдау.
- Интенсивті тыңдалым – сөйлеу барысындағы сөйлемдердің грамматикалық құрылымын, белгілі бір тақырыпқа арналған сөздерді талқылау үшін тыңдау. Мұндағы мақсат – оқушылардың тілді дұрыс қолдана білудегі білімін арттыру. Мысалы, белгілі бір грамматикалық

тақырыптарды өткен кезде тыңдалымды пайдалану, бірақ бұл жерде басқа дағдыларды араластырмайсыз.

– Экстенсивті тыңдалым - үлкен көлемді мақала немесе шығармаларды(роман, әңгіме) тыңдау [41].

Тыңдалымға арналған сабақ күүрылымы үш деңгейден тұрады:

1. Тыңдалым алдындағы тапсырма: тақырыпты таныстыру, тыңдалымдағы маңызды, таныс емес, байырғы сөздерді түсіндіру, тақырыпқа қатысты сұрақтар құра отырып, сол тақырыптағы оқушы білімін қозғау.

2. Тыңдалым тапсырмасы: әртүрлі тыңдалым дағдыларын қалыптастыруға арналған жаттығулар тобын беру; олар жалпы мазмұнын түсінуден бастап, детальді түсінуге дейін бағытталады.

3. Тыңдалымнан кейінгі тапсырма: тыңдалымдағы тақырып туралы талқылау сұрақтардан тұрады және ол сұрақтарға оқушылар өз көзқарастарын білдіре отырып, тәжірибелерімен, өмірмен байланыстыра отырып жауап береді. Сондай-ақ сұрақтарға жауап беру барысында тыңдалымдағы сөздерді, ақпараттарды пайдалана алатындай құрылуы тиіс.

Білім алушыларға тыңдалым әрекетін жүргізуде ең тиімді әрі қызықты бағдарламаның бірі- «Edpuzzle». Бұл — аудио және мәтіндік ескертулер, сұрақтар және тапсырмалары бар бейнефрагменттерді жасауға арналған тегін сервис. Edpuzzle Google-класспен ықпалдасқан. Бір бейне негізінде ашық сұрақтар түрінде немесе бірнеше жауаптың біреуін талап ететін интерактивті викторина жасауға, бейнесюжетке дауыстық түсініктемелер мен түсіндірмелер беруге немесе оны мұғалім өзі толығымен дыбыстауға да болады. Сынып құруға және оқушылардың қайсысы бейнежазбаны көргенін және ұсынылған тапсырмаларды қалай орындағанын бақылауға мүмкіндік бар.

Қызметке тіркелу электрондық пошта мекен-жайын, сонымен қатар Google+ аккаунтын қолдану арқылы жүзеге асырылады. Тіркелу үшін аккаунттың екі түрі бар: мұғалім (Teacher) және оқушы (Student). Мұғалім ретінде сайтта бейнесабақтар жасауға, сыныптарды ұйымдастыруға және оларға оқушыларды шақыруға болады. Оқушы ретінде құрылған сыныптарға қосылуға және бейнежазбаға арналған тапсырмаларды орындауға болады [46].

8-сынып оқу бағдарламасында берілген «Адамзат құндылықтар және әлем мәдениеті/ Фонетика сөйлеу ағымындағы әуен, әуез, тембр, қарқын, кідіріс» бөліміндегі «Сақтар және олардың мәдениетінен не білеміз?» тақырыбы бойынша «Edpuzzle» бағдарламасы арқылы алынған тыңдалым тапсырмасы. Оқу мақсаты: (Т/А. 8.1.4.1 - мәтінде көтерілген мәселені (тұрмыстық, әлеуметтік) талдай отырып, негізгі ойды анықтау).


1-тапсырма. Видеомәтінді мұқият тыңдағыздар, диктордың сөйлеу мәнеріне, интонациясына мән беріңіздер. Берілген сұрақтарға жауап беріңіздер. Видеомәтіндегі көтерілген мәселені талдап, негізгі ойды анықтаңыздар.

Бұл тапсырмада ашық сұрақ, жабық сұрақ және аудио мұғалімнің өз дауысы арқылы берілген сұрақтар бар. Мысалы, *Грек тарихшысы Геродот сақтардың тұрмыс-салты және олардың шаруашылығы жайлы қандай*

деректер қалдарған?. Тарих атасы Геродот сақтардың түр-сипаты мен мінез-құлқы жайлы не деп айтқан? (2.2 26-сурет). Оқушылар видеомәтінді тыңдайды ашық сұраққа өз ойын ашып жазады (2.2 27-сурет) және жабық сұрақта дұрыс деп білген нұсқаны таңдайды, дұрыс жауап берген жағдайда оқушыға дұрыс деген жасыл белгі көрсетілсе (2.2 28-сурет), қате болған жағдайда қызыл белгі көрсетіледі (2.2 29-сурет).



2.2 26-сурет. «Edpuzzle» бағдарламасы. Аудиосұрақ
<https://edpuzzle.com/media/62ade89c14df5c4104333b35>



2.2 27-сурет. «Edpuzzle» бағдарламасы. Ашық сұрақ
<https://edpuzzle.com/media/62ade89c14df5c4104333b35>



2.2 28-сурет. «Edpuzzle» бағдарламасы. Көп нұсқалы сұрақ
<https://edpuzzle.com/media/62ade89c14df5c4104333b35>



2.2 29-сурет. «Edpuzzle» бағдарламасы. Көп нұсқалы сұрақ
<https://edpuzzle.com/media/62ade89c14df5c4104333b35>

Оқушы бұл тапсырманы орындау барысында жаңа географиялық атаулар, жеке есімдер, тарихи фактілер, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер, түрлі тұрмыстық заттардың атауларымен танысады яғни, оқушының сөздік қоры толығады. Сонымен қатар зейін, есте сақтау қабілеттерін, аудиовизуалдық мәтінді тыңдауда оқушының тыңдалымдық дағдысы дамиды.

Тыңдалым тапсырмаларын беруде қолданылатын цифрлық құралдың бірі- «Wizer.me» бағдарламасы. «Wizer.me» тегін, қолдануға оңай, тапсырмалар мен жаттығулары бар, соның ішінде бейнеролик негізінде әзірленген, интерактивті жұмыс парақтарын жылдам жасауға арналған жылдам құрал. Интерактивті жұмыс парағы (ИЖП) дегеніміз мұғалімнің бұлттық сервистер мен веб-құралдардың көмегімен білім алушылардың оқу қызметін ұйымдастырудың сандық құралы. Wizer қашықтан оқытуда оқушылардың үй жұмыстарын орындау, сыныпта компьютер мен интерактивтік тақтада тиімді жұмыс істеу мақсатында интерактивті жұмыс парақтарын құрастыруға және қолдануға мүмкіндік береді [43].

Wizer.me бағдарламасында интерактивті тапсырмаларды бірнеше тәсілмен құрастыруға болады: ашық сұрақ, бірнеше жауапты таңдау мүмкіндігі бар сұрақ түрлері, бейнероликке, суретке комментарий жазу, сәйкестендіру, реттілікті анықтау тапсырмалары, кестені толтыру, мәтіндегі бос орындарға қажет сөздерді қою, бос орындарды толтыруды көздейтін сандық диктант жаттығулары бар. Бейнероликтер мен суреттерді орналастыруға және оларға жазбалар немесе оқушыларға арналған тапсырмаларды бекітуге болады. Wizer-де жасалатын барлық дүниені оқушылар Google Класста қолдана алады. Не болмаса оқушыларға сілтеме жіберу мүмкіндігі бар. Бұл қызметтің үлкен артықшылығы — жұмыс парағына енгізуге болатын суреттер және бейнероликтермен жұмыс істеуге арналған үлкен мүмкіндіктер. Сервис платформасында дидактикалық материалды құрастыру бойынша педагогтердің бірлескен қашықтан жұмысын ұйымдастыру мүмкіндігі де бар. 8-сынып оқу бағдарламасындағы «Лексика сөздік қор және сөздік құрам» бөлімінде «Сөздік

қор мен сөздік құрам» туралы ереже берілген. Оқу мақсаты: (ӘТН. 8.4.3.1 - сөздік қор және сөздік құрам ерекшеліктерін түсініп қолдану).

2-тапсырма. «Сөздік қор мен сөздік құрам» туралы ережені мұқият тыңдап, «Түртіп алу» әдісі арқылы қажет ақпарат пен мысалдарды жазып алыңыз. Wizer-де берілген тапсырмаларды орындаңыз.

Білім алушы мұғалімнің өз дауысымен жазған аудиомәтінді тыңдайды, қажет ақпараттар мен мысалдарды түртіп алады. Ашық сұрақтарға (2.2. 30-сурет), тест сұрақтарына жауап береді (2.2. 32-сурет), ережені толықтырып, қажет сөздерді орнына қойып жазады (2.2. 31-сурет), ережеде айтылған мысалдар бойынша, қазақ тіліндегі көнеден келе жатқан байырғы сөздерді сәйкестендіреді (2.2. 33-сурет), сөздік қор мен сөздік құрамға тән белгілерді топтастырады (2.2. 34-сурет). Бұл тапсырмаларды орындауда оқушының танымы мен қызығушылығы артады. Себебі, кез келген оқушы үшін ережені жаттау немесе қолдану қиындық тудырады ал, осындай сандық бағдарлама арқылы оқыту оқушының сабаққа деген, ережені түсінуге деген белсенділігі артады.

Сөздік қор мен сөздік құрам

Тыңдалым мәтінін мұқият тыңдаңыз, қажет ақпаратты түртіп алыңыз.

0:00 / 0:00

Сөздік қор дегеніміз не?

В Ш П - 6 @ [] % 1 0m x x 0 [] []

Сөздік құрамдағы сөздердің негізгі ұйтқысы болып табылады. Сөздік қорға тілдегі барлық сөздерге ұйытқы болатын түбір сөздер, түркі тілдеріне ортақ байырғы сөздер, баршаға түсінікті сөздер

2.2 30-сурет. «Wizer.me» бағдарламасы. Тыңдалым тапсырмасы. Оқушы жауабы <https://app.wizer.me/preview/IENVE1>

Ережені толықтырып жаз

Тілдің негізгі _____ - сөздік құрамның өн
 тұрақты бөлігі, ондағы сөздердің негізгі _____

_____ басты белгісі-
 _____, онда _____
 _____ сипат басым келеді. Сөздік
 _____ ұйытқы
 _____ байытады
 қордағы сөздер _____
 болып, _____


2.2 31-сурет. «Wizer.me» бағдарламасы.
<https://app.wizer.me/preview/IENVE1>

Сөздік құрамға жатады

- ✓ Кірме сөздер
- ✓ Диалектилер
- с Тілдегі барлық сөздердің негізгі ұйтқысы саналатын түбір сөздер
- г Жалпыхалықтық сипат алған кірме сөздер
- е Байырғы төл сөздер


2.2 32-сурет. «Wizer.me» бағдарламасы. Оқушы жауабы
<https://app.wizer.me/preview/IENVE1>

Сәйкестендіріңіз




2.2 33-сурет. «Wizer.me» бағдарламасы. Сәйкестендіру тапсырмасы. Оқушы жауабы
<https://app.wizer.me/preview/IENVE1>

Сөздік қорға тән белгілерді және сөздік құрамға тән белгілерді ажыратыңыз




2.2 34-сурет. «Wizer.me» бағдарламасы. Топтастыру тапсырмасы. Оқушы жауабы
<https://app.wizer.me/preview/IENVE1>


Сонымен қатар, тыңдалым тапсырмаларын жоғарыда көрсеткенімдей «LearningApps» бағдарламасы мен «Liveworksheets» платформасында да құруға болады. Бұл платформаларда аутентті материалдарды енгізуге және сол бойынша тест, сәйкестендіру, қажетті сөздермен толықтыру сынды тапсырмаларды жасауға болады.



2.2 35-сурет. «LearningApps» бағдарламасы. Аудиовизуалды мәтін <https://learningapps.org/19907799>



2.2. 36-сурет. «LearningApps» бағдарламасы. «Сөйлем мүшелерін топтастыру» тапсырма <https://learningapps.org/19907799>



2.2 37-сурет. «Liveworksheets» платформасы. Аудиовизуалды мәтін <https://www.liveworksheets.com/3-bv870627ir>

Сұрақтарға жауап бер

1. Қызыл кітап деген не?


- А. Жер бетінде тым көбейіп бара жатқан аң-құстарды енгізуге арналған кітап
- Ә. Белгілі бір түрлердің жойылу қаупін сақтап қалуда арналған анықтамалық кітап

2. Неге оны «қызыл» деп атаған?

- А. Жануарлар мен өсімдіктерді көбейт деген мағынаны білдіреді
- Ә. Токта, жойма деген мағынаны білдіреді


2.2 38-сурет. «Liveworksheets» платформасы. Оқушы жауабы
<https://www.liveworksheets.com/3-bv870627ir>

3. Қызыл кітаптағы түрлі-түсті қағаздар нені білдіреді?



- Қашан да саны аз болып келген жануарлар тізімі
- Тіршілік ету ортасына қол жеткізілмеген түрлер тізімі
- Жойылып кеткен жануарлар мен өсімдіктер тізімдер беріледі
- Жойылып кету қаупінен аман қалған жануарлар мен өсімдіктер тізімі
- Жойылу қаупі бар жануарлар

2.2 39-сурет. «Liveworksheets» платформасы. Сәйкестендіру тапсырмасы
<https://www.liveworksheets.com/3-bv870627ir>



- Тіршілік ету ортасына қол жеткізілмеген түрлер тізімі
- Жойылып кеткен жануарлар мен өсімдіктер тізімдер беріледі
- Жойылып кету қаупінен аман қалған жануарлар мен өсімдіктер тізімі
- Жойылу қаупі бар жануарлар мен өсімдіктер тізімі
- Саны тез азайып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктер әлемінің өкілдерінің тізімі

2.2 40-сурет. «Liveworksheets» платформасы. Оқушы жауабы
<https://www.liveworksheets.com/3-bv870627ir>

Мәтін мазмұнын тыңдау-көру (аудиовизуалды) әдісі арқылы қабылдау мен түсіну білім алушының мәтінді дыбыстық жазба арқылы тыңдауына, және,

сонымен бір уақытта, мәтін мазмұнына сай іріктелген видеокөріністің көмегі арқылы көрнекі-образды ойлауының негізінде түсінуіне негізделген. Мәтін мазмұнына сай іріктелген видеокөріністер білім алушының қызығушылығын туғызады, видеокөріністі көру кезінде іске асырылатын көрнекі-бейнелі ойлау процесінің негізінде мәтін мазмұнын түсінуге көмектеседі. Жекелеген дыбыстар, буындар, сөздер, сөз тіркестерін ажыратуға арналған тапсырмалар, қысқа сұхбаттар, өмірден алынған әңгімелер, теле-радио жаңалықтары, бейнежазбалар, ән клиптері, көркем фильмдерден үзінділер, аутентикалық аудиомәтіндер – қазақ тілі сабақтарында орындалатын тапсырмалардың ажырамас бөліктері болып табылады. Мәтінді бұлайша қабылдап-түсінуде оқушылардың тыңдалымдық (аудитивті) дағдылары, көрнекі-бейнелі ойлауы қалыптасып, дамиды. Мәтінді оқыған диктордың (аутенттік тұлғаның) мәнерлі, құлаққа жағымды даусы да мәтін мазмұнының дұрыс қабылдануына белгілі бір дәрежеде психологиялық әсер етеді.

Айтылым-адамдар арасындағы тілдік қатынасты жүзеге асыратын сөйлесім әрекетінің бір түрі. Ол- тілдік қарым-қатынас барысында адамның өз ойын жарыққа шығару процесі, өз сөзін екінші біреуге ұнықты етіп жеткізуі [40].

Сөйлесу барысында кейбір біз әрекеттерді жиі қолданамыз және олардың тізімі төмендегідей:

1. Сөздерді дыбыстау
2. Сұрақтарға жауап беру
3. Интонацияны қолдану
4. Бірнәрсені түсінбеген жағдайда түсіндіріп беруді өтіну
5. Сөйлеген сөзін бақылау және өзін-өзі түзетіп отыру
6. Пікірталасқа қатысу
7. Сөйлеу барысында қажетті стильді қолдану
8. Диалогқа қатысу (әңгімеге араласу)
9. Адамдармен сәлемдесу
10. Сөйлеу сөзін жоспарлау (презентация жасау барысында)
11. Жест, мимиканы қолдану
12. Ақпаратты сұрау немесе айту
13. Грамматикалық тұлғаларды қолдану
14. Сөз және сөйлем екпінін қолдану
15. Сөйлеуші сөзін аяқтаған кезде, кезек алып сөз бастау
16. Оқиғаларды баяндап беру
17. Тілді сауатты қолдану
18. Сөйлемді қайта құрастыру (перифраза), яғни бірнәрсені айтып берудің басқа жолын қарастыру.
19. Сөйлеушінің сөзін бөлу
20. Сөйлеу барысында кідіріс жасап отыру [41].

Айтылым әрекетін жүргізудегі сабақ құрылымы мынадай:

1. Кіріспе: жаңа сабақ тақырыбын таныстыру және сол сабаққа қажетті жаңа сөздерді, тіл оралымдарын түсіндіру.


2. Негізгі бөлім: Жаңадан үйренген сөздер бойынша арналған тапсырмалар.
3. Бекіту бөлімі: оқушыларға тақырып аясында еркін сөйлеуге және үйренгендерін қолдануға мүмкіндік беретін тапсырмалардан тұрады. Мысалы, өзара диалог құру, пікірлесу, белгілі бір мәселені, тақырыпты талқылау.

Айтылым әрекетін орындатуда «Learnis» бағдарламасы тиімді. Бұл бағдарламада квест, викторина және видеокөрініс жасауға болады. Оқушыларға айтылым дағдысын меңгертуде квест ойынының пайдасы зор.


Бұл бағдарламада квест жасауға арналған арнайы шаблондар (бөлмелер) бар, олардың түстеріне қарай жасыл түс- күрделі, сары түс-орта деңгейдегі, қызыл түс-жеңіл, қарапайым сұрақтар құрастыруға мүмкіндік бар.

1-тапсырма. «Әлемнің әйгілі театрлары» тақырыбы бойынша берілген сұрақтарға өз ойларыңызды білдіріп, сұрақтарға жауап беріңіздер.


Білім алушылар квест ойыны арқылы, бөлмедегі жасырынған сұрақтарды тауып, жауап береді. Ол үшін бөлмедегі жасырын кодтарды тауып, солардың шешімін тапқаннан кейін сұрақтарды көре алады. Бұл тұрғыда оқушының тек қана айтылым дағдысы ғана дамымай сонымен қатар, логикалық ойлауы да жақсы дамиды.



2.2 41-сурет. «Learnis» платформасы. Квест ойыны
<https://www.Learnis.ru/740594/>



2.2 42-сурет. «Learnis» платформасы. Кодталған белгілер
<https://www.Learnis.ru/740594/>



2.2 43-сурет. «Learnis» платформасы. Тапсырма
<https://www.Learnis.ru/740594/>

2-тапсырма. Жарнама тақырыптарының мағынасын ашып, суреттерге байланысты сұрақтар құрастырыңдар. Сұрақтарға кезектесіп жауап беру үшін жұппен диалог құрыңдар.

Бұл тапсырманы орындау нәтижесінде оқушылардың коммуникативтілік құзыреттілігі артады, сөздік қоры көбейеді, өз ойын еркін жеткізуге дағдыланады.



2.2 44-сурет Инфографика

3-тапсырма. Оқылым мәтіні бойынша төмендегі сұрақтарға жұпта кезекпен жауап беріп, сұхбаттасыңдар.

Кестедегі берілген деректер бойынша жұмыс жасау кезінде оқушы мәтін бойынша ізденіп жұмыс жасауына тура келеді. Бұл тапсырманы орындауда оқушының сөйлеу дағдысы жетіледі сонымен қатар, шығармашылық қабілеті де артады. Сұрақтарға жауап беруде оқушы терең ойланады, жұбымен бірлесе колобративті жұмыс жасауға дағдыланады.

Сандар	Мәтінде неше күйшінің есімі аталады?
Сөздер	Мәтіннен 4 тірек сөзді ата
Адамдар	Мәтін кімдерге арналған
Сезімдер	Күй өнерін сипаттаған сөздер қалай әсер етті?
Табиғат	Әңгіменің табиғатқа қатысты қандай тұстары бар?
Әрекеттер	Күйшінің қимылын 3 сөзбен сипатта
Дыбыстар	Домбыра үнін 3 сөзбен сипатта
Көзқарастар	Күйшілік өнер туралы көзқарасыңды 3 сөйлеммен жеткіз

2.2 45-сурет «Creately» бағдарламасы

Қорытындылай келе оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым әрекеттерін жүргізуде сандық ресурстарды қолданудың ықпалы зор. Өйткені, біріншіден жалпы барлық оқушының сабаққа деген белсенділігі мен қызығушылығын оятса, екіншіден оқу үлгерімі төмен оқушы мен үлгерімі жақсы оқушымен деңгейлестіруде тиімді.

2.3 8 -сынып Қазақ тілін сандық ресурстар арқылы оқытудың эксперименттік нәтижелері

Зерттеу тақырыбына байланысты эксперименттік жұмыстар мынадай екі кезең бойынша жүргізілді: 1) зерттеу эксперименті; 2) оқыту эксперименті.

Оқыту эксперименті жалпы орта мектептің 8-сыныбында жүргізілді. Зерттеу эксперименті кезеңінде эксперименттік жұмыстарды жүргізудің мақсаты мен міндеттері анықталды; 8- сынып оқушыларына сандық оқыту бағдарламасын оқу үрдісінде қолданудың нәтижелері талданып, сараланды; жетістіктері мен кемшіліктері анықталды; зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, қазақ тілі пәнін типтік оқу бағдарламасының негізінде цифрлық бағдарламалардың көмегі арқылы оқытуға бағдарланған эксперименттік жұмыстар жүргізілді.

Эксперименттік жұмыстардың екінші кезеңінде оқыту эксперименті ұйымдастырылып, жүргізілді; эксперименттің нәтижесінде алынған деректер

мен мәліметтер өңделді; эксперименттік зерттеудің нәтижелеріне талдау жүргізіліп, ұсынылған болжамның дұрыстығы дәлелденді.

Зерттеу жұмысымының негізгі мақсаты 8-сынып оқушыларының қазақ тілін оқытуда оқушыларға тілдік дағдылардың барлық түрлерін (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) бір-бірімен байланыста меңгертуде оқу үрдісін ЦББР-дың көмегі арқылы ұйымдастырудың тиімділігін дәлелдеу болды.

Зерттеу эксперименті

Диссертациялық жұмыстың белгіленген мақсат-міндеттеріне сәйкес, *зерттеу эксперименті* мынадай реттілікпен жүргізілді:

- диагностикалық бақылау алынды;
- оқушылардың АКТ құралдарына деген қызығушылығы мен білімі туралы сауалнама алынды;
- оқу үрдісіне қажетті қосымша дидактикалық материалдар іріктелді;
- қазақ тілі пәнінің типтік оқу бағдарламасына сәйкес және сандық оқыту бағдарламасының мазмұны негізінде тапсырмалар жасалды;
- оқушыларға компьютерде цифрлық бағдарламамен жұмыс жасаудың жолдары көрсетілді;
- дайындалған жұмыс оқу бағдарламасының негізінде қазақ тілін оқыту сынақтан өткізілді;
- сынақ нәтижелеріне сүйене отырып, қазақ тілі оқу бағдарламасының тапсырмаларын цифрлық құрал бойынша толықтырулар енгізіліп, оқыту үрдісінде ұйымдастыруға бағыт-бағдар алынды;
- қазақ тілін ЦББР бағдарламалардың көмегі арқылы оқытудың әдістемесін дайындауға ұмтылыс жасалды.

Диагностикалық бақылау қазақ тілін дәстүрлі әдістер негізінде оқыту жағдайындағы оқушылардың тыңдалымдық, оқылымдық, айтылымдық, жазылымдық, лексика-грамматикалық дағдылары мен біліктерін анықтау мақсатында жүргізілді. Алынған бақылаулардың нәтижесі оқушылардың тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым түрлері бойынша дағдылары мен біліктері орташа деңгейде екенін байқатты.

Келесі кезекте алынған диагностикалық бақылаудың, сандық оқыту бағдарламасын сынақтан өткізудің, оқыту үрдісін цифрлық бағдарлама негізінде ұйымдастырудың нәтижелеріне және зерттеуде қарастырылған қазақ тілін оқытудың, оқыту үрдісін сандық интерактивті білім беру қорларын қолдану арқылы ұйымдастырудың ғылыми-теориялық, әдістемелік мәселелеріне сүйене отырып, оқыту экспериментін тиімді ұйымдастыру үшін оқу үрдісіне қажетті қосымша платформалар мен дидактикалық материалдар іріктелді. Атап айтқанда, оқушылардың айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым дағдыларын дамытып, жетілдіруге арналған оқу жаттығуларының жүйесі әзірленді. Мұндай қосымша дидактикалық материалдарды дайындауға мәтіндік тапсырмалар арқылы оқушылардың коммуникативтік, шығармашылық құзырлылықтарын дамытуға сандық бағдарламаның мүмкіндіктерінің ықпалы болды.

Оқушылардың сандық технологияны меңгерудегі икемділігі мен қызығушылығын саралау мақсатында «Менің АКТ-ға қызығушылығым» тақырыбында сауалнама алынды. Соның нәтижесінде оқушылардың АКТ-ға қызығушылығы-90 %, компьютерді қолдану икемділігі-50 % , интернет желісінен ақпараттарды еркін іздеу мүмкіндіктері-85% , қазақ тілі сабағында сандық құралдарды қолданудағы тиімділігі-62% ,жалпы сандық құралдарды қолдана алу мүмкіндігі-30 % көрсетті (2.3 Диаграмма 1).



2.3 Диаграмма 1. Сауалнама нәтижесі

Келесі кезекте оқу үрдісіне қажетті қосымша дидактикалық материалдар іріктелді, тілдік төрт әрекетті орындатуда қолданылатын цифрлық құралдар таңдалып, іріктелді. Атап айтқанда оқылым дағдысына арналған тапсырмаларды әзірлеуде «Quizizz», «Formative», «Socrative» бағдарламалары, жазылым дағдысын меңгертуде «Liveworksheets», «LearningApps» платформалары, тыңдалым тапсырмаларын беруде «Edpuzzle» , «Wizer.me» бағдарламалары, «Liveworksheets», «LearningApps» платформалары, айтылым әрекетне қолданылатын «Creately», «Learnis» платформалары арқылы қазақ тілі пәнінің типтік оқу бағдарламасына сәйкес және сандық оқыту бағдарламасының мазмұны негізінде тапсырмалар жасалды.

Зерттеу экспериментінің келесі кезеңінде эксперименттік топ оқушыларының компьютермен, цифрлық құралдармен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру мақсатындағы жұмыстар жүргізілді. Бұл жұмыстардың мазмұны оқушыларға сандық құралдармен жұмыс жасай білуді меңгертуді, сандық бағдарлама арқылы қарастырылған іс-әрекеттерді техникалық тұрғыда дұрыс орындай білуді меңгертуді қамтыды. Мысалы, сілтеме немесе кодты теру арқылы кіру, аты-жөнін жазу, уақытқа мән беру сынды түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Зерттеу экспериментінің келесі кезеңі дайындалған жұмыс оқу бағдарламасының негізінде қазақ тілін оқыту сынақтан өткізілді. Нәтижесі оқыту эксперименті бөлімінде көрсетілген.

Зерттеу экспериментінің келесі кезеңінде оқыту үрдісін ұйымдастыруда кеткен кемшіліктер, іріктелген қосымша дидактикалық материалдардың оқу мақсатына жетудегі тиімділігі мен тиімсіздігі талданып, сараланды, тиісті түзетулер енгізілді.

Зерттеу экспериментінің соңғы кезеңінде алдыңғы кезеңдерде қарастырылып, талданған, жүйеленген мәселелерді негізге ала отырып, қазақ тілін сандық ресурстар арқылы оқытудың тиімді әдістері әзірленді. Зерттеудің теориялық бөлімінде қарастырылған мәселелерге сүйене отырып, сөйлесім әрекетінің тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым түрлері бойынша дағдылар мен біліктерді қалыптастырып, дамытуды сандық оқыту бағдарламасының көмегі арқылы оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру негізінде іске асыруға болатындығы анықталды.

Зерттеу экспериментінің қорытындысы бойынша алынған нәтижелерге сүйене отырып, зерттеу жұмысының бірінші кезеңінде атқарылған жұмыстар барысында төмендегідей міндеттер орындалып, оқыту экспериментін ұйымдастыру үшін қажетті алғышарттар жасалды:

- 1) зерттеу эксперименті осы зерттеу жұмысында қарастырылған мәселенің ғылыми болжамының дұрыстығын тексеруге мүмкіндік берді;
- 2) зерттеу жұмысының негізіне алынған теориялық қағидаларды жүзеге асыру мүмкіндігі айқындалды;
- 3) оқушылардың өзіндік жұмыстары мен танымдық қызметін оңтайлы ұйымдастыруда сандық бағдарламаны қолданудың тиімділігі дәлелденді;
- 4) сандық бағдарламалар мен платформалар арқылы алынған түрлі жұмыстар мен жаттығулар кешенінің оқушылардың сөйлесім әрекетінің тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым түрлері бойынша дағдыларын дамытудағы тиімділігі мен маңыздылығы дәлелденді.


Оқыту эксперименті

Зерттеу эксперименті біткен соң, оқыту экспериментін ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді. Оқыту эксперименті мынадай реттілікпен жүргізілді:

- 1) бастапқы бақылауды жүргізу;
- 2) оқыту экспериментін өткізу;
- 3) қазақ тілін оқыту үрдісін сандық құралдар арқылы оқыту мен сандық құралдарсыз оқытудың нәтижелерін салыстыру;
- 4) сауалнама алу
- 5) 8-сынып қазақ тілі сабақтарында сандық ресурстар арқылы оқыту жөніндегі практикалық ұсыныстарды әзірлеу.

Эксперимент Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарғалы ауылы Әсет Бейсеуов атындағы орта мектепте жүргізілді. Оқыту экспериментіне 2 сынып,

барлығы 60 оқушы қатысты. Соның ішінде 30 оқушы эксперимент тобында 8 «Б» сынып, 30 оқушы бақылау тобында 8 «Г» сынып болды. Оқыту экспериментін бастамас бұрын, оқушылардың бастапқы білім деңгейін бақылау жұмыстары жүргізілді. 8 «Б» мен 8 «Г» сыныптарының білім деңгейлерін анықтау үшін 1-тоқсан басында нөлдік бақылау қиындылары алынды. Білім нәтижесін анықтау мақсатында алынған нөлдік бақылау қиындыларының көрсеткіші төмендегідей болды (2.3 Диаграмма 2)



2.3 Диаграмма 2

Екі сыныптың нөлдік бақылау нәтижесін саралай отырып, алдағы уақытта қазақ тілі сабақтарында сандық ресурстарды қолдану арқылы оқу бағдарламасының мазмұнындағы нақты тақырыптарды оқытудың мақсат-міндеттерін жүзеге асыру үшін сандық оқыту бағдарламасының мүмкіндіктерін анықтадым. Мысалы, сөйлесім әрекетінің тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым түрлерін меңгертуде және лексика-грамматикалық дағдыларды қалыптастыруда, оқушылардың логикалық ойлауын дамытуда сандық оқыту бағдарламасының мүмкіндіктерінің тиімділігі байқалды.

Келесі кезеңде «4 ТД» моделі бойынша оқу бағдарламасына сай, оқу мақсаттарын негізге ала отырып тапсырмалар алынды. Жаңа сабақты түсіндіруде қолданылатын иллюстративті, анимациялық цифрлық құралдар арқылы сабақтар ұйымдастырылды, зерттеу және іздеу әдісінде қолданылатын сандық құралдар арқылы білім алушылардан тапсырмалар алынды, оқушылардың білімі мен дағдыларын түзету әдісі бойынша оқушылардан сандық құралдар арқылы тест тапсырмалары алынды, рефлексия әдісі бойынша білім алушылардан цифрлық ресурстар арқылы кері байланыс түрлері алынды.

Жаңа материалды түсіндіру әдістері (Түсіндірме иллюстрациялық әдіс) бойынша білім алушыларға Emaze 3 D презентациясымен «Сөздердің байланысу түрлері» тақырыбы, Visme бағдарламасы арқылы «Көне түркі

жазбалары-баға жетпес құнды байлық» тақырыбы, Powtoon.com бағдарламасымен «Үстеу және оның түрлері» ережесін, Canva веб-графикалық дизайн бағдарламасымен «мақала түрлері мен жазу алгоритімін» түсіндіруде, Mindmeister ақыл-ой картасы арқылы «Жай сөйлемдердің айтылу мақсаты мен эмоциясына қарай бөлінетін түрлері» ережесі түсіндірілді. Эксперимент нәтижесіне қарасақ білім алушыларға 3 D презентация, анимациялық видео арқылы берілетін теориялық білімді сурет, сызба, ақыл-ой картасы, кестелермен жүйелеп, оқушыға визуалды әсер қалдыратын, танымдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін құрал екендігі анықталды. Себебі, оқушылардың әсіресе оқу үлгерімі төмен оқушылардың сабаққа қатысуы белсенді болды. Сабақ-барысында түсіндірілген материал бойынша барыншы сұрақтарға жауап берді және сабақ соңындағы кері байланыс пен тест нәтижелерінен байқасақ болады. Сабақ соңында алынған тест нәтижелері төмендегідей: (2.3 1-кесте)

Бақылауға алынған топтар	Оқушы саны	«5»	«4»	«3»	«2»	Жалпы сапа%
Эксперименттік топ 8 «Б»	30	5	15	10	-	67%
8 «Г»	30	2	12	16	-	47%
Бақылау топтары	60					

2.3 1-кесте Emaze 3 D презентациясы арқылы «Сөздердің байланысу түрлері» тақырыбы бойынша өткізілген сабақтың тест қорытындысы

Бақылауға алынған	Оқушы саны	«5»	«4»	«3»	«2»	Жалпы сапа%

топтар						
Эксперименттік топ 8 «Б»	30	6	16	8	-	73%
8 «Г»	30	3	14	13	-	57%
Бақылау топтары	60					

2.3 2-кесте Visme бағдарламасы арқылы «Көне түркі жазбалары-баға жетпес құнды байлық» тақырыбы бойынша өткізілген сабақтың тест

«4 ТД» моделі бойынша оқу бағдарламасына сай, оқу мақсаттарын негізге ала отырып тапсырмалар алынды. Соның ішінде «Quizizz» бағдарламасы арқылы білім алушылар «Қыранның балапаны» мәтіні бойынша оқылым тапсырмасын орындады. Мәтінді алдымен тұтас оқып, содан соң қырандар диалогін рөлге бөліп оқыды. Бағдарламада берілген ашық және жабық сұрақтарға жауап берді. Мәтін көлемді еді, сұрақтары да күрделі. Дегенмен, оқушылар үшін бағдарламада тапсырмаларды орындау қызықты болды. Себебі, тапсырма соңында рейтинг шықты яғни, жылдам әрі дұрыс жауап берген оқушыларға жүлделі орындар берілді, оқушыны ынталандыру мақсатында құттықтау мәтіні көрсетілді. Сонымен қатар, оқушылар уақыт арқылы жұмыс жасауға да дағдыланды. Ашық сұраққа 1 минут уақыт берілді, сол уақыт ішінде оқушы өз ойын жазды. Жабық сұраққа 30 секунд уақыт берілді, оқушы жылдам ойлануға дағдыланды.

Келесі «Formative» бағдарламасымен «Көне түркі жазбалары- баға жетпес құнды байлық» мәтінімен жұмыс жасады. Оқушылар мәтінді толық оқып, ашық және жабық сұрақтарға жауап берді, «Шын» немесе «Жалған» нұсқасын таңдады. «Бас әріппен жазылатын күрделі атаулар» ережесін өздері толық аяқтап жазып, сұрақтарға жауап берді. Бұл тапсырманы орындауда да оқушыларға әр сұрақтың деңгейіне қарай, арнайы уақыт берілді. Олар үшін бағдарлама арқылы мәтін талдау қызықты болды. Тапсырма соңында жіберген қателері бойынша жұмыс жүргізілді.

«Socratic» бағдарламасы арқылы оқушылар мәтінге талдау жасады. Үш түрлі тұтас, суретті мәтінді оқып, мәтін түрі, стилін, жанрын анықтады. Мәтіндегі факт пен көзқарасты ажыратты. Бағдарламамен жұмыс істеу оқушылар үшін тиімді болды. Білім алушы ойын ойнап отырғандай күйде болғанымен, ал шын мәнінде ол мәтінді оқып, талдап жатқанын сезбеген оқушылар да болды. Яғни, бұрын сабаққа белсенділік танытпаған оқушылар, цифрлық құралдар арқылы берілген тапсырмаларды орындауда белсенділік танытты.

Оқылым әрекеті бойынша алынған тапсырмалар нәтижесіне қарасақ (2.3 Диаграмма 3)



2.3 Диаграмма 3

Жазылым тапсырмаларын орындауда «Liveworksheets» платформасы мен «LearningApps» платформасы қолданылды. Оқушыларға бұл платформаларда жұмыс жасау ыңғайлы болды. Өйткені барлық жаттығулар бір парақта орналасты. Сол себепті білім алушылар жүйелі түрде жазылым тапсырмаларын орындады. Жазылым әрекеті бойынша алынған тапсырмалардың қорытындысына қарасақ оқушылар үшін платформада жұмыс жасау тиімді болғанын байқаймыз. Жазылым критерийлеріне сай тапсырмаларды орындады, бағдарлама интерфейсі әріптер және таңбалармен жұмыс жасауда кедергі болған жоқ. Қазақ тілді әріптерді оқушылар еркін қолдана алды. Жазылым тапсырмасы ол күрделі процес. Оқушының ой еңбегін және шығармашылық қабілетін талап етеді. Ал, сандық құралдар арқылы жазылым тапсырмаларын беруде белсенділігі төмен оқушылардың өзі бұл үдеріске қатысады. Ол эксперимент нәтижесінде байқалды.



2.3 Диаграмма 4

Тыңдалым дағдысын жетілдіруде сандық бағдарламалардың тиімділігі мол. Көбінесе оқушылар аудиовизуалды мәтіндерді жақсы қабылдайды оны мына диаграмма нәтижесінен байқай аламыз. Оқушылар үшін сандық құралдар арқылы тыңдалым тапсырмаларын орындау қиындық тудырған жоқ. Білім алушылар тыңдалым мәтінін тыңдау барысында сұрақтарға жауап беріп отырды, нақты ақпараттар мен қосымша ақпараттарды анықтап отырды. Сондай-ақ, тыңдалымнан кейінгі тапсырмаларды орындауда да оқушылар жақсы нәтиже көрсетті.



2.3 Диаграмма 5


Айтылым тапсырмаларын орындауда, оқушылардың сөйлеу дағдысының жетілуіне білім алушылар үшін сандық ресурстардың пайдасы зор. Оның дәлелі айтылым бойынша алынған тапсырмалардың қорытындысында көрініп тұр. Зерттеу барысында сандық құралдар арқылы айтылым тапсырмасын

беруде оқушылар бір-бірлерімен коллобративті түрде жұмыс жасайды, оқушы-оқушы, оқушы-мұғалім диалогтік қатынасқа түседі.



2.3 Диаграмма 6

Екі топтағы білім алушылардың орындаған жұмыстарын сараптап, нәтижелерін талдай отырып төмендегідей мониторинг нәтижелері шығарылды. Қорытындыға назар аударсақ сандық бағдарлама арқылы оқушылардың тілдік дағдыларды жақсы меңгергенін байқаймыз. Демек, оқыту үрдерісінде цифрлық құралдарды қолдану арқылы оқушылардың білім деңгейінің жоғарлануына ықпалы мол.



2.3 Диаграмма 7

Эксперимент соңында «Менің АКТ-ға қызығушылығым» сауалнамасы қайта алынды. Сауалнама нәтижесіне сүйенсек оқушылардың АКТ-ға қызығушылығы артқанын байқаймыз.



2.3 Диаграмма 8

Қорыта айтқанда, эксперименттік топ оқушыларының сандық бағдарламамен өзіндік жұмысы барысында олардың мәтін мазмұнын түсініп-қабылдау, мәтіндегі негізгі ойды анықтау, мәтіндегі логикалық байланысты дұрыс анықтауға қатысты тыңдалымдық және оқылымдық дағдылары; сөздерді орфоэпиялық нормаға сай айту, сөйлемді сөз екпінін, ой екпінін сақтап, дұрыс ырғақпен, интонациямен оқуға байланысты айтылымдық дағдылары; сөздерді қатесіз, сауатты жазуға байланысты жазылымдық дағдылары; сөз мағынасын дұрыс ажырату, сөздерді мағынасына қарай сөйлемде дұрыс қолдануға байланысты лексикалық дағдылары; сөз бен сөзді дұрыс байланыстыру, сөздің грамматикалық тұлғаларын сөйлемде дұрыс қолдану, сөйлем құрастыра білуге байланысты грамматикалық дағдылары тез қалыптасып, жетілді.

Сабақтардың тілдік дағдыларды жетілдіру кезеңіндегі сандық бағдарламамен өзіндік жұмысы барысында оқушылар көп нәрсеге қол жеткізді: қысқа уақыт ішінде тыңдалымдық, оқылымдық, айтылымдық, жазылымдық, лексика-грамматикалық дағдылары қалыптасты; өзін оқу қызметінің субъектісі ретінде сезінді; оқу үрдісін ұйымдастырудағы жағымды психологиялық ахуалдың арқасында еркіндікті сезінді (компьютер ұрыспайды; айқайламайды; білмей қалса; білмегенін қайта қарауға болады; тапсырманы дұрыс орындамаса, қайта орындауға болады; оқытушыдан, жолдастарынан көмек сұрауға болады; т.б.).

Қорытынды

Менің зерттеу жұмысымның негізгі мақсаты қазіргі заман талаптарына сай ақпараттық, сандық технологияның дамыған кезеңінде оқушылардың цифрлық білімдерін арттыруда қазақ тілі пәнін сандық ресурстар арқылы оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері жүйесін іздестіруден туындады.

Жалпы білім беретін мектепте 8 сынып қазақ тілі курсы оқытуда оқушының ақпараттық мәдениетін қалыптастыру үшін жасалған тәжірибенің нәтижесінде оқушылар қоғамдағы ақпараттың рөлі мен мән мағынасын, ақпараттық технологиялардың маңызын түсінді, бағдарламалардың қызметін, және оларды дұрыс қолдана білу амалдарын үйренді және де ақпараттық мәдениетті енгізу мақсатына бағытталған түрлі деңгейдегі тапсырмаларды шешу қабілетіне ие болды.

Диссертациялық жұмыс барысында оқушыларға тиімді әрі қызықты сабақ өткізу мақсатында бірнеше бағдарламаларды зерттеп, қарастырып, қолданып көрдім. Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін келесі мәселелер шешілді:

- сабақ барысында қолданылған бағдарламалардың барлық мүмкін компоненттерін қарастырылды;
- ақпараттық технологияларды тиімді және дұрыс бағытта қолдану;
- қолданылған компоненттердің тиімді әдіс қолданысын талдау, олардың қолайлығын дұрыс бағытта қолдану.

Диссертациялық жұмыстың нәтижесінде айқындалған қорытындыға сәйкес ақпараттық технологияларды пайдалану, соның ішінде жалпы білім беретін мектептегі оқыту жүйесінде қазақ тілі курсы оқытуда қолдану оқушының ақпараттық мәдениетінің қалыптасу деңгейінің жоғарылағанын көрсетті.

Диссертациялық жұмысты жазу барысында мәселенің айқындалған жақтары келешекте білім беру мекемелерінде білім беру үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру, оқушылардың сабақ барысындағы білім деңгейін, шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған бағдарламалар әзірлеу, оқу үдерісіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізу бағытындағы жұмыстарды зерттеуге негіз бола алады.

Жалпы ақпараттық технологияны сабақ барыстарында оқушыларға қолданғанда, қызығушылығының артқанын байқадым. Және де осы диссертациялық жұмыстың нәтижесінде мынаны байқадым:

1. Жеке тұлғаның ақпараттық технология негіздерімен сауаттылығын арттыру арқылы қазақ тілі пәнінен алған білімі не үшін керек?
2. Пәнге деген қызығушылығы артады, құлшыныс, жігерін оятады;
3. Шығармашылық қабілеттері артады;
4. Өз күш-жігеріне сенімділік, ширақтық пайда болады;
5. Жылдам ойлауға машықтанады, білім сапасы артады;
6. Оқушылар өз бетімен жұмыс істеуге дағдыланады;

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сәйкес мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасымыз атап көрсеткендей, жас ұрпаққа білім берудің жолында оқу үдерісін ақпараттандыру және оның тиімділігін арттырудың маңызы үлкен деп білемін.

Қандай да болмасын білім бағдарламасының табысты әрі жеткілікті орындалуы тікелей білім берушіге байланысты болады. Оның кәсіби шеберлігі сабақта орындауға болатын бағдарламаны да, оқу жоспарын да ең жоғарғы деңгейде іске асыруына ықпал ете алады, ал оқытушының кәсіби дәрменсіздігі, оқушының назарын өзіне аударта алмауы, қызығушылық тудыра алмауы істі құлдыратады. Ақпараттық технологияларды тиімді пайдалана отырып, шетелдік білім жүйесінен қалыспайтын, дүниежүзілік бәсекеге қабілетті еліміздің білімді-білікті, ой-өрісі кең жас ұрпақ тәрбиелейтінімізге әрқашанда сеніміміз мол болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 жылғы 1 қыркүйек. <https://www.akorda.kz/kz>
- 2 Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру // Егеменді Қазақстан газеті – Алматы, 2017. – №10 (78). – б. 1-2
- 3 «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №827 қаулысымен бекітілген (ҚР Үкіметінің 20.12.2019 №949 қаулысымен өзгертілген). <https://adilet.zan.kz/>
- 4 Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасы. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жарлығымен 22.09.1997 ж. бекітілген.
- 5 Элен Битэм, Рона Шарп. Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. ХХІ ғасырдағы оқыту дизайны. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. – 2019 жыл. – 328 бет
- 6 Балафанов Е.К., Караев Ж.А. Анализ тенденций развития дистанционного обучения. Вестник; 1998; № 2; стр. 140-148
- 7 Мухлис К.Ж. Өзгетілді мектептің 7- сыныбында қазақ тілі мәтіндерін компьютермен оқыту әдістемесі; пед. ғыл. кандид. дисс.; А.; 2006
- 8 А.А.Курышжанова. Лингвистическое обеспечение компьютерных программ по казахскому языку. Автореф. дисс.канд. пед. наук; А.; 1999
- 9 Бидайбеков Е.Ы. Информатизация образования в Казахстане. Алматы; изд. АГУ; 1998; стр.26
- 10 Кунанбаева С.С. и др. Методическая подготовка студентов в условиях информатизации теории и методики обучения иностранным языкам. Алматы; 2000; стр.150
- 11 Досмаханова Ә.А. Қазақ тілін мультимедиалық бағдарлама арқылы оқыту әдістемесі. Автореф.дис.канд.пед.наук; А.;2008
- 12 Мулдабекова К.Т. Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру. фил.док.дисс. Алматы, 2014
- 13 Оралбекова А.К. Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға даярлау. фил.док.дисс. Алматы, 2017. – 185 б.
- 14 Самашова Г.Е. Ақпараттық технологиялар арқылы студенттерді іс қағаздарын жүргізуге оқытудың педагогикалық шарттары. пед.ғыл.канд.дисс. Қарағанды, 2007.
- 15 Құрманова Б.Ж. Жоғары оқу орындарында қазақ тілін ақпараттық технологиялар жүйесімен оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: п.ғ.д. ғылыми дәрежесін алу үшін дайынд. диссертация авторефераты. – Көкшетау, 2010.

- 16 Нурманова Г.Н. Қазақ тілін оқытуда филолог-студенттердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері: ф.ғ.д. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация жұмысы. Алматы, 2022
- 17 Садыбекова Ж. Оқу-тәрбие үрдісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану қажеттілігі // Информатика негіздері. – №4. – А., 2008. – 78-79 бб.
- 18 Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т., Берикханова А.Е. Педагогика. Оқулық. – Алматы: ОНОН. 2017. – 340 б.
- 19 Джанзакова Ш.И., Дамуов Н.Ғ., Сулейменова Ж.У., Муканова Г.С. Цифрлық білім беру ресурстарын пайдалануға болашақ мұғалімдердің даярлығын қалыптастыру ерекшелігі. Хабаршы ҚазҰПУ // «Психология» сериясы, №3 (64) 2020ж
- 20 Балыхина Т.М., Гарцов А.Д. Информатизация обучения языкам: становление компьютерной лингводидактики. В жур. «Высшее образование сегодня»; №4/2006; стр.32-38
- 21 Жумажанова С. Развитие STEM-образования в мире и Казахстане. "Білімді ел - Образованная страна" №20 (57) от 25 октября 2016 г.
- 22 Кеңесбаев С.М. Болашақ мектеп мұғалімдерін жаңа ақпараттық технологияны пайдалануға дайындаудың мақсаты, мазмұны және принциптері. Педагогикалық білім беру сапасын дамытудың өзекті мәселелері мен болашағы, халықаралық ғылыми-практикалық конференция, 18-19 мамыр, 2004 ж., Алматы, 20-23 б., КазНПУ им. Абая.
- 23 Максимовская М. А. Информационное управление школой // Информатика и образования — 2003 ж., — № 11
- 24 О.И.Бахтина. Информатизация гуманитарного образования. Советская педагогика; №1/1990; стр.34-39
- 25 Есенисова А.Қ. Психология: Оқу құралы. А.Қ.Егенисова. Ақтау, 2010. – 185 бет
- 26 Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж.
- 27 Машбис Е. И. Психолого – педагогические проблемы компьютеризации обучения. — М., Просвещение, 2006 г.
- 28 Горбунова Л.И., Субботина Е.А. Использование информационных технологий в процессе обучения // Молодой ученый – 2013 ж., - №4. – С 544-547
- 29 Апатова Н.В. Информационные технологии в школьном образовании. - М.: «РАО», 2009 ж., - 228 с.
- 30 Шолпан Бексариева. Ақпараттық технологияны қолдану арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру // МИФ – 2018 ж., №1. – 44 б.
- 31 Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения. — М., 2008 ж., Концепция информатизации образования // Информатика и образование. — 2009 ж., — №1.

- 32 Халықова К.З., Абдулкерімова Г.А. Педагогикалық информатика /білім беруді ақпараттандыру. –Алматы, 2007 ж.,
- 33 Дюсембаева Р.Ш. Padlet- онлайн тақтасын құруға арналған тегін платформа https://ust.kz/word/padlet_online_taqtasyn_quryga_arnalghan_tegin_platforma-208968.html
- 34 Аствацуров Г.О. CORE — отечественный конструктор интерактивных уроков. Сайт Дидактор. Педагогическая практика. [Электронный ресурс] Режим доступа: <http://didaktor.ru/core-otechestvennyj-konstruktor-interaktivnyx-urokov/>
- 35 Ирина Салина. Как организовать дистанционное обучение с CORE. Журнал CORE. (31.03.2020) [Электронный ресурс] Режим доступа: <https://live.coreapp.ai/journal/tpost/h493k85g61-kak-organizovat-distantionnoe-obuchenie>
- 36 Тусипбаева Акмарал. «Kahoot.it сайты арқылы тест құрау» [Электронный ресурс] Режим доступа: https://ust.kz/olimpiada?doc_id=140746&type=1#panel_download_d
- 37 Дьюи Д. Психология и педагогика мышления. – М.: Совершенство, 1997. – 208 с.
- 38 Әлімов Асхат. Кері байланыс (рефлексия) туралы. [Электронный ресурс] Режим доступа: <https://kazbilim.kz/?p=3793>
- 39 Муталиев Серикгул. Сабақта қолданылатын рефлексиялық қызмет түрлері. [Электронный ресурс] Режим доступа: <https://bilimainasy.kz/21-22-02-13/>
- 40 Оразбаева Ф.Ш. Тіл әлемі: мақалалар, зерттеулер.-Алматы: Ан-Арыс, 2009. – 368 бет
- 41 Ақсұлу Құлмағамбетова. Тілдік төрт дағды бойынша белсенді оқыту тапсырмалары, оқу-әдістемелік құрал. – 2014. - 54 б.
- 42 Платформа Quizizz.com как уникальный веб-инструмент для проведения экспресс-опросов, тестов и викторин по различным предметам [Электронный ресурс] Режим доступа: <http://www.avia-college-uu.ru/wp-content/uploads/2020/05/teaching.pdf>
- 43 Баймусаев Шерхан. Қалыптастырушы бағалауға арналған тиімді интернет ресурстары. [Электронный ресурс] Режим доступа: <https://bilimainasy.kz/>
- 44 Liveworksheets платформасында интерактивті тапсырмаларды дайындау. [Электронный ресурс] Режим доступа: <https://melimde.com/liveworksheets-platformasinda-interaktivti-tapsirmalardi-dajin.html>
- 45 Түгелтаев Айболат. LearningApps сервисін қалыптастырушы бағалау құралы ретінде пайдалану. [Электронный ресурс] Режим доступа: <https://bkokdi.kz/kz/smartconf2018/2-section/4194-conf.html>
- 46 Н.Аманкелдіқызы. Информатика пәнінде ақпараттық технологиялардың орны // Информатика негіздері. 2015 ж. №1. 2 б.
- 47 Ақпараттық технологияларды қолдану арқылы оқушылардың белсенділігін дамыту сипаты мен ерекшелігі. Алматы, Хабаршы. – 2010 ж., №20
- 48 Тен А. С. Новые тренды в современном образовании. Электронный ресурс:URL:<http://zkoipk.kz/ru/2016smart3/2541-conf.html>